Бұл мақалада авторлар спортшыларды даярлауда және оқу орындарында «Дене тәрбиесі» пәні бойынша студенттермен жұмыс жүргізу барысында кейінгі кездері сұраныстан қалып бара жатқан спорт психологиясының міндеттерін қарастырады. Қарым-қатынас орната білу мәдениетінің аса жетіспеушілігіне байланысты студент жастардың әлеуметтік оқшаулануы одан әрі ұлғайып, әрі оқытушы мен студент арасындағы өзара түсінушіліктің күрделене түсуі, рухани-адамгершілік ахуалға жалпылама қауіп төндіретіндіктен, психолог функциясын оқытушы мен жаттықтырушы атқаруға тура келуде. Олар өз кезігінде жаттығушылармен байланыс орнату барысында психологиялық қиындықтарға жолығуда, өйткені студенттерді спорттық жетістіктерге жетуге бағыттау тұрғысында ғана кеңес беріп қоймай, олардың жеке мәселелеріне қатысты да, эмоционалдық даярлық тұрасында да бағдар берулеріне тура келуде. Мақала дене тәрбиесі сабақтары мен спорттық жаттығулар кезінде оқытушылар мен студенттер арасында қарым-қатынас орнату, әрі өзара байланыс жасау мәселелері жөніндегі зерттеу материалдарынан және де студенттер арасында жүргізілген сауалнамаға қатысты жүргізілген талдау материалдарынан құрылған. Авторлар тәлімгердің негізгі міндеттері мен студенттердің психологиялық қарым-қатынас орнату ерекшеліктерін нақтылы атап көрсетеді. Сонымен бірге күрделі тұстары мен тауқыметті тұстары көрсетіліп, оларды болдырмау тұрасындағы ұсыныстар мен нұсқаулықтарды жүйелей білген.

Түйін сөздер: байланыс, өзара түсінушілік, психологиялық даярлық, қарым-қатынас, сенім арту, тәлімгер.

Abstract

Krukova G.V., Zinovieva L.V. – Almaty branch of the St. Petersburg Humanitarian university of Trade Unions

Psychological aspects of the relationship between teachers and students during physical education classes

In the current article, authors discuss psychological challenges in sports, which, unfortunately, has become an unpopular element in an athlete's training program and in scholar programs of Physical Education. Due to an acute lack of communication culture threatening the spiritual and moral climate of the community in general and students in particular, the exclusion of the latter is reinforced and communication between students and their teachers has become more complex. Most of the times, teachers, instructors and coaches play the role of psychologists to their students or athletes, which often leads to the fact that teachers themselves experience psychological difficulties when dealing with students and their concerns, as it becomes necessary to advise the students not only in the sporting area, but also in emotional and personal matters. Furthermore, this article contains research and analysis material of a survey conducted among students with regards to their communication habits with teachers of Physical Education or sports coaches. The authors outline teachers' main tasks and psychological features of the relationship with the students. Additionally, several suggestions to the presented difficulties and problems are formulated.

Keywords: communication, contact, relationship, psychological disposition, trust, mentor.

К.М Метербаева¹

А.Закарьянова²

^{1,2}Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ СИПАТТАЛУЫ

Бұл ғылыми мақалада толеран, толеранттылық мінез-құлық туралы теориялық зерттеулер қарастырылады. Толеранттылық және толеранттылық мінез-құлықты қалыптастыру мектепке дейінгі білім беру ұйымынан басталатыны туралы айтылып, оның жолдары нақтыланады.

Толеранттықты жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың басқа адамдармен қарым-қатынасынан көрініс табатын психологиялық немесе әлеуметтік- психологиялық мінез-құлық ретінде; қазіргі қоғамның аса маңызды құндылықтарының бірі ретінде; тәуелсіздікке, дербестікке, идеяларды зорлықпен тануға жол бермеу ретінде қарастырылады.

Ғалымдардың еңбектерін талдау нәтижесінде мектепке дейінгі жаста балаларда мінез-құлықтың агрессивтіліктің болуына мүмкіндік беретін белгілі бір ішкі жағдайлары қалыптасатындығы туралы ой-тұжырымдар берілген. Құрбыларының назарын өзіне аударуға талпыныс; басқаның ар-ұятын өзінің артықшылығын көрсету үшін таптау; қорғаныс және кек; басшы болуға талпыныс; өзі тілеген затты алуға талпыныс, т.б. агрессивтіліктің себептерінің болатындығын көрсетеді.

Түйін сөздер: «толерант», «толеранттық», «толеранттық мінез-құлық», «мінез-құлық мәдениеті», «интолеранттылық»

Қазақстан Республикасында 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген Қазақстандық отансүйгіштікке, толеранттыққа, жоғары мәдениетке, адам бостандығы мен құқығына, сыйластыққа тәрбиелеу басты міндет болып отыр.

Толеранттылық ұғымы философия, этика, саясаттану, медицина, педагогика, психология ғылымдарының зерттеу пәні болып табылады. Сондықтан толеранттылық ұғымының түрлі ерекше және жалпы жақтары бар. Толеранттылық ұғымының мазмұныны барынша ашу тұлға үшін және қоғам үшін күннен күнге өзекті бола түсуде.

Толеранттылық мәселесі сонау ерте заманнан басталған. Бірақта толеранттық ұғымы ізгілік, рақым, шыдамдылық, төзімділік, адамгершілік идеялары негізінде көрініс тапқан.

Қазіргі әдебиеттерде «толеранттық» ұғымының түрлі классификациясы ұсынылған.

Толеранттық - [лат. *Tolerencia* - төзімділік] - айырмашылықтарды мойындау, сыйлау; өзінен өзге сенімдегі, көзқарастағы, мінез-құлықтағы басқаның құқын мойындау арқылы қақтығыстардың шешімін табу мүмкіндігін іздестіруге апаратын адамның күнделікті тұрмыста басшылыққа алып отыратын өнегелік жүріс-тұрыс ережесі. Көбіне толеранттық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білу түсініледі. Толеранттық жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың басқа адамдармен немесе әлеуметтік топтармен қарым-қатынасынан көрініс табатын психологиялық немесе әлеуметтік-психологиялық мінез-құлық ретінде; қазіргі қоғамның аса маңызды құндылықтарының бірі ретінде; тәуелсіздікке, дербестікке, идеяларды зорлықпен тануға жол бермеу ретінде; адам еркіндігін шынжырлайтын діни, этникалық, нәсілдік нанымдарды жоққа шығарушы ретінде қарастырылады [1]. Басқалардың пікіріне, сеніміне, тәртібіне шыдамдылық көрсету. «Толеранттылық – бейбітшілікке жетуге мүмкіндік беретін және соғыс жағдайынан бейбітшілік жағдайына жеткізетін дүние», - деп 1995 жылы (БҰҰБҒМҰ)-ның бас Конференциясында қабылданған толеранттылық қағидаттары жөніндегі Декларациясында айтылған. Толеранттылық – дегеніміз бейбітшілікті қалау қасиеті, сонымен қатар этникалық, діни, саяси, конфессионалдық және жеке адамдар арасындағы келіспеушіліктерге, жас және гендерлік

айырмашықтарға қатысты шыдамдылық таныту және «өзге адамдардың» өмір сүруге тең құқылы екендігін мойындау болып табылады. Толеранттылық – ол адами рақымшылдық: түрлі адамдар мен идеялар әлемінде өмір сүру. Көптеген сарапшылар толеранттылық мәселесін тәрбие саласына, яғни қарым-қатынас мәдениетіне жатқызады. Олай ойлаудың өз себебі бар, өйткені толеранттылық жеке бір қасиет емес, ал тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің нәтижесі. Ал тұлғаның жетілуі тәрбиемен, қатынаспен және біліммен тікелей байланысты. Толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәселесі тек балабақшада ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамда орын алатын маңызды мәселелердің бірі.

Педагог-ғалым Н.Қ. Токсанбаева толеранттылыққа қарама-қарсы қайшылықтардың (интолеранттылық) адамзат тарихының барлық кезеңінде де болғаны рас. Интолеранттылық шыдамсыз, үрейлі адам, кінәні өзінен емес басқа адамнан іздейді. Сондай адамдардың өмірде жиі кездесуі қоғамда түрлі проблемаларды тудыруға ықпал етеді. Сондықтан толеранттылыққа тәрбиелеу әрбір отбасында өз бастауын алуы бүгінде басты мәселеге айналуы тиіс деп ой тұжырымын береді [2].

«Толеранттық» ұғымына теориялық тұрғыдан В.А. Лекторский, М.Б. Хомяков, Е.К. Быстрицкий, Н.М. Брусов, В.В. Шалин және т.б. ғалымдар талдау жасап, өз ой-тұжырымдарын берген.

Субъектілер арасындағы қарым-қатынастың көрінбеуі мүмкін екендігін қарастыра келіп, В.А. Лекторский толеранттықтың потенциалды формалары ретінде көңіл бөлмеу мен түсінушілікті көрсетеді. Толеранттықты түсіністік ретінде қарай отырып, ол түрлі көзқарастар мен практикалардың қалыптасу мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді, себебі олар қоғамдағы негізгі мәселе ретінде қарастырылмайды. Толеранттықты түсініспеушілік тұрғысынан қарай отырып, мұнда толеранттылық өзгенің осал жеріне ұнатпай қарағанымен, оны түсінуге болатындығы атап көрсетіледі. В.А. Лекторскийдің пікірінше, толеранттық жеке тәжірибе мен сыни диалогтың кеңеюі арқылы терең мәнге ие болады. Бұл жағдайда ол сыни диалог нәтижесінде өзгенің ұстанымына сыйластықпен қарай отырып, өз пікірлерін өзгерту, соның нәтижесінде ортақ келісімге келу, өркениеттің даму барысында кездесетін қиындықтарды шешуге ортақ шешім қабылдау түрінде көрінеді [3].

М.Б. Хомяков күнделікті қолданыстағы «шыдамдылық» толеранттықтың дамымаған, толық емес формасы деп атап көрсетеді [4].

Ол қазіргі таңда толеранттықты шыдамдылықпен араластыру мүлде дұрыс емес деп таниды. Бір жағынан алып қарағанда қазіргі заманғы қоғамда толеранттық өзгеге белсенді қарым-қатынас ретінде қызмет атқаруы мүмкін. Ал екінші жағынан бұл өзгелердің этникалық, діни ерекшеліктеріне, күшті не әлсіздігіне қарамастан оның құқығы мен еркін саналы түрде мойындау болып табылады. Басқаша айтқанда, толеранттық қазіргі заманғы түсінікте өзге әсерлерге қарамастан өмір сүру әрекеті дегенді білдіреді.

Е.К. Быстрицкийдің пікірінше, толеранттық өз ішінде белгілі стандарттар мен өлшемдерден ауытқушылықтарды да қамтиды және шыдамдылықтың, өзін-өзі бақылаудың, шектеудің белгілі қабілеті болып табылады. Толерантты болу, яғни өзінді бір нәрсеге немесе біреуге қатысты шектеп отыру. Өзін-өзі шектеу ерік-күштің көрсеткіші [4].

Н.А. Бусова толеранттық ұғымын ашуда субъектілік қатынастарға көп көңіл бөледі. Оның пікірінше, толеранттық күштінің әлсізге қарым-қатынасы барысында көрінеді. Өз құқығы үшін күрес жолына түскен аз топ толеранттыққа бейімсіз болады. Себебі олар тек жай ғана өзін тыңдатуға, өз көзқарасын білдіруге ғана емес, өздерінің жайсыз жағдайларына түрткі болған нормалар мен қағидаларды жоққа шығаруға ұмтылады [5].

В.В. Шалин толеранттықтың қазіргі әлем жағдайындағы мәдени құндылықтармен, біліммен, саясатпен үйлесімін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдайса, А.Г. Асмоловтың пікірінше толеранттылық өзара бәсекелес мәдениеттер арасындағы өркениетті келісім және өзгешелікті, әртүрлілікті сақтаудың жағдайы болып табылатын өзге қисындар мен көзқарастарды қабылдауға дайындық. Бұл жағдайда толеранттықтың сипаты төмендегідей болып табылады [5]:

Біріншіден, шыдамдылық көрсету, өзін-өзі ұстау, бейбітшілікті сүю, өзгенің пікіріне, мінез-құлқына шыдау;

Екіншіден, қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаға бейімделетіндей жоғары адаптивтік қабілеттердің көрінісі;

Үшіншіден, қақтығыс жағдайларынан бейбіт жолмен шығу. Бұл проблемаға Саха Республикасы (Якутия) ғалымдарының қызығушылығын атап өту керек. (Е.М. Махаров, В.Д. Михайлов, А.Г. Новиков, Т. Михайлова, А.П. Оконешникова және басқалар).

Е.М. Махаров толеранттықты әмбебап рухани-әдептілік және саяси қағида ретінде қарастырады [5]. Ол мынадай сипатқа ие:

Біріншіден, белсенділік, себебі оған болып жатқан барлық нәрселерге, мысалы, салқынға, аштыққа пассив қарау мүмкін емес. Зерттеушінің пікірінше, оның құлықсыздықпен, шешімсіздікпен ешқандай ортақтығы жоқ. Бұл қағиданың өз жақтастарының болуы өз позициясының болуымен, белгілі бір қағидалары мен идеалдарымен анықталады.

Екіншіден, толеранттық бітімгершілікті, саналы түрде бас тартуды, қарым-қатынасқа әр уақытта дайындықты білдіреді. Оған өз ұстанымын қайта қарауға икемділік тән. Ол бір нәрсеге қадалған табандылықты, соның ішінде өзінің қағидалары мен көзқарастарын міндеттеуді жоққа шығарады.

Үшіншіден, толеранттық екі жақтың паритетіне негізделеді және бір жақтың екінші жақтың жақтаушысы болғысы келетін патернализмін жоққа шығарады.

Төртіншіден, толеранттықтың монополизммен, яғни өз ұстанымын басқалардың пікірінен жоғары қоюға тырысу сияқты қасиетпен еш байланысы жоқ. Ол өзге пікірдің де бар екендігін, өзге тұлғаның ерекшеліктерін және құндылықтарын көрсетеді. Ал бұның маңыздылығы сенім, теңдік және бір-біріне шыдамдылық атмосферасын орнатудан келіп шығады. Кез-келген басқа пікірлерге тітіркенушілік, өз қарсыласын нақты деректермен тойтара алмау келісімге жету жолында және жаңа тың идеяларды тудыруда үнемі кедергі келтіріп отырады.

Ұлтаралық қақтығыстарды шешудің бір формасы ретінде П.З. Тобуков толеранттықты қарастырды. Осыған орай негізінде ол төмендегідей жағдайларды атап көрсетеді:

Біріншіден, толеранттық бірін-бірі өзара байытатын, берік және жан-жақты этникааралық тәуелділіктердің болмауына қарамастан полиэтникалық мемлекеттегі ұлтаралық саясаттың негізгі қағидасы болып табылуы тиіс;

Екіншіден, толеранттықты қағида ретінде тану этностар арасындағы өзара қарым-қатынастың қажетті және күнделікті сақталып отырылуына әкелуі тиіс;

Үшіншіден, толеранттық тұлға үшін мінез-құлық императивті болып табылуы тиіс;

Төртіншіден, этнос санасының оянуы жағдайында тұлғааралық және ұлтаралық қарым-қатынастарды адамзаттандыру қажеттілігі туады. «Тұлғаның адамгершілік қасиетінің ажырамас бір бөлігі болып табылатын толеранттықты оның мәдени дамуының, мәдени қарым-қатынасының өлшемі деп есептеуге болады. Дәл осы жағдайда, яғни толеранттық мәдениетпен біріккенде, ол ұлтаралық қақтығыстар сияқты қарама-қайшылықтарды шешудің тиімді құралы мен формасы бола алады» [6].

Толеранттықтың зерттелу тарихына жасалған қысқаша шолудан әр дәуірде бұл мәселенің әртүрлі түсіндірілгенін көруге болады. Ғасырлар бойы толеранттық қоғамдық және діни біліктің, дін мен секталардың, дінге сенушілер мен атеистердің өзара қарым-қатынасының қағидасы ретінде түсіндіріліп келді.

Толеранттық мінез-құлықты қалыптастыру мәселесі, экстремизмнің әр түрінің алдын-алу және оған қарсы әрекет ету шаралары қазіргі көп ұлтты Қазақстанда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл жағдайда балалардың толерантты мінез-құлық нормаларын дайындау және оны әлеуметтік практикаға енгізу қажет, себебі осы кезеңде адами құндылықтар, «Мен және қоғам» ұстанымдары қалыптасады, мінез-құлықтары біршама тұрақтанады. Өсіп келе жатқан тұлға қоршаған ортаға позитивтік тұрғыда әрекет етеді. «Қоғамнан

ұлттық, саяси, діни тұрғыдағы шаблондарды және өзге идеяларды ала отырып, ой-өрісі дамыған бала әлеуметтік маңызы бар кез-келген ситуацияларды шешу үшін саналы түрде танымдық тұрғыдан өзіндік шешім іздейді». Егер педагогтар тәрбиеші мен баланың өзара шығармашылық қарым-қатынасында ғана дамиды, баланың танымдық негізіне сүйенбесе, оның тұлғасы деформацияланып, балалық даралығы бұзылуы мүмкін, немесе керісінше, эгоцентрилік формаға айналуы анық.

Білім беру жүйесі арқылы ғана оқыту мен тәрбиелеудегі жеке тұлғаға бағытталған жұмыс нәтижесінде оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға, олардың әлеуметтік міндеттерінің және толеранттық деңгейлерін көтеру дағдыларын қалыптастыруға болады.

Соңғы жылдары әлемде және Қазақстанда болып жатқан өзгерістер адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесінің өзектілігін алға тартып отыр. Мемлекет жүргізіп отырған ұлтаралық келісім мен ұлтаралық бірлікті дамытуға бағытталған нақты саясат тәрбиеші мен бала, ата-ана арасындағы бірлікті, аға буын мен кіші буын арасындағы өзара түсіністікті, ең бастысы, балалардың ішкі мәдениетінің дамуын ұлттық сана-сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық құндылық тұрғысынан қамтиды.

В.А. Авериннің пікірінше, мектеп жасына дейінгі балалардың сипаттамаларында бір ортақтық бар – бұл агрессивтіктің максималды көріну кезі, себебі агрессивтік тез ойламаған жерден көрінеді және оны бақылау мен өзін-өзі бақылаудың дамыған механизмдері жоқ (өзіндік сананың қалыптасуы) [7]. Сондықтан балалық және жасөспірімдік шақтар – агрессивтік мінез-құлықтық емес агрессиялықтың кең көрінетін кезі. Тұлғаның қалыптасу және даму жағдайына қарай оның өзіндік санасында агрессивтік бақылауға келетін параметрі ретінде көрінеді.

С.Ф. Сироткин кіші жастағы жасөспірім балаларды зерттей келе олардың жынысына, психомоторлық дәрежесіне, идентификациялық бағытына қарай агрессивтіктің көрінісі әртүрлі болып келетінін анықтады [8]. Сөйтіп, бала агрессивтігі когнитивтік дамуынан, әлеуметтік дағды мен және жетекшілік бағыттарымен байланыстырылады.

Е.О. Смирнованың, Г.Р. Хузееваның мәліметтері бойынша мектепке дейін-ақ балаларда агрессивтіктің көрінуіне мүмкіндік беретін белгілі бір ішкі жағдайлар қалыптасады [9]. Зорлыққа жақын балалар өздерінің бейбітсүйгіш құрбыларынан тек мінез-құлқымен ғана емес, психологиялық сипаты жағынан да ерекшеленеді. Агрессивтіліктің көрінісінің себептері мыналар:

- құрбыларының назарын өзіне аударуға талпыныс;
- басқаның ар-ұятын өзінің артықшылығын көрсету үшін таптау;
- қорғаныс және кек;
- басшы болуға талпыныс;
- өзі тілеген затты алуға талпыныс

Агрессивтік мінез-құлықтың көптеген көріністері өз қызығушылығын және өз артықшылығын көрсетуде байқалады және инструменталды немесе реактивті сипат алады. Сондай-ақ агрессивті мінез-құлықты арандататын психологиялық ерекшеліктердің ішінде олар интеллект пен коммуникативтік дағдылардың толық дамымауын, өзін-өзі реттеу деңгейінің төмендеуін, ойын әрекетінің дамымағандығын, өзін-өзі бағалаудың төмендеуін, құрбылары арасындағы қарым-қатынастың бұзылуын атайды. Жалпы және әлеуметтік интеллекттің, еркіндіктің немесе ойынның даму деңгейінің жеткіліксіздігі агрессивтік мінез-құлықтың негізгі себептері ретінде аталады. Агрессивті балалардың басты ерекше қасиеті-өзінің құрбыларына деген қатынасынан көрінеді. Өзге бала олар үшін бәсеке, тосқауыл ретінде жойылуы керек болды. Бұл коммуникативтік дағдылардың жетіспеушілігі емес, тұлғаның ерекше қасиеті, оның бағыты болып табылды.

Агрессивті балалар сезімтал және сақ болып келеді, өзі бастаған ұрыс-керісте кінәні басқаға аударуды жақсы көреді, мұндай балалар көбіне өздерінің агрессивтілігін бағалай

алмайды. Олар айналасындағыларға қорқыныш және мазасыздық әкелетінін аңғармайды, керісінше барлық әлем оларды ренжіткісі келіп тұрғандай көрінеді.

Жасөспірімдік шақ агрессивтіктің сипаты мен көрінісі жағынан ерекше екенін болжауға болады. Оның ішінде әртүрлі жас шамасындағы (кіші, орта, ересек жасөспірімдік шақта) агрессивтіктің көрінісі сапалық жағынан ерекшеленеді.

Көптеген авторлар жасөспірімдік шақтағы агрессия механизмдерінің күрделілігін орта жаңалықтардың қалыптасуымен түсініреді. Бір жағынан, ересектік сезімінің пайда болуы, ал екінші жағынан оған сәйкес мінез-құлықтың әлеуметтік формаларының кемелденбеуі.

Зорлықсыз, ізгілікті қылықтарда адамның мінез-құлқы көрінеді. Мінез-құлық дегеніміз – адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты болып, өмір жағдайларына сәйкес және солардың ықпалымен байқалып отыратын тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы. Адам өзінің мінез-құлқына бақылау жасау арқылы мінездегі мінін түзетуге, жағымсыз әрекет, дөрекі мінездерден өзін тыйып ұстауға болады. Мінез-құлық адамның өзіне, маңайындағы басқа адамдарға, тапсырылған іске қалай қарайтынынан байқалады. Адам мінез-құлқының алғашқы көрінісі - қылық. Мұнда тұлғаның беталысы, адамгершілік талғам-сенімі көрініс береді.

Мінез-құлық мәдениеті – адами қарым-қатынастың негізгі талаптары мен ережелерін сақтау, айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас құра білу. Мінез-құлық ерекшелігін адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекетінің жиынтығының көрінісі айқындайды. Мінез-құлық-адамгершілік нормаларына сай келетін жағымды іс-әрекеттен немесе қоғамдық нормаларға қайшы келетін жағымсыз іс-әрекеттерден тұруы мүмкін. Мінез-құлықтық ерекшеліктер адамгершілік категорияларға жатады. Ол – адамның қоғамдағы мінез-құлқын реттеу қызметін атақаратын әлеуметтік институт, қоғам толық мақұлданған заңды талаптардың орындалу барысымен анықталады. Мінез-құлық мәдениеті адамның өскен ортасына, адамдармен күнделікті қарым-қатынасына, білім өресіне, үлгі-өнегесіне байланысты

Сонымен қорыта келгенде толеранттық мінез-құлық басқаның пікіріне сыйластықпен қарап, шыдамдылық танытып, туындаған мәселені келісіп шеше білу, зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету.

Шиеленісті жағдайларда өзін-өзі ұстай білетін, қақтығыс жағдайларынан бейбіт жолмен шаға білетін, өзгенің пікіріне, мінез-құлқына шыдай алатын, қарым-қатынасқа әр уақытта дайын, өз ұстанымын қайта қарауға икемді тұлғаны - толерантты тұлға дейміз.

1 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 356 б.

2 Н.Қ. Тоқсанбаева және т.б. Этносаралық толеранттылық пен қарым-қатынастың кросс-мәдени ерекшеліктерін теориялық зерттеу. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Психология» сериясы № 1 (42), 2015. – 85-88 бб.

3 Недороздова Н.В. Толерантность в межличностном общении старшеклассников.: дисс. ... псих.н. – Москва, 2005 . Б.54

4 Хомяков М.Б. Толерантность как социокультурная проблема // Толерантность и насилие: теория и международный опыт. – Екатеринбург: изд-во Уральского гос. ун-та, 2000. - С.9.

5 Қартбаева Ж.Ж. Оқушыларда толерантты мінез-құлықты қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері.: п.ғ.к., дисс. – Қарағанды, 2008. – 193 б.

6 Тобуков П.З. Толерантность как форма разрешения межэтнических противоречий / В кн.: Толерантность. Материалы региональной научно-практической конференции. - Якутск: ЯНЦ СО РАН, 1994. – С.121-122.

7 Аверин В.А., Григорова З. Н. Личностные детерминанты девиантного поведения подростков //Эколого-социальные вопросы защиты и охраны здоровья молодого поколения на пути в 21 век // Материалы 4 Международного конгресса. – Спб.,2008. – Б. 46

8 Сироткин С.Ф. Агрессивность детей как объект педагогической диагностической оценки: Дисс. к. п. н. – Удмуртский государственный университет, 1996. – С.327.

9 Смирнова Е.О., Хузеева Г.Р. Психологические особенности и варианты детской агрессивности //Вопросы психологии. – 2012. № 1. – С. 17.

Аннотация

Метербаева К.М., Закарьянова А. – КазНПУ имени Абая
Теория толерантности

В данной статье рассматриваются теоретические исследования понятий «толерантность», «толерантное поведение», раскрываются пути формирования толерантности и толерантного поведения детей в дошкольном возрасте.

Толерантность рассматривается как социально-психологическое поведение в общении между личностями и социальными группами; в качестве одного из важнейших ценностей современного общества.

В результате анализа трудов известных ученых автор приходит к выводам, что проявлению агрессивного поведения детей дошкольного возраста способствуют: стремление привлечь к себе внимание сверстников, показать свое превосходство за счет унижения других, личная защита и чувство мести, стремление стать ведущим, получить желаемый предмет и другие причины.

Ключевые слова: «толерант», «толерантность», «толерантное поведение», «культура поведения», «интолерантность».

Abstract

Meterbayeva K. M., Zakariyanova. A. Z. – Abay Kazakh National Pedagogical University
Theory of tolerance

This report examines theoretical studies of the concepts of «tolerance», «tolerant behavior». In addition, the report develops the ways of nurturing tolerance and tolerant behavior of preschool age children.

Tolerance is considered as a social-psychological behaviour in interpersonal relations between individuals and social groups; as one of the essential values of modern society.

As follows from the analysis of the writings of well-known scientists, the author came to the conclusion, that bullying among the preschool age children caused by: tendency to get attention of someone of the same age, to demonstrate their dominance through the humiliation of others, personal defense and an instinct for vengeance, ambitions to be a leader, to get the desired items and other causes.

Keywords: «tolerant», «tolerance», «tolerant behaviour», «cultural behaviour», «intolerance».

МРНТИ 15.21.51.

Г.Б. Нуетбаева¹

*¹Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ, Қазақстан*

ЖЕТКІНШЕК ЖАСЫНДАҒЫ ҚИЯЛДЫҢ ДАМУЫ
ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒАНЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Бұл мақалада жеткіншек жасындағы қиялды дамыту шығармашыл тұлғаны дамытуға негіз ретінде қарастырылады. Қиял адамды шығармашылыққа бағыттайтын психикалық қасиет екендігіне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, жеткіншек кезеңінде балалар қиял арқылы өздерінің болашақ өмірінің жоспарларын құрады, өзінің қиялында күрделі ересек өмірге дайындық ретінде түрлі жағдайларды елестетеді. Бұл кезеңдегі шығармашылық қиял көбінесе шабыт ретінде байқалады. Жеткіншектер шығармашылық қиялдан рақаттанып ләззат алатындығына, олар үлкен сүйіспеншілікпен түрлі өлеңдер мен әндерді, тіпті билерді де ойдан шығаратындығына көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар мақалада шығармашыл адамда өзінің жеке тұлғалық маңыздылығына деген ұмтылыс жоғарырақ болатындығы көрсетілген. Ол жоғары шығармашылық, танымдық және интеллектуалдық

белсенділіктерімен айқынырақ көрінеді. Бұл мәселелер Д.Б. Богоявленскаяның зерттеулерінде орын алатындығы жайында айтылады.

Түйін сөздер: қиял, жеткіншек кезеңі, шығармашыл тұлға, интеллектуалдық даму, тұлға психологиясы, арман, елестету, шығармашылық қиял.

Білім берудегі модернизацияның қазіргі кездегі сипатталуы білім беру үрдісінің орталығы ретінде адамды оның интеллектуалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруды және тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуды қарастырады. Психология ғылымының алдындағы маңызды міндеті осы мақсатқа жетудің тиімді әдістерін іздестіру болып табылады.

Басқа адамдарға қарағанда шығармашыл адамда өзінің жеке тұлғалық маңыздылығына деген ұмтылыс жоғарырақ болады. Ол жоғары шығармашылық, танымдық және интеллектуалдық белсенділіктерімен айқынырақ көрінеді. Бұл мәселелер Д.Б. Богоявленскаяның [1] зерттеулерінде көрініс тапқан, яғни интеллектуалды белсенділіктің негізінде интеллектуалды бастамалар түсіндіріледі. Шығармашылық белсенділік түрлі формада кездеседі, оның түрлері және байқалу ерекшеліктері әр түрлі болады.

Адамды шығармашылыққа бағыттайтын психикалық қасиет – ол қиял. Қиял – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік бейнелерін қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық үрдіс. Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын құрылған уақытша байланыстар түрлі әрекеттерге түседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап, өндеу үрдісінде екінші сигнал жүйесі шешуші рөл атқарады. Адамдардың қиялына тән кейбір ерекшеліктерді төмендегідей топтастыруға болады:

1. Әр адамның қиял ерекшеліктері оның жеке қызығушылықтары мен өзіндік қасиеттеріне, алдына қойған мақсаттарына байланысты болып келеді.

2. Қиялдың мазмұны мен формасы адамның жас және дара ерекшеліктеріне де, білім тәжірибесіне де байланысты. Мысалы, көпті көрген, өмір тәжірибесі мол, әр тарапты білімі бар ересек адамның қиялы мен енді ғана өмірге аяқ басайын деп тұрған жеткіншектің қиялын бір өлшемге салуға болмайды.

3. Қиял адамның өскен ортасына, этностық ерекшеліктеріне, табиғат, жер-су қоршауына байланысты да көрініп отырады. М.Жұмабаев: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті», деп жазады [2].

4. Қиял адамның барлық психикалық құбылыстарымен ұштасып жататын үрдіс. Мысалы, қиялдағы ойды жүзеге асыру үшін алға нақты жоспарланған мақсатқою қажет. Ол мақсатқа жетуге ерік-жігер қажет. Осылайша қиял ерікпен байланысты болып келеді. Сонымен қатар қиялдың ойлау үрдісінде де алатын орны ерекше. Өйткені ойлау белсенділігі адамды шығармашылық әрекетке жетелейді. Ал ондай әрекет қиялдың өте күшті дамуын қажет етеді. Ойлау мен қиял тығыз байланыста бола тұрып, кез келген мәселені шешуге, түрлі сауалдарға жауап беруге қатысады, адамды түрлі шығармашылық әрекеттерге жетелейді.

5. Адам қиялы еңбек үрдісінде, іс-әрекет барысында жанданып, жетіліп отырады. Мұндағы негізгі шарт: саналы мақсаттың болуы, болашақты болжай алу, істейтін еңбектің нәтижесін алдын ала көре білу, яғни оны өндеп, өзгертіп, елестете алу. Бұл адам қиялына тән негізгі белгілер. Қиялда адамның дүние жөніндегі әр түрлі таным-түсініктері түрлі формада қиылысып, жаңа сапаға ие болады. Қиял бейнелері адамның қажеттіліктеріне тәуелді бола тұрып, оны белсенді әрекеттерге итермелейді, шығармашылық іс-әрекетіне күш-жігер қосады. Қиял тек теориялық және практикалық қызметте ғана емес ол адамның бүкіл рухани өмір жүйесінде елеулі орын алады.

Айдаһардың бейнесін Италияның атақты суретшісі Леонардо да Винчи қиял арқылы былайша суреттейді: «Көкжал аңшы иттің не жай иттің басын аламыз, оған басқа мысықтың

көзін саламыз, құлағы үкінікі болады, мұрыны тазынікі секілді, қасы арыстандікі, самайы әтештікі, мойны суда жүзетін тасбақанікі сияқты» [3]. Осы бейненің өзі шындықта бар нәрселерді топтастыру арқылы туып отыр. Бірақ осы топтастыру нәтижесінде келіп шыққан тұтас бейненің өзін көре алу үшін адамға ең күшті, өрен жүйрік қиял қажет.

Қиял үрдісінің адам әрекетінің қандай саласында болмасын зор маңызы бар. Қиялдың өзі осы әрекет арқылы өзгеріп, дамып отырады. Халық **«қыран жетпеген жерге қиял жетеді»** деп өте орынды айтқан. Тіпті бала қиялындағы фантастикалық бейнелердің өзі де оның танымын кеңейтетіндігі, қоғамдық тәжірибені меңгеруге жағдай жасайтыны, мұның өзі баланың психологиясына қатты әсер ететіндігі белгілі.

Қиял актив, пассив болып екіге бөлінеді. Қиялдың бүтіндей пассивтік түрінің шегі түскөруде аңғарылады. Түс көрудің физиологиясын жан-жақты зерттеп түсіндіріп берген И.П. Павлов болды. Ұйқы кезінде ми жасушаларының бәрі тежелмейді, кейбір бөлімдері қозу жағдайында болып қызмет атқара береді. Мидың мұндай бөліктерін «күзетші пункт» деп атайды. Осы «күзетші пункттерден біздің бұрын қабылдаған, көрген, естіген, қолға ұстап, дәмін татқан заттарымыздың бейнелері мида қайтадан «тіріледі». Адамның түс көру кезінде небір ақылға сыйымсыз бейнелердің жасалатындығы белгілі. Өйткені бұл кезде мидағы сигнал жүйелерінің арасындағы байланыс әлсірейді, сол кезде негізінен бірінші сигнал жүйесі ғана қызмет атқарады. Екінші сигнал жүйесінің қызметі толығымен тежелуге ұшырайтындықтан, адамның ойлау қабілеті өте төмен болады [3].

Сөздік сигналдардың әсер етпеуі мида кездейсоқ бейнелердің пайда болуына жағдай жасайды да, соның нәтижесінде түске небір «кереметтер» кіреді. И. М. Сеченов осындай түстерді «болған әсерлердің болып көрмеген қиысулары» деп сипаттаған. Түсте нақты бейнелер мен заттардың фантастикалық түрде қосылуынан ғажайып бейнелер туындайды. Ұйқы кезіндегі осындай ғажап фантазиялық бейнелер де өмірде бар нәрселердің жиынтығынан құралған. Бұлардың негізі – адамның ояу кезіндегі басынан кешкен оқиғалары, ойы мен мақсаты, тілегі мен арманы, естіген-көргендері, атқарып жүрген қызметі, басқалармен қарым-қатынасы т. б. ұйқыдағы адамның түс көруіне себепші болатын фактілер болып табылады [3].

Ми жасушаларына көшедегі транспорттың дыбысы да, ағаш жапырағының сылдыры да, иттің шәуілдеп үргені де, есіктің ашылып-жабылуы да және т.б. әсер етіп отырады. Тіпті ағзаның ішкі мүшелерінің (жүрек, өкпе, асқазан т.б.) жұмысына бір жайсыздық түссе, бұл да адамның түсіне әр түрлі түсініксіз заттар немесе оқиғалар ретінде кіреді. Мысалы, ұйқыдағы адамның жүрегіне бір салмақ түссе, оның жүрегі өте жиі соға бастайды. Осы кезде адам түсінде біреудің қуғанын, одан қашқанын көріп, булығып, еңтігіп те кетеді.

Түс көрудің мазмұны адамның, көбінесе, қызығушылықтарына, талғамдарына орайлас келіп отыратындығы да шындықпен жанасымды дерек. Өмірде ешқашан естімеген, көрмеген нәрселер түске кірмейтіндігін ғылым дәлелдеп отыр. Ақын-жазушылар қиял арқылы өзінің келешек кейіпкерлерін «көреді», олардың мінез-құлықтарын «елестетеді», сөзін «естиді». Сонымен қатар, олар өз кейіпкерлерімен бірге өмір сүреді, олардың ойын, көңіл-күйін «сезініп», айтарлықтай тығыз араласып жүргендей болады.

Байқампаздық, жеке өмірінің эмоциялық байлығы, алдын-ала орасан зор жұмыстар атқара алу қабілеттілігі (мысалы, Л.Толстойдың айтуынша, «Соғыс және бейбітшілік» романын жазу үшін жинаған материалдары «бүкіл бір кітапхана» болған) адамның шығармашылық қиялының самғауына күшті әсер етеді. Өмірден түйгені шамалы, шығармашылық қиялы жетілмеген адамнан жақсы ақын шығуы мүмкін емес. Ғалым үшін де шығармашылық қиял аса қажет. Шығармашылық қиял ғалымның шығармашылық ойына аса қажетті материал береді. Мысалы, ғылыми болжам жасағанда, эксперимент жұмысын ұйымдастырғанда, тапқан жаңалықтарды тексеріп талдауда ғалым үнемі өз қиялына сүйеніп отырады. Бірақ нағыз ғылыми жұмыс көп еңбектенуді қажет етеді. Қажымай, өнімді еңбек ете білу, шыдамдылық, іске мейлінше берілушілік – нағыз ғалымға тән қасиеттер.

Шығармашылық қиял әрекеттің кез-келген саласында орын алып отырады. Қоғамға пайда келтіретін нәтижелі еңбекте шығармашылық қиялдың болмауы мүмкін емес. Қиялдың бұл түрі, әсіресе, мұғалімдік қызметте де ерекше орын алады. А.С.Макаренко аңғарғандай [4]: «жеке адамның келешегін жобалауда» мұғалім шығармашылық қиялсыз әрекет етсе, жақсы нәтижеге ие бола алмас еді.

Актив қиялдың ерекше бір түрі – арман. Арман дегеніміз өз қалауымызша жаңа бейнелер жасау. Мұның шығармашылық қиялдан ерекшелігі мынада: арман өзіміздің тілеген келешекке бағытталған қиял үрдісі. Арман шығармашылық әрекетпен тікелей байланысты емес, ол шығармашылық қиялдың бірінші дайындық сатысы. Арманды бағалауда оның әрекетке қандай қатысы бар екендігі мұқият ескерілуі қажет.

Әрбір адамға алдындағы жарқын болашағына байланысты армандай білу қажет. Мақсатқа сай дұрыс армандай алу адамға зор қуат беріп, іске талпындырады. Сондықтан да халық: «арманы жоқ жігіттің дәрмені жоқ» деп өте тауып айтқан.

Қиял түрлі елестеулердің өзгеріп, өңделуінің арқасында жасалып отырады. Қиялда талдау, синтез әдістері, агглютинация, схематизация түрлі схемалар мен суреттердің акцентировкасы (бейнелердің типтік басты белгілерін жасау) тәсілдері жиі қолданылады. Қиялдағы елестерді топтастырудың қарапайым түрі агглютинация деп аталады. Осы әдіс арқылы мифологиялық, бейнелер (кентавр, сфинкс, жезтырнак) мен түрлі механизмдердің, машиналардың конструкциялары (амфибия – танк, судан өте алатын жеңіл танк, аэрошана – суға қонып, ұша алатын ұшақ) құрастырылады.

Әр адамның қиялы әр түрлі болады, бірінің қиялы біріне ұқсамайды. Бір адамдардың қиялы бай, шындықпен орайласып жататын болса, екінші біреулердің қиялы жөнді жетілмеген, пәрменсіз, тар көлемді болады. Шындыққа сай, дәл, дұрыс бейнелер жасай алатын адамдардың қиялы мазмұнды болып келеді. Шындыққа сай дұрыс қиялдай білетін адамдарда өмірдің түрлі салаларынан алынған білім қоры, тәжірибесі, белгілі көзқарасы, соның негізінде қалыптасқан айқын сенімі болады. Американың аса көрнекті ғалымы Эдисон қиялы аса күшті дамыған адам болған. Бір машинаны үш түрлі жолмен ғана жасап шығаруға болады деген ұйғарымға келіспей, Эдисон машинаны 48 түрлі тәсілмен жасап шығару жолдарын ұсынған [5].

Қиялдың алғашқы көріністері үш жасар балаларда байқала бастайды. Мұны балалардың ертегідегі оқиғаны шын көріп, бар ынтасымен, шын ықыласымен тыңдауынан көреміз. Бір қарағанға жас бала қиялға өте бай сияқты болып көрінгенімен, ондағы бейнелер шындықтан өте алыс жатады. Себебі бала санасында кез-келген нәрсенің бейнесі оңай тоғысады да, бұдан керемет қиял көріністері құралады. Баланың өмір тәжірибесі өсе келе, қиялы да шындыққа біртәбан жақындап отырады.

Жеткіншек жасындағы балалар қиял арқылы өзінің болашақ өмірінің жоспарларын құрады, өзінің қиялында күрделі ересек өмірге дайындық ретінде түрлі әлеуметтік және адамгершілік жағдайларын «ойнап өтеді». Бұл кезеңдегі шығармашылық қиял көбінесе есейген түрдегі шабыт ретінде болады. Жеткіншектер шығармашылық қиялдан рақаттанып ләззат алады. Олар үлкен сүйіспеншілікпен түрлі өлеңдер мен әндерді, тіпті билерді де ойдан шығарады, кейде ғылымның күрделі мәселелерін де (мысалы, шешімі табылмаған мәңгілік қозғалтқыш сияқты мәселелер) шешуге тырысады.

Осылайша, жеткіншек жасындағы қиялдың дамуында сезімталдық кезеңі сақталғанымен, қиял жаңа ақпараттың үнемі толығып тұруын, яғни ерекше «қоректі» қажет етеді. Сондықтан да барлық жеткіншектер фантастиканы, қалыпты адамнан күрт ерекшеленетін кейіпкерлері бар жауынгерлік фильмдерді көргенді, шындыққа жанаспайтын ерекше бір жағдайларды қамтыған (жартылай фантастикалық) кітаптар оқығанды ұнатады.

Жеткіншек жасында тұлғалық даму басым болған кезінде шығармашылық қиялдың арман сияқты түрі ерекше маңызға ие бола бастайды. Арман дегеніміз ол қалаған болашағының бейнесі. Жеткіншек жасындағы бала оны қуанышқа бөлейтін, оның ең асыл, сырлы

қалаулары мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын заттар жайында армандайды. Өзінің армандарында жеткіншек өз өмірінің жеке бағдарламасын құрып, кейде негізгі оның мәнін де анықтап жатады. Көбінесе баланың армандары шындықтан алшақ болады, яғни көздеген мақсаттары бар, ал оған жету жолдары қарастырылмаған. Дегенмен жеткіншек жасының бұл кезеңінде мұның өзі позитивтік сипатқа ие, себебі сол арқылы бала болашақ өмірінің түрлі нұсқаларын қиялындағы жоспарда «таңдап алуға» мүмкіндік береді.

Осылайша жеткіншек жасының ерекшеліктерін қарастыра келе, жеткіншек жасындағы баланың интеллектуалдық дамуының артуымен оның қиялының дамуы да жоғарылайтындығын аңғарамыз. Қиял теориялық оймен жақындаса отырып жеткіншектер шығармашылығының дамуына түрткі болады. Жеткіншек қиялының «өнімділігі ересек адамның қиялынан азырақ, бірақ баланың қиялына қарағанда едәуір бай болады».

Шығармашылық қиялдың дамуына мектеп жасы (В.И. Андреев, И.Я. Лернер, Ю.А. Полуянов, Л.Ю. Субботина және т.б.) [3,5,6], оның ішінде жеткіншек кезеңі ерекше табысты болып табылады. Бұл кезеңде қиял әрекетімен байланысты барлық психикалық үрдістер (ойлау, зейін, қабылдау, ес, сөйлеу) белсенді түрде дамиды.

Қырғыз халқының ұлы жазушысы Ш.Айтматов: «**ақтық демі таусылғанша ой ойлап, қиял қанатында ұшатындығымен де адам биік, адам ұлы**» деп терең философиялық ойды қорытындылайды [2]. Қиялы әлсіздің өзі де әлсіз болып келеді. Адам әдетте қол жеткеніне қанағаттана қоймайды. Ол өзінің қиялы арқылы ізденеді, дүниені өзгертуге, жаңғыртуға тырысады. Болашағын болжайды, келешекте атқарылатын әрекетінің нәтижесін күні бұрын санасында елестетеді. Қиялдың, әсіресе, шығармашылық еңбектегі рөлі аса зор, сондықтан жеткіншек жасы қиялдың дамуындағы аса маңызды кезең болғандықтан, оны дәл осы кезеңде дамытуға ерекше мән берген жөн.

- 1 Богоявленская Д.Б. Пути к творчеству. – М.: Знание, 1981. – 96 с.
- 2 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: “Білім”, 1996.
- 3 Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. Психол. очерк: Кн. для учителя. – 3-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 94 с.
- 4 Макаренко А.С. Избранные педагогические сочинения в двух томах. – М.: Педагогика, 1987.
- 5 Эйдем Е.В., Иванников В.А. Воображение как средство волевой регуляции // Эмоционально-волевая регуляция поведения и деятельности. – Симферополь, 1986. – 159 с.
- 6 Субботина Л.Ю. Развитие воображения детей, Популярное пособие для родителей и педагогов. – Ярославль: «Академия развития», 1997.

Аннотация

Ниятбаева Г.Б. – *Казахский Государственный женский педагогический университет*

Развитие воображения подростков как основа развития творческой личности

В данной статье проблема развития воображения подростков рассматривается как основа развития творческой личности. Уделено особое внимание воображению, которое представлено как психическое свойство, направляющее человека к творчеству. Наряду с этим говорится о том, что подростковом периоде дети через воображение строят планы на будущее, представляют различные ситуации сложной взрослой жизни в качестве подготовки к ней. Творческое воображение в этом периоде часто проявляется в виде вдохновения. Указывается на то, что подростки получают удовольствие от творческого воображения и что они с большим наслаждением сочиняют стихи и музыку, даже импровизируют танцы.

Кроме того в данной статье говорится о том, что у творческого человека стремление к своей личностной значимости бывает очень высоким. Оно ясно проявляется в творческой, познавательной и интеллектуальной активности. Данная проблема нашло отражение в исследованиях Д.Б. Богоявленской.

Ключевые слова: воображение, подростковый период, творческая личность, интеллектуальное развитие, психология личности, мечта, представление, творческое воображение.

Abstract

Nietbaeva G.B. – *Kazakh State women's pedagogical University*

The development of the adolescent imagination as the basis of development of creative personality

In this article the problem of development of the imagination of teenagers is considered as a basis for the development of a creative personality. Special attention is given to the imagination, which is represented as a mental property, guiding people towards art. Along with this, States that adolescence children through the imagination make plans for the future, represent the different situations challenging adult life in preparation for it. Creative imagination in this period is often manifested in the form of inspiration. Indicated that teenagers get pleasure from creative imagination and that they thoroughly enjoy writing poems and music, even improvising a dance.

Additionally, this article States that a creative person striving for their personal significance is very high. It is clearly manifested in the creative, cognitive and intellectual activity. This problem is reflected in the researches D. B. Bogoyavlenskaya.

Keywords: imagination, adolescence, creative personality, intellectual development, personality psychology, dream, idea, creative imagination.

MPHTH 15.81.57

A.M. Seralieva ¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Z.M. Baimagambetova ²

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF THE CRIME VICTIM BEHAVIOR RELATED TO HIV / AIDS INFECTION

This article describes the cause and the crime complex of the HIV/AIDS, it was identified the typology of injured people depending on the characteristics of their personality (psycho-physical, moral-psychological, social and role).

The authors believe that the behavior of the offender under the article 118 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan due to the behavior of his victim, and relationship of the offender with the injured, pre-existing or in the process of collision. According to some researchers, up to 29% of crimes or provoked by victims or perpetrated with their assistance.

Researchers consider that the information obtained from the study of victims of crime is necessary during detection of crime, investigation and prevention of crimes related to HIV / AIDS.

According to the authors, the victims of crimes related to HIV/AIDS is also needed psychosocial support, in particular open cabinets of psychological assistance, the work of «hotline».

Keywords: crime victim, victimology, victim, criminal, HIV/AIDS, personality, psychological characteristics.

AIDS is one of the most important tragic problems caused to humanity in the end of 20th century. According to official data of the World Health Organization's HIV / AIDS infection was registered in 152 countries around the world and the data on the total number of HIV-infected people ranging from 13 to 20 million [1].

To date, 22.474 cases of HIV infection were registered among the citizens of Kazakhstan and people living with HIV - 16 530 [2].

For the deliberate HIV / AIDS infection in Kazakhstan the Criminal Code provides for criminal liability under the Article 118 - Infection with human immunodeficiency virus (HIV / AIDS).

Who are the «victims» of AIDS? So far there is no clear definition of «victim». The term «victim» nearly always means the loss (financial, physical, spiritual, etc.) [1].

It should be clarified that the criminal procedure law does not recognize the term «victim of crime», replacing it with another term similar in content with the term «injured person». Accordance with the Criminal Procedure Legislation the injured person is the person who injured moral, physical or property damage by the crime (Art. 71 of the Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan) [3].

The injured person is one of the central figures of the preliminary investigation and the trial if it is a crime against life and health of the individual. Specific circumstances, the causes, the conditions of the crime cannot be fully disclosed if it not taken into account the identity of injured person. All too often, the criminal actions of the accused caused by wrongful, negligent or simply thoughtless actions of the injured person. His behavior is related to the objective indications of crime may affect the guilt of the accused, and sometimes for example, in the case of self-defense and in general to exclude it.

However the «victim of crime» is a broader concept than the concept of «injured person by the crime». Crime victim is every person who suffered moral, physical or property damage from a wrongful act whether it is recognized victim or not in accordance with the law. In other words the term «victim» is victimological notion, «injured person» is criminal procedure term, depending on the legal consequences of the harm. These terms may not coincide with each other. «... The victimization of an individual is ... nothing else but «predisposition» implemented by the criminal act or rather the ability to become victim crime under certain circumstances or in other words, the inability to avoid the danger where it was objectively avoidable [4, p.22].

According to N.Z. Sultanova it should be noted that some victims of victimity is another issue that should be addressed. Because the victimization of society as a whole does not allow to implement fully even the most effective measures of prevention of wrongful acts [5, p.477].

Person criminological research allowed classifying and distinguishing victimization as:

a) set of psychological quality of person associated with the peculiarities of the effects of socialization (victimization of the individual strain); «Impersonal» quality due to the implementation of some social functions (professional victimization);

c) biophysical qualities of the individual («AGE» victimization, the elderly people, young age);

g) result of the pathological condition of the person (victimization – «pathology», mental illness, physical illness, etc.) [6, p.275].

Victimological doctrine of the crime victim, its interaction with the criminal, unconscious «involvement in the crime», motivation of commission of a crime, etc. has essential meaning to characterize a crime under the Article 118 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan.

Research shows that criminal behavior is often caused by both the behavior of its victims, and its special qualities, also a criminal relationship with the injured person, pre-existing or during the collision. Often criminal behavior triggered by the negative behavior of the injured person. In crimes where we can see the motives of interpersonal order, it can be seen particularly clearly. According to some researchers, up to 29% of crimes provoked by the injured people or committed with their cooperation [7, p. 36].

These aspects of criminal behavior creates primary heuristic base for the development of the hypothesis of association between the offender and the offense.

The behavior of the injured person during the crime, as well as any human behavior dependents on two categories of factors:

- Environmental effect (criminal attack or other action);
- Individual personality traits which provide various range of reactions to an external criminal action (from the state of unconsciousness to self-defense or active attacks against the offender) [8p. 222-224].

These personality traits are mainly characterized by the following categories: the type of higher nervous activity of the injured person (strong, active, mobile is in a better position in all other things being equal), his character (primarily volitional qualities and, in particular, the will to fight and the will resistance, as well as self-esteem, pride, shyness, and so on).

Life experience has importance in the behavior of the injured person in the cases over sex crimes. In the crimes have being studied by us the experience (knowledge of friends, acquaintances, from scientific and journalistic sources about the deadly dangers of HIV / AIDS, about the disaster which can bring the disease to near and dear ones ,etc.) has a predetermining value.

For the probability of HIV / AIDS infection, the creation of the criminogenic situation, as a whole it is required a number of specific behavioral conditions to be observed by potential victims of crime. Many of these conditions make a causal criminogenic complex. It is primarily:

- Maintaining promiscuity;
- Scornful attitude to the health (non-use of mechanical protection features, avoidance of preventive medical check-ups, etc.);
- Injecting drug use (non-sterile and secondary syringes, etc.);
- Prostitution or appeal to the services of commercial sex workers;
- Occurrence in homosexual acts;
- A tendency to use alcohol;
- Propensity for high jinks at undue gullibility by circumstances and etc [9, p.51].

Agreeing with the opinion of D.M. Galushko, we distinguish the following typology of victims under the Article 118 of the Criminal Code, depending on whether the offender belongs to the micro-social environment of the injured person. They are divided into:

1) Acquainted with the offender (our research showed that the injured people knew the criminal in 54% of cases) among them:

- a) Who are in the family and neighborhood relations with the offender - 61%;
- b) Having a close relationship with the offender (friendly, love, hostile) - 49%;

2) Who do not know, a little or a casual acquaintance with the offender. It is turned out that such victims are 46%.

Depending on the nature of the damage it can be identified victims who suffer from physical harm, mental harm or property damage [10].

Also the typology of victims under the Article 118 of the Criminal Code can be divided depending on the characteristics of their personality (mental and physical, moral and psychological, social and role-playing). Taking into account the psychophysical peculiarities it is allocated minors, women, elderly people; moral and psychological qualities allow to distinguish victims with a negative or positive moral orientation; social and role attributes are the basis of reference to the victims of persons of a particular profession and occupation, as well as injured people of past crimes, witnesses of these crimes. Whatever classification of injured people it is needed to be guided by moral and mental criteria. Aggressiveness, proclivity for drug addiction, revenge and other negative and sometimes positive (e.g., gullibility) personality characteristics determine the behavior of the injured person, which in some cases helps to create victimogenic situation. The same traits as mental toughness, courtesy, cool-headedness, good exercise training, in many cases, contribute to the suppression of crime [11].

According to an outstanding Kazakh scientist, Zh.E. Namazbaeva everyone should have at least basic knowledge from what his psychological well-being depends on, and what could lead to irresolvable personality contradictions [12, p.13]. Therefore there is a need to study and identify the groups (minors, the elderly people, etc.), which are often the objects of other criminal offense under the Article 118 of the Criminal Code of the republic of Kazakhstan and to equip them with a qualified professional advice.

Crime victims related to HIV / AIDS infections are needed a full social and psychological assistance, in particular:

1. Creating twenty four – seven «hotline» for people with HIV. This will solve the problem of making contact with them, removing the urgency of the psychological state of the HIV-infected and their relatives, motivating them to appeal to experts, attracting the attention and dissemination of information to the general public. Psychologists who have passed special (telephone counseling)

and additional (HIV / AIDS) training receive calls, record the information, provide information, psychological assistance and support.

2. The opening of the offices of full-time counseling to provide full-time personal assistance and group work, where it is assumed the implementation of a single counseling or session psychological counseling, group psycho-correction and the work of support groups.

3. The provision of social and psychological assistance towards the socialization of HIV-infected people: to provide them with social and material assistance and protection, employment assistance, career counseling and education, legal aid, etc. It is necessary to help HIV-positive people to maintain or regain social status, to include them in the life of society in various ways, to create conditions for the formation and development of microsocial relations.

4. Carrying out promotional and informational activities, i.e. the media coverage and advertising work of «helpline», offices providing psychological counseling and needle exchange, promotion of humane treatment and respect for the rights of HIV-infected patients [13].

According to I.V. Korzun the vast majority of crime victims are women. And their actual number is much higher than the statistics. Unfortunately there are no reliable methods of calculating of real rates of crime victims in the modern criminological science (despite the extreme urgency of the problem).

In Kazakhstan also there is no statistics of crime victims. When it is referred to the total number of recorded crimes, persons who have committed them, amount of actual damage, etc., the picture in general one can imagine but it is very incomplete. Meanwhile quantitative and qualitative indicators of the effects of crime are very important for the organization of work with the crime victims on a national scale, region, city or area [14, p.96].

Psychological study of the personality of injured person and his activity in the stage of preliminary investigation and the court also appears to be very relevant as it contributes to solving a number of issues: the correct qualification of crimes, in-depth study of reasons and conditions, a comprehensive investigation of criminal cases, disclosing of new evidence, etc.

The study of crime victims related to HIV /AIDS is needed to implement early, crime prevention measures which related to specific methods of HIV / AIDS prevention. Knowledge of psychological regularities of the process of evidence formation and their features of injured person, motivation learning of last-named helps the investigator to choose necessary tactics to obtain reliable information.

Data on the injured person are used not only during questioning, but also during other investigations. The character research of injured person is conducted in connection with a crime and determined with it. However, this does not mean that the character research of injured person should be limited only by the aspects, the decision of which is clear. Along with the general socio-demographic data it is necessary for the investigator to identify volitional and emotional characteristics of personality of the injured people, to receive full information about his health. This information will help to choose the most effective tactics of investigation, as well as the ways of the psychological impact on the injured person. This data is needed to investigate others crimes, such as sexual crimes.

Thus, during criminal investigation it is necessary the thorough investigation of the injured personality, his psychological characteristics, as well as the psychological situation which provoked the crime.

Therefore, we must raise a healthy generation, with a high sense of justice, which is the key to successful development of the entire state [15, p.100].

1 HIV/AIDS. [digital resource]. // <https://refdb.ru/look/1984652.html>.

2 HIV sickness statistics in Kazakhstan. [digital resource]. // [Http://hiv-legalaid.org](http://hiv-legalaid.org).

3 Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014 № 231-V (last amended on 10.02.2017) // Help system «Lawyer».

- 4 Frank L.V. Do We need a Soviet victimology // *Questions of criminal law, criminal procedure and criminology*. – Dyushambe, 1966. – 218 p.
5. Sultanova N.Z. Problems of providing of criminological security of the person // “Problems of international cooperation against crime”: Proceedings of the International scientific-practical conference dedicated the 75th anniversary of Professor E.I. Kairzhanov. October 17, 2008 // Karaganda. Bolashak - Baspa. 2009. – 544 p.
- 6 Rybalskaya V.A. Victim studies in the system of criminological development of juvenile crime prevention issues. – M.: Legal Literature, 1980 – 312 p.
- 7 Criminology: Textbook / Edited by V.N. Kudryavtseva, V.E. Eminova. – Moscow: «Lawyer», 1995. – 512 p
- 8 Vasiliev V.L. Legal psychology. – M., 1998. – 480 p.
- 9 Seralieva A.M. Crimes related to infection with sexually transmitted diseases and HIV / AIDS: A manual. – Almaty. Book Plus, 2013. – 212 p.
- 10 Galushko D.M. Juvenile victimology (Criminological and socio-psychological problems): Dissertation. Candidate of Juridical Sciences: 12.00.08: Moscow, 2003. – 149 c.
- 11 Crime victim, the typical characteristics of his personality and behavior. [digital resource]. //www.allbest.ru.
- 12 Namazbaeva ZH.I. Some psychological problems of individual development of the younger generation. Vestnik. KazNPU named after Abai, «Psychology» series №4 (49), 2016. – 10-14 p.
- 13 Psychological aspects of HIV / AIDS. [digital resource]. // Aids. by. upload ... Psychological aspects .. HIV.dos.
- 14 I.V. Korzun Criminality among women. - Almaty. Zheti Zhargy, 1998. - 192 p. - Book
- 15 A.M. Seralieva, Z.M. Baimagambetova Psychological aspects of formation of legal consciousness of students // Vestnik. KazNPU named after Abai, «Psychology» series №4 (49), 2016. – 98-102 p.

Түйіндеме

Сералиева А.М. – Абай атындағы ҚазҰПУ

Баймағамбетова З.М. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

АҚТҚ/ЖҚТБ-ны жұқтырумен байланысты құрбандардың мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері

Аталмыш мақалада АҚТҚ / ЖҚТБ-ны жұқтырудың себептік-криминогендік кешені қарастырылған. Жәбірленушілердің тұлғалық ерекшеліктеріне (психфизикалық, адамгершіліктік-психологиялық, әлеуметтік-рөлдік) байланысты типологиясы айқындалды.

Авторлар ҚР ҚК 118 бабына сәйкес қылмыскердің мінез-құлқы оның құрбанының мінез-құлқымен және бұрын немесе сол кезде олардың қалыптасқан өзара қатынастарымен анықталады. Бірқатар зерттеулер көрсеткендей, қылмыстың 20 % жуығы жәбірленушілермен тудырылған немесе солардың көмегі арқылы жасалған.

Зерттеушілердің пікірінше, АҚТҚ / ЖҚТБ-ны жұқтыруға байланысты қылмыстарды алдын алу, ашу және тергеу кезінде ҚР Қылмыстық Кодексінің 118-бабы бойынша жасалған қылмыстардың жәбірленушілерінің жауаптарына негізделуі қажет.

Авторлардың пікірінше, жұқтырумен байланысты құрбандарға әлеуметтік-психологиялық көмек, мысалы психологиялық көмек көрсету кабинеттері, «сенім телефондарының» жұмысы қажет.

Түйін сөздер: қылмыс құрбаны, виктимология, жәбірленуші, қылмыскер, АҚТҚ / ЖҚТБ, тұлға, психологиялық ерекшеліктер.

Аннотация

Сералиева А.М. – КазНПУ им. Абая.

Баймағамбетова З.М. – КазНУ имени аль-Фараби

Психологические особенности поведения жертвы преступлений, связанных с заражением ВИЧ/СПИДОМ

В данной статье рассмотрен причинно-криминогенный комплекс заражения ВИЧ/СПИДОМ, выявлена типология потерпевших в зависимости от особенностей их личности (психофизических, нравственно-психологических, социально-ролевых).

Авторы считают, что поведение преступника по ст. 118 УК РК обусловлено поведением его жертвы, и взаимоотношениями преступника с потерпевшим, сложившимися ранее, либо в процессе

столкновения. По данным ряда исследователей, до 29% преступлений либо спровоцированы потерпевшими, либо совершены при их содействии.

Исследователи считают, что сведения, полученные в результате изучения жертв преступлений, необходимы при раскрытии, расследовании и предупреждении преступлений, связанных с заражением ВИЧ/СПИДом.

По мнению авторов, жертвам преступлений, связанных с заражением ВИЧ/СПИДом также необходима и социально-психологическая помощь, в частности открытия кабинетов оказания психологической помощи, работы «телефона доверия».

Ключевые слова: жертва преступления, виктимология, потерпевший, ВИЧ/СПИД, преступник.

МРНТИ 15.01.51

Қ.Ж. Аганина¹

Ж.Б.Балтабай²

^{1,2}Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Мақалада ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау арқылы кәсіби мәдениет, кәсіби-педагогикалық мәдениет ұғымдарына талдау беріледі, берілген түсінік нақтыланады. Болашақ педагогтердің кәсіби-педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, қазіргі кезеңде кәсіби білім беру жүйесін дамытудың мазмұнды сұрақтары сипатталады және ғылыми педагогикалық алғышарттары мазмұндалады. Сондай-ақ, мақалада болашақ педагогтардың кәсіби педагогикалық мәдениетін зерттеуінің психологиялық-педагогикалық маңыздылығы ашылады. Психологиялық-педагогикалық үдерісте өзінің ұстанымының белсенділігін нығайтуға қабілетті және жоғары кәсіби мәдениетке тұлғаны қалыптастыруы бұл болашақ мамандарды дайындаудың жетілдіру жүйесінің ашырамас шарты болып табылады. Мақалада қазіргі кезеңде аса өзекті болып табылатын кәсіби мәдениетті қалыптастырудың ерекшеіктері көрсетілген. Өйткені педагогикалық теория мен тәжірибедегі инновациялық үрдістер білім саласындағы болашақ мамандарды (педагог, психолог, әлеуметтік педагог) дайындауына қатан талаптар қояды. Кәсіби дайындық үдерісінде тек кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруына ғана көңіл аудармай, сондай-ақ, болашақ маманның кәсіби мәдениетіне, яғни кәсіби құзыреттілігі, өзінің мамандығына мотивациялық-құндылық қатынасы, кәсіби маңызды қасиеттері және кәсіби бағыттылығына назар аудару қажет.

Түйін сөздер: педагогикалық этика, кәсіби педагогикалық парыз, кәсіби мәдениет, педагогикалық мәдениет, кәсіби-педагогикалық мәдениет т.б.

Қоғамдық өмірде көрініс тапқан сан-салалы сапалық өзгерістер, жаңарулар, жаңалыққа бетбұрыстар педагогтерді өз істеріне сын көзбен қарауға итермелеуде. Өйткені, оқушыларға берілетін білім де, тәрбие де, дүниеге көзқарас та мұғалімнің іс-әрекеті, беретін білімі мен үлгі-өнегесі арқылы қалыптасады. Осындай жүгі ауыр, жауапкершілігі мол мәселелерді шешу педагог мамандардың алдына зор міндеттер жүктейді.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім берудің тұжырымдамасында: «Педагог кадрларды қазіргі заман талаптарына сай дайындау, әрі мамандығын үздіксіз жетілдіру – мұғалімнің шеберлігінің басты белгісі – оның психологиялық жоғары әзірлігі болып табылады»-деп атап көрсетілген [1]. Мұғалім әрбір баланың өзіне ғана тән дара ерекшелігін білгенде ғана, жоғары нәтижеге қол жеткізуі мүмкін. Жоғары жетістікке жету үшін педагогикалық талант болуы қажет пе? Бірақ, әр мұғалім өз ісінің шебері бола алады, болуы тиіс те.

Педагогикалық мамандықтың пайда болуының объективті негіздері бар. Жас ұрпақ аға ұрпақтың сан ғасырлар бойы жинақтаған әлеуметтік тәжірибесін шығармашылықпен игеріп, оны пайдаланбаса, қоғам одан әрі дамымас еді.

Педагогикалық іс-әрекетте еңбек субъектісі мұғалім болады. Мұғалімнің еңбек құралдарының өзіндік сипаттары – ол оның білімі, білігі, тұлғалық қасиеттері. Осыған байланысты, білім «сананың біртұтастық объектісі» болып есептелуі керек. (Н.И.Непомнящая), мұғалімнің іс-әрекеті, оның білімі және тәжірибесі кәсіби шеберліктің деңгейіне тікелей қатысты екендігі анық.

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман-уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы - ұстаз тұрады. «Мұғалімдер-қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады», - деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері, этикасы жоғары мұғалім қажет. Ал педагогикалық этиканың негізі неде? Педагогикалық этика - этикалық ғылымның өзіндік бөлімі болып табылады және педагогикалық мораль ерекшеліктерін зерделейді, Педагогикалық еңбек саласындағы адамгершіліктің жалпы принциптерін іске асырады. Педагогикалық этика педагогтің адамгершілік қызметінің сипатын және кәсіби ортадағы адамгершілік қарым-қатынасын зерделейді. Баланы тәрбиелеу және оқытумен кәсіби тұрғыда айналысатын адамдардың ортасында қалыптасқан қарым-қатынасының спецификалық ережесі, мінез-құлық мәнері және т.с.с. жиынтығын білдіретін педагогикалық этикет негіздері жасалады. Мұғалімнің практикалық қызметі кәсіби этика қағидаларына әрдайым сай келе бермейді, себебі педагогикалық практикада күрделі мәселелер мен қайшылықтар кездесіп жатады. Сондықтан педагогикалық этиканың негізгі мақсаты мұғалімнің ақыл-ойының күйін анықтау болып табылады. Ол үшін нақты ғылыми негізделген әдістер қолдану қажет.

Педагогикалық этика саласындағы кең тараған әрі әмбебап әдістердің бірі – педагогтің жеке басының құндылықтары мен өмірлік бағыт-бағдары туралы қоғамдық пікірді білу болып табылады. Педагогикалық қателіктер, педагогикалық әсерлер салдары балаға (тіпті бірнеше жылдан соң ол ержеткен кезде де) және оның жақындарына да ықпалын тигізеді. Екінші жағынан бала дамуы өте күрделі және оған көптеген түрлі факторлар әсер етеді. Сондықтан педагогикалық этика призмасы арқылы педагогикалық қызметті нормалауды қарастыру қажет. Педагог өзі балаға қай уақытта жақсылық, қай уақытта жамандық жасағанын түсінуге тиіс.

Педагогикалық этиканың маңызды саласының бірі - кәсіби педагогикалық парыз. Осы негізінде қоғам тарапынан педагогтің жеке басына, кәсіби міндеттерін атқаруына қойылатын төмендегідей моральдық ұйғарымдар мен талаптар жиынтығы туындайды: баланың ой өрісін дамытуға бағытталған белгілі бір еңбек жүйесін қалыптастыру; балалармен, ата-аналармен, әріптестерімен дұрыс қарым-қатынаста болу; өз кәсібінің жауапкершілігін сезіне білу; педагогикалық ұжым мен қоғам алдындағы тәрбиеші рөлінің маңыздылығын түсіну. Кәсіби педагогиканың негізгі міндеті – өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту үдерісін қазіргі қоғамдағы нақты, әрі өзекті мәселелерді шешуге бағыттау болып табылады. Педагогтің кәсіби міндетіне білімі мен шығармашылығын үнемі дамытып отыру, өз-өзіне талап қоя білу, ата-аналар мен балаларға сыйластықпен қарап, мектептің қиыншылықтарын дұрыс шешу сияқты міндеттер кіреді [2].

Болашақ педагогтердің кәсіби-педагогикалық мәдениетін дамыту қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеу мәселесіне айналууда. Көптеген ғалымдардың көзқарасы бойынша, болашақ маман даярлауда студенттерге педагогикалық әдеп, іскерлік, дағдыны қалыптастырудағы басты компоненттерінің бірі – педагогикалық мәдениет шарттарын айқындау болып табылады.

Кәсіби-педагогикалық мәдениет мәнін ашпас бұрын, ең алдымен, «кәсіби мәдениет» пен «педагогикалық мәдениет» және «кәсіби-педагогикалық мәдениет» түсініктеріне тоқталу қажет. Кәсіби мәдениеттің бөлінуі арнайы іс-әрекет түрлерінің дамуына байланысты болды.

Мамандық әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде күрделі құрылымға ие: оның пәні, құралы, кәсіби әрекетінің нәтижесі бар, олар: мақсат, құндылықтар, нормалар, әдістер, әдістемелер, үлгілер. Тарихи даму процесінде мамандық та өзгереді. Кейбіреуі жаңа әлеуметтік мәдени формаға ие болады, екіншілері – аса көп өзгермейді, үшіншілері – жойылып кетеді, төртіншісі – бірнеше өзгерістен өтеді. Кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі кәсіби міндеттерді шешу қабілеттерінің дамуымен сипатталады, яғни кәсіби ойлаудың дамуымен. Демек, кәсіби мәдениет деп отырғанымыз, еңбек нәтижесі мен адамзаттың жалпы мәдениетінің өнімі. Кәсіби мәдениет кәсіби топ мүшелерінің арнайы кәсіби міндеттерді шешу тәсілдерін игерудің нақты деңгейі. Жалпы қоғамның әрбір кәсіптік қызметтегі адамдардың мәдени деңгейіне қойылатын талаптар: маман қоғамның жағдайы мен талаптарына сай жеке кәсіби міндеттерді кеңінен шешуге қабілеттілігі, жоғарғы технологиялар мен техниканы еркін пайдалана білу, қоғамның даму қарқынына ілесе отырып, «жаңалыққа» құштарлығы және т.б. Мұның бәрі тұлғада білім беру үдерісінде, кәсіби мәдениетті игеру барысында дамиды.

«Педагогикалық мәдениет» түсінігі бұрыннан педагогикалық іс-әрекет практикасына енгізілген, ал оны теориялық тұрғыда зерттеу жан-жақты қарастырылуда. Педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктерін талдауға, педагогикалық қабілетті зерттеуге, мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты бұл проблема С.И. Архангельский, А.В. Барабанщиков, Е.В. Бондарева, З.Ф. Исарева, Н.В. Кузьмина т.б. педагогикалық мәдениетпен байланыстыра отырып, қарастырылғанын көрсетеді.

Т.И. Иванова педагогикалық мәдениетті тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып отырып, бағыттылығы (жоғары әдіснамалық және әдістемелік мәдениеті, шығармашылық іс – әрекетке даярлығы және т.б.), мәдени тәжірибесі (мәдениет туралы білім, онымен қарым – қатынас жасай білу қабілеті), жаңа педагогикалық ойлауы (мәдени – шартты пайымдау, тану қабілеті) қамтылған ұзтаз тұлғасының интегративті сапасы, – деп қарастырады [3].

В.Л. Бенина педагогикалық мәдениетті «адамдардың жинақталған әлеуметтік тәжірибені беру барысындағы нақты іс – әрекеті мен осы іс – әрекеттің білім, білік, дағды түрінде бекітілген нәтижелерінің біртұтастығын қамтитын педагогикалық үдерістің интегративті сипаттамасы» деп анықтайды.

Қазақстанда орындалған ғылыми еңбектерге жасаған талдау оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзекті бағыттарының, болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасының (Н.Д. Хмель, Ш. Таубаева, А.П. Сейтешев, Г.Ж. Меңлібекова, М.С. Молдабекова, С.С. Маусымбаев, А.А. Жайтапова, Г.Т. Хайрулин, О.У. Мұсабеков, К.М. Беркимбаев, С.М. Кеңесбаев т.б.), жеке тұлғаның қазақ этнопедагогикасы негізінде жан-жақты дамуының (С.А. Ұзақбаева, Р.К. Төлеубекова, Қ.Б. Жарықбаев, Қ.Б. Бөлеев және т.б.) педагогикалық мәдениетпен байланыстырыла отырып, қарастырылады [4].

Философияда, әлеуметтануда, педагогика мен психологияда мәдени бағыттылықты зерттеумен байланысты, педагогикалық мәдениеттің кейбір жақтары талданды: мұғалім жеке тұлғасының әдіснамалық, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативті, технологиялық, рухани, дене мәдениеті. Бұл зерттеулерде педагогикалық мәдениет педагогикалық іс-әрекет жүйесінде көрінетін мұғалімнің жалпы мәдениетінің маңызды бөлімі. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениеті қоғамдық құбылыс ретінде педагогикалық мәдениеттің бөлімі болып табылады. Педагогикалық мәдениеттің таратушылары, олар кәсіби немесе кәсіби емес деңгейде педагогикалық практикамен айналысатын адамдар. Кәсіби-педагогикалық мәдениетті таратушылар, олар педагогикалық әрекетті, педагогикалық қарым-қатынасты, жеке тұлғаны құрастыратын педагогикалық еңбек арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіби-педагогикалық мәдениет – мұғалімнің әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, игерген білім, білікті тәжірибиеде қолдана білуі және өзін-өзі, қоршаған ортаны жаңарту қабілетімен қатар басқа адамдармен ізгілік тұрғысында қарым-қатынас жасай білу қабілетімен сипатталады.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің үш компоненті бар: аксиологиялық, технологиялық, жеке бастық-шығармашылық.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің аксиологиялық компоненті білім беру дамуының қазіргі кезеңінде біртұтас педагогикалық процеске енгізілген адамның педагогикалық құндылықтарының жиынтығы негізінде пайда болды. Педагогикалық әрекет процесінде мұғалім пікірлер мен концепцияларды игереді, білім мен іскерлік алады, ал оның өзі педагогикалық әрекеттің гуманистік технологиясын құрады. Қоғам және жеке педагогикалық жүйе үшін білім, көзқарас, концепциялар педагогикалық құндылық ретінде көрініс табады. Педагог өз ісінің шебері болады, ал педагогикалық құндылықпен педагогикалық әрекетті игеріп, дамытады. Мектеп пен педагогикалық көзқарастардың тарихы – күнделікті бағалау, қайта құру, құндылықтарды бекіту және педагогикалық технологияларды жаңа жағдайларға игерту процесі. Субъектілік тәрбиелеу және мұғалімге берілетін жалпы аламгершілік мәдени-педагогикалық атақтың құндылығы оның жеке басының байлығымен, мамандық іс-әрекетке бағыттылығымен, адамның ішкі әлемімен анықталады. Соған байланысты С.Л. Рубинштейннің құнды қарым-қатынас адамның іс-әрекетінің көріну тәсілі болып қалады деп айтылуы дұрыс. Педагогикалық құндықтарды айта келе, оның үш негізгі түрін айқын көрсетуге болады.

1. Әлеуметтік-педагогикалық құндылық.
2. Топтық педагогикалық құндылық.
3. Жеке бастық педагогикалық құндылық.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің технологиялық компонентіне мұғалімнің педагогикалық әрекетінің құралдары мен тәсілдері енеді. Педагогикалық мәдениеттің құндылықтары мен нәтижелері жеке тұлға нәтижесінде құрылады. Педагогикалық әрекеттің гуманистік бағыттылығы жеке тұлғаның рухани қажеттілігін қанағаттандыру механизмін зерттеу мүмкіндігін береді. Педагогикалық әрекетті технологиялық әрекет деп атаймыз. Осыған байланысты педагогикалық әрекеттің операциялық талдануы қажет, ол педагогикалық есептерді шешу ретінде қарастырылады. Педагогикалық технология педагогикалық мәдениеттің мәнін түсінуге көмектеседі, тарихи өзгеретін тәсілдерді ашады, әрекет бағыттарын түсіндіреді. Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің жеке бастық-шығармашылық компонентіне шығармашылық акт ретінде оның игерілу механизмі жатады. Педагогикалық құндылықтарды мұғалім жеке бастық-шығармашылық деңгейінде меңгереді. Педагогикалық мәдениет құндылықтарын игере отырып, педагог оларды қайта құрып, интерпретациялай алады, Педагогикалық шығармашылық сипаттамасы – педагогикалық мәдениет болып табылатын адамның өмір әрекетінің түрі. Шығармашылық педагогтан қажеттілікті, қабілетті, бостандықты, өзінділікті, жауапкершілікті талап етеді [5].

Сонымен, кәсіби-педагогикалық мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалімнің шешуге тиісті міндеттері:

1. жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістеріне оқыту;
2. оқушыны құбылысқа тұтастай және қозғалыс кезінде қарауға үйрету;
3. оқушыны өзін-өзі ұйымдастыруға үйретіп, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолын көрсету.

Кәсіби-педагогикалық мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалім:

- ғылыми теория, гносеология, әдістеме негіздерін білуі тиіс;
- мамандықты және пәнін жақсы білуі керек;
- мұғалімнің өзінің сенетіндігін көрсететін және шығармашылық таным процесін дамытатын энергияның болуы қажет.

Кәсіби-педагогикалық мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалімге тән мінез-құлық:

- балаларды сүйе білу – ізгіліктілік қағида мұғалімнің адами маңызды сапасы;
- баланы, адамды құрметтеу – әр адамның бойынан тұлғаны көре білу қасиеті;

- балаға, адамаға сену – оқу процесіндегі жетістік кепілі, ізгіліктілік пен өзіне-өзі сенім;
- баланы, адамды білу – тұлғаның жан дүниесін білмейінше тәрбие жүйесіз жүргізіледі; гуманист болу – адамды тани білу;
- баланы, адамды түсіну – оның орнына өзінді қоя біліп, қоршаған дүниені оның көзімен көре білу қабілеті;
- жеке тұлғаның рухани дүниесі мен табиғатына қамқорлықпен қарау (әрбір тұлғаның қайталанбайтын өзіндік рухани әлемі, оның тәжірбиесі, әдеттері мен көзқарастары болады);
- жеке абырой сезімін сақтау және дамыту (онсыз тәрбие де, өзін-өзі тәрбиелеу де мүмкін емес);
- оқу процесіне қатысушы ретінде баланың, адамның досына айналу, оған қолдау көрсету және көмектесу (В.С. Сухомиллинский бойынша).
- тұтастай ойлай білу (ондай мұғалім іс жүзінде психолог болады);
- педагогикалық еңбек мәдениетіне бағытталу – мұғалімнің тұтастай дүниетанымын қалыптастыруға бағытталу;
- тұлғаның денсаулығына, психикасына, шығармашылыққа деген ұмтылысына зиян келтірмеу;
- тұлғаның дүниені тұтастай қабылдауына көмектесу;
- екіұдай жағдайға тап болған оқушыны дұрыс таңдау жасауына көмектесу;
- білім берудің биологиялық тепе-тең әдістемелері мен технологияларымен жұмыс істеу [5].

Осыған орай, «кәсіби-педагогикалық мәдениет» құрылымының 4 блогін атап көрсетуімізге болады:

1. педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапалары;
2. педагогтің адамгершілік қасиеттері;
3. педагогтің кәсіптік-этикалық іс-әрекеті;
4. педагогикалық шеберлік.

1. Педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапалары:

- әрекеттік сапа (жауапкершілік, ар-намысшылдық, еңбексүйгіштік, нақтылық);
- рефлексивті сапа (ұқыптылық, тиянқтылық, өзіндік сыншылдық, эрудиция, талап қоя білушілік, міндеттілік);
- эмпатиялық сапа (өзара түсіністік, қайырымдылық, түсінушілік қайғыға ортақтаса білуге қабілеттілік);

2. Педагогтің адамгершілік қасиеттері (дәлелдей білушілік, ұстанымдылық, патристизм, ұжымшылдық, тәртіпшілдік, мәдениеттілік).

3. Педагогтің кәсіптік-этикалық іс-әрекеті. Тұлғаның ерекше өмір сүру салтымен, мақсаттылығымен, арнайы қарым-қатынас жүйесін, адамдарды оқыту мен тәрбиелеу саласындағы пікірлері мен жеңістерін үнемі жетілдіріп отыруға ұмтылысымен сипатталады.

4. Педагогикалық шеберлік:

- пәндік білімі (кәсіптік құзырлылық, арнайы-кәсіби даярлығы, оқыту мен тәрбиелеудегі тәжірбиесі, ғылыми біліктілігі);
- педагогикалық технология (сөйлеу мәнерінің техникасы, ойлау логикасы мен нақтылығы, талдауларының нақтылығы, бейнелі көрсетілімдері, қажетті құралдарды таңдай білу дағдысы, формалары мен тәсілдері);
- педагогикалық шығармашылық (шығармашылық талдау, стандарты емес ойлау, жаңа ақпараттар іздестірудегі қажеттілік, экспериментке ұмтылыс);
- педагогикалық стиль (педагогикалық нақтылық, өзінің және өзгенің әрекетін қабылдай және бағалай білу дағдысы, педагогикалық бағыттағы тіл табысу мен әрекетшілдік, педагогикалық тактика мен этика, тыңдай және тыңдата білу дағдысы, адамдардың ішкі дүниесін тануға қызығушылық) [6].

Сонымен, болашақ мұғалімдердің кәсіби мәдениетін қалыптастыру қазіргі кезеңде кәсіби білім беру жүйесін дамытудың мазмұнды сұраныстары және даярлық жүйесіндегі сәйкес мазмұнды қарастыруға, кездесетін қайшылықтарды жеңуге бағытталады. Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында «Жаңа формация мұғалімі – кәсіби дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан, жаңалыққа құмар, кәсіби педагогикалық мәдениеті жоғары, рухани дүниесі бай, шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға» деп көрсетілген, яғни ол ізгілігі мол әр іске жаңашылдықпен, үлкен ізденіспен зерттеуші ретінде қарайтын, ақпараттық технологияны толық меңгерген, коммуникативті, бір сөзбен айтқанда, толыққанды құзырлы адам. Мұғалім өзі құзыретті болмай, мақсатқа жету екіталай. «Ұстаз қандай болса қоғамы сондай» деген бұлжымас заңдылық қай қоғамда да көкейкесті.

1 Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана. 2004. 3-4 б.

2 Жамансариева Л.Д., Дәужанова Л.М. «Болашақ мамандардың педагогикалық шеберлігін қалыптастыру» // Профессор Б.С. Сейсеновтың 70 жасқа толуына арналған «Қазақстан қоғамының даму тенденциялары: әлеуметтік-саяси, инновациялық аспектілері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция – Қызылорда, 2011.25 қараша, 523-526 б.

3 Ерментаева А.Р. «Студенттерді субъект-кәсіби бағытта психологиялық дайындау мәселелері» // Региональный Вестник Востока, №1 (21), 2004, 5 б.

4 Жамансариева Л.Д., Дәужанова Л.М. «Педагогикалық мәдениеттің мәні мен ком-поненттері» «ҚМУ Хабаршысы» №33, 2012. 70-75 б.

5 Әуезов Б. «Мұғалімнің кәсіби мәдениеті» // «Қазақстан мектебі» 2009 ж №4., 66-67 б.

7 Аганина К., Әділбекова З. «Мұғалім мәдениеті» // «Қазақстан мектебі» 2001, №9, 29-31 б.

8 Беркімбаев К.М. «Жаңа формациядағы мұғалімдерді дайындаудағы психология және педагогика пәндерінің рөлі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау, 2007. – I том. – 75-80 б.

Аннотация

Аганина К.Ж. – КазНПУ им. Абая

Балтабай Ж.Б. – КазНПУ им. Абая

Научно-педагогические предпосылки формирования профессиональной культуры будущего педагога

В этой статье предусмотрены аспекты формирования профессиональной культуры будущего педагога, педагогическая этика, педагогический профессиональный долг, профессиональная культура, педагогическая профессиональная культура. Обобщены принципы формирования профессиональной культуры будущего педагога. А также раскрываются сущность психолого-педагогической исследования профессиональной педагогической культуры будущего педагога. Формирование личности, обладающей высокой общей и профессиональной культурой, способной к активному утверждению своей позиции в процессе психолого-педагогической деятельности, является неотъемлемым условием совершенствования системы подготовки будущего специалиста. В статье представлен особенности формирования профессиональной культуры которое в настоящее время очень актуально, так как инновационные процессы, происходящие в педагогической теории и практике, предъявляют серьезные требования к подготовке будущего специалиста в сфере образования: педагога, педагога-психолога, социального педагога. В процессе профессиональной подготовки нужно уделять внимание формированию не только профессиональной компетенции, но и профессиональной культуры будущего специалиста, которая раскрывается через профессиональную компетенцию, мотивационно-ценностное отношение к своей специальности, профессионально важные качества и профессиональную направленность, обеспечивающие творческий подход в решении профессиональных задач.

Ключевые слова: педагогическая этика, профессиональная культура будущего педагога, педагогическая этика, педагогический профессиональный долг, профессиональная культура, педагогическая профессиональная культура.

Abstract

Aganina, K.Zh. – *Abay KazNPU*

Baltabay Zh.B. – *Abay KazNPU*

Scientific and pedagogical prerequisites for the formation of the professional culture of the future teacher

The article deals with the aspects of forming the professional culture of a future teacher, his pedagogical ethics, pedagogical professional duty, professional culture, pedagogical and professional culture and the principles of forming the professional culture of the future teacher are generalized too. And also the essence of the psychological and pedagogical research of the professional pedagogical culture of the future teacher are revealed. The formation of a person who possesses a high general and professional culture, capable for active asserting his position in the process of psychological and pedagogical activity is an indispensable condition for improving the training system of the future specialist. The article represents the peculiarities of the formation of professional culture which is very relevant nowadays because the innovative processes taking place in the pedagogical theory and practice make serious demands on the training of the future specialist in the field of education: teacher, teacher-psychologist, social pedagogue. It is necessary to pay attention not only to the formation of professional competence in the process of professional training but also to the professional culture of the future specialist which is revealed through the professional competence and motivational and value attitude towards his specialty, professionally important qualities and professional orientation providing creative approach in solving the professional tasks.

Keywords: pedagogical ethics, professional culture of future teacher, pedagogical ethics, pedagogical professional duty, professional culture, pedagogical professional culture.

МРНТИ 15.01.07

T.Sh. Isabekova¹

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan*

**THE METHOD'S DIAGNOSIS AND THE DEVELOPMENT
OF MODERN PERSONALITY COMMUNICATIVE COMPETENCE**

This article describes some of the methods of diagnosis and the development of communicative competence of the modern individual. Gives information on the nature of communication situations, the psychological problems of interpersonal interaction Procedure and ways of solving them. Communicative competence of modern personality is seen as a system of internal resources required to build effective communicative action in a certain circle of interpersonal situations.

In addition, this article group training is presented as one of the diagnostic methods of communicative competence, which is very effective, but not the only means of communication competence. During this hours person takes possession of the means of regulation of the internal communication actions, mastering cultural heritage, observing the behavior of others, losing in the imagination of the possible communication situation.

Keywords: communicative competence, personality, diagnostic techniques, group training, interpersonal communication, psychological communication.

A modern approach to the problem of developing and improving the communicative competence of adults is that learning is seen as self-development and self-improvement on the basis of one's own actions, and the diagnosis of competence must become self-diagnostics, self-analysis. The problem of diagnosing competence cannot be solved by simply informing the subject about the results of testing - the essence of it is to organize the diagnostic process in such a way that its participants will receive effective information, i.e. Such, on the basis of which people could themselves carry out the necessary correction of their behavior.

Acquisition of communicative experience occurs not only on the basis of direct participation in acts of communicative interaction with other people. There are many ways to obtain information

about the nature of communicative situations, problems of interpersonal interaction Procedure and ways of their solution [1].

Communicative competence is seen as a system of internal resources required to build effective communicative action in a certain circle of interpersonal situations.

Like any action, the communicative act includes the analysis and assessment of the situation, the formation of the goal and composition of the action, the implementation of the plan or its correction, evaluation of effectiveness. Of particular importance for the diagnosis of competence is the analysis of the composition of those internal means of activity that are used for orientation in communicative situations. *Assessment of cognitive resources* to ensure adequate analysis and interpretation of the situation is a priority diagnostics of communicative competence com [2].

A large block of techniques based on the analysis of *“free description”* of the various communicative situations, the experimenter asked verbally or through pictorial means. This creates the opportunity to coordinate the survey situation with the context of the real or potentially possible sphere of life of the subject, which distinguishes this methodical approach from standardized questionnaires, in which a significant part of the “points” is often irrelevant to the communicative sphere of relevance for the individuals being tested.

A special place among the methods of cognitive resources takes a set of techniques, known *repertoire matrix test* or technique of repertory grids (Fedotov, 1984), and allowing to determine the elemental composition and the method of building cognitive structures on the basis of which there is an organization of social experience [1].

Both of these methodological approaches allow us to identify those components of cognitive resources that people actually use when orienting themselves in communicative situations that are significant for them. The psychodiagnostic data obtained in this way can serve as a reliable basis for choosing the correction methods revealed during the study of inadequacies in the development of the cognitive sphere. It is also important that the techniques mentioned groups being primarily diagnostic may at the same time serve as elements about competence development procedures [2].

Diagnosis competence indicative of the communicative action and partly produced by techniques based on the *“case method”*. This approach has a limitation that does not allow us to directly estimate the cognitive resources used in orienting the communicative action, but on the other hand, it makes it possible to determine the degree of effectiveness of their use, which can be judged by the adequacy of the definition of the situation.

A comprehensive diagnosis of communicative competence, or an assessment of the resources of a communicative act, involves an analysis of the system of internal funds that provide planning for action. In assessing competence are various quantitative and qualitative characteristics of solutions, among which the main place is occupied by an indicator such as the number of different kinds of constructive solutions [1].

Diagnosis of *the executive part of the* communicative action based on the *analysis and evaluation of the operational structure of action*. The analysis of the operational composition is made by observation either in natural conditions or in specially organized game situations simulating situations of real interaction. A great role here is played by the technical means of fixing the behavior of the observed - audio and video recording equipment, as their use increases the accuracy and reliability of the observational data and, what is especially important, the observed itself can be involved in the analysis process.

In the first stage of the analysis carried out an inventory of used **communication techniques** - the operational allocated a unique repertoire. In this repertoire may include **the possession rate of speech, intonation, pause, lexical diversity, skills and activating non-legislative hearings, non-verbal technique: facial expressions and pantomime, gaze fixation, the organization of the communication space, etc.**

Analytical observation of communicative interaction, both real and presented in an artistic form, not only gives the opportunity to “train” acquired cognitive means, but also helps to master means

of regulating one's own communicative behavior. In particular, the process of observation allows us to identify a system of rules, guided by which people organize their interaction, understand what rules contribute to, and which hinder the successful flow of communicative processes. Not by chance observation of communicative behavior of others is recommended as an effective way to increased Ia own competence [2].

An important aspect of the process of forming communication skills is mental reproduction of one's behavior in various situations. Planning for their actions "in the mind" is an integral part of the normal flowing of communicative action [3]. A person's ability to act "in the mind" can be purposefully used to provide "controlled spontaneity", which is an important characteristic of a competent communicative behavior.

Group training, as can be seen from the above, is, although very effective, but by no means the only means of developing communicative competence. **Man seizes internally regulation of communicative actions, mastering cultural heritage, observing the behavior of others, losing in the imagination of the possible communication situation.** Solving the issues of increasing the communicative potential of the individual [4], it is necessary to use the entire arsenal of available funds.

Thus, the communicative competence should be viewed as a system of internal regulation means of communicative action, highlighting the latest in orienting and executive sos were lent. Diagnosis is primarily a process of self-analysis, and development - a process of self-improvement resources of the organization communicative interaction [1].

1 *Общение и оптимизация совместной деятельности. Под редакцией Андреевой Г.М. – М.: 1987. – 297 с.*

2 *Петровская Л.А. Компетентность в общении. – М.: Изд-во МГУ, 1989. – 216 с.*

3 *Бодалева А.А. Психологическое общение. – М.: Изд-во "Институт практической психологии", Воронеж: Н.П.О, "Модек", 1996. – 256 с.*

4 *Пралиев С.Ж., Намазбаева Ж.И., Каракулова З.Ш., Садыкова А.Б. Психологические основы развития творческой интеллектуальной личности в образовательной среде. – Алматы, изд. «Ұлағат» КазНПУ им.Абая, 2012 – 232 с.*

Аннотация

Исабекова Т.Ш. – КазНПУ имени Абая

Методы диагностики и развития коммуникативной компетентности современной личности

В данной статье говорится о некоторых методах диагностики и развития коммуникативной компетентности современной личности. Даются сведения о характере коммуникативных ситуаций, психологических проблемах межличностного взаимодействия и способах их решения. Коммуникативная компетентность современной личности рассматривается как система внутренних ресурсов, необходимых для построения эффективного коммуникативного действия в определённом круге ситуаций межличностного взаимодействия.

Кроме того, в данной статье групповой тренинг представлен, как один из методов диагностики коммуникативной компетентности, который является весьма эффективным, но далеко не единственным средством развития коммуникативной компетентности. В ходе него человек овладевает внутренними средствами регуляции коммуникативных действий, осваивая культурное наследие, наблюдая за поведением других людей, проигрывая в воображении возможные коммуникативные ситуации.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, личность, методы диагностики, групповой тренинг, межличностное взаимодействие, психологическое общение.

Түйіндеме

Исабекова Т.Ш. – Абай атындағы ҚазҰПУ

**Қазіргі тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін дамыту және
диагностикалаудың әдістері**

Бұл мақалада қазіргі тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін дамыту және диагностикалаудың кейбір әдістері жайында әңгімеленеді. Коммуникативтік жағдаяттардың сипаты, тұлғааралық өзара қатынастардың психологиялық мәселелері және оларды шешу тәсілдері туралы мәліметтер беріледі. Қазіргі тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігі, тұлғааралық өзара қатынас жағдайының белгілі аймағында тиімді коммуникативтік әрекеттер жасауға қажетті, ішкі ресурстар жүйесі ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар бұл мақалада топтық тренинг коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың барынша тиімді, бірақ жалғыз ғана емес құралы болып, коммуникативтік құзыреттілікті диагностикалаудың бір әдісі ретінде көрсетіледі. Оның барысында адам коммуникативтік әрекеттерді реттеудің ішкі құралдарын меңгереді, коммуникативтік жағдаяттарды қиялында елестете отырып, өзге адамдардың мінез-құлқын бақылайды, мәдени мұрамен танысады.

Түйін сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, тұлға, диагностикалау әдістері, топтық тренинг, тұлғааралық өзара қатынас, психологиялық қарым-қатынас.

МРНТИ 15.31.31

Қ.С. Арыстан¹

Э.К. Қалымбетова²

^{1,2} әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

**ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДА ТӘРБИЕЛЕНГЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАС ЖАСАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Бұл мақалада толық емес отбасында тәрбиеленген жасөспірімдермен қарым-қатынас жасаудың психологиялық мәселелері қарастырылды. Соның ішінде, олардың қарым-қатынасына жеке-тұлғалық ерешеліктерінің әсері зерттелді. Бұл мақалада, Дж.Боулби, Р.Шпиц, А.Фрейд, В.С.Мухина, Л.С.Выготский, М.И.Лисинаның және т.б. ғалымдардың ғылыми жұмыстары қаралды. А.А. Карелинаның әдістемесінің нәтижесі бойынша, толық емес отбасыда тәрбиеленген жасөспірімдерде коммуникативті қабілеттілік деңгейі төмендеу болды. Қарым-қатынас тәжірибесінің дұрыс қалыптаспауынан, көбінесе балаларда басқа адамдарға деген агрессивті-негативті бағытты ұстану жиі кездеседі. Ата-анасының махаббатын толық сезінбеу психологиялық қорғаныс механизмдерінің қалыптасуына, тәрбиелеудегі қиындықтарға, дамудағы жекелік қиындықтарға, эмоционалдық қақтығысқа және фрустрацияға алып келетіндігі анықталды. Толық емес отбасындағы балалардың тағы бір ерекшелігі – ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасында мазмұны өте таяз, эмоциясының болмайтындығы талданды.

Толық емес отбасында тәрбиеленген балаларда көбінесе қарым-қатынасқа түсуде қиыншылықтар байқалатыны анықталды.

Түйін сөздер: отбасы, жасөспірім, қарым-қатынас, коммуникативті қабілет, тұлғааралық қатынас.

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі – толық емес отбасында тәрбиеленген балалардың мәселелері. Олардың тұлғалық-психикалық жетілуіне, денсаулығына деген әлеуметтік қамқорлықты күшейту, қоғам өмірінің барлық салаларына толық араласуына жағдай жасау бірінші кезектегі өзекті мәселелердің біріне айналууда. Қазіргі толық емес отбасындағы балалардың жағдайы, ондағы кездесетін қиындықтар көптеген мамандардың назарынан тыс қалып отырған жоқ. Әрбір жас кезеңінде бала ерекше қолдауды талап етеді. Бір жас кезеңінен екінші бір кезеңге өту ең алдымен жетекші іс-әрекеттің ауысуымен және жаңа тұлғалық қасиеттердің пайда болуымен сипатталады. Жасөспірімдік

жаста жаңа психологиялық құрылымдар, басқа сезімдер, қызығушылықтар, тілектер және өзінің мінез-құлықын қалыптастыруда басқаларды бақылау арқылы бағыттау дағдысы қалыптасады [1].

Көпшілік мектептердегі жасөспірімдер әлеуметтік дамуының айырмашылығы тек, мысалы: біреулері отбасында, ал екіншілері отбасынан тыс арнайы балалар мекемелерінде тәрбиеленуінде емес, сондай-ақ, олардың қоғамда қол жеткізген дәрежедегі орнын иеленуінде. Оған байланысты толық емес отбасында тәрбиеленген жасөспірім тұлғасының психологиялық даму мәселелеріне ерекше тоқталып, жан-жақты зерттеу қажеттілігін туындатады. Толық емес отбасында тәрбиеленген жасөспірімдердің ерекшеліктерін, даму өзгешелігін шетел ғалымдары А.Адлер, А.Фрейд, Дж.Боулби, Р.Шпиц, М.Винце және тағы басқа ал ресейлік М.И. Лисина, С.Ю. Мещереякова, Н.М. Щелованова және т.б. психолог-зерттеушілер қарастырды.

Толық емес отбасында тәрбиеленген жасөспірімдерде дезадаптация себебін туғызатын екі фактор бар олар: 1-ші қорқыныш және 2-ші жеккөрушілік сезімі. Бірінші жағдайда жасөспірім, өзін үлкендер дұрыс қабылдай ма деген сауалды көп қояды. Сонымен қатар ол өз міндеттерін орындауға тырысады, мұғаліммен әрқашанда амандасудан қашпайды, мұғалімдермен жақсы қарым-қатынас құруға даяр болады. Ол мұғалім тарапынан көмек күтіп отырады және оның бақылауында үнемі жүреді. Бұл қорғаныш механизмдерінің белгісі болып табылады. Ал, екінші жағдайда бала депрессия, ассоциалды іс-әрекеттің алғашқы кезеңін бастан кешіреді. Нәтижесінде бала үлкендерге деген агрессивті мінез-құлық әрекетін танытады. Мұндай кезде жасөспірімдер шыдамсыздық күйге түседі. Сонымен қатар жасөспірім мұғалімдермен амандасудан қашып, онымен артық әңгіме сұхбат құрудан да алыстайды. Мұндай балалардың көңіл-күйі де құбылмалы болып тұрады. Кей жағдайда мұғалім мұндай балалар тапсырмаларды әдейі орындамайды деп шешуі де мүмкін. Балада қарым-қатынас жасағанда дезадаптация мен қорғаныш механизмдерінің жағымсыз белгілері көрінеді.

Толық емес отбасындағы жасөспірімдердің қарым-қатынас ерекшеліктері:

Әлеуметтік тәжірибеде адамдардың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін балалар ересектердің көмегінсіз игере алмайтыны белгілі. Ересектер бала үшін тәжірибенің тірі үлгісі; бала олардың мінез-құлық, іс-қимылына сын көзбен қарап баға беру арқылы өзіне керекті қасиеттерді бектеді және қоғамаға жат қылықтардан өзін аулақ ұстауға тәрбиелейді, белсенділігін арттырып дұрыс жолға бағыт алады. Осы айтылғанның барлығы да ересектермен күнделікті дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас әсерлерінен туындайды. Сондықтан, баланың психологиялық тұрғыдан дұрыс дамуы үшін оның ересектермен жеткілікті түрде қарым-қатынас жасауы шарт.

Баланың сезімі мен оның өз еркіне ұмтылуы – оның толық дамуының куәсі. Мысалы, «мен жүгіре аламын, бірақ жүгіруге болмайды, себебі: апам дем алып жатыр», тағы сол сияқтылар. Осындай әр түрлі шек қоюлар баланың көзге көрінбейтін ішкі қасиеттерне, өмірге талпынысына әсер етеді.

Баланың қарым қатынас сферасы екі бағытта дамиды:

1. Балалардың ата-анасымен, тәрбиеші педогогтармен және басқа ересектермен қарым-қатынас жасауы;
2. Балалардың басқа балалармен, өз қатарластарымен, өзінен кіші және ересектеу балалармен қарым-қатынас жасауы.

Көптеген жылдар бойы психологтар балалар мен ересектердің қарым-қатынасына аса көңіл бөлуде. Балалардың ересектер мен және басқа балалармен қарым-қатынас жасауы әр-түрлі ғылыми позициялардан түсіндіріледі. Психология ғылымында «бала мен ересек» жүйесіндегі қарым-қатынас «бала мен бала» жүйесіндегі зерттеулерге қарағанда аз қарастырылған.

1945-1952 жылдары Дж. Боулби, Рене Шпиц, Анна Фрейд зерттеулері баласының анасымен қарым-қатынас жасауындағы кемшіліктер баланың психикалық және физи-

калық дамуына кері әсер ететіндігін көрсеткен. Баланың анасымен байланыстың жетіспеушілігінен мінез-құлқында агрессивтілік, делинквенттілік, селқос енжарлықтың орын алатындығын дәлелдеген. Бала мен ересектер қарым-қатынасын сипаттай отырып Н.М. Щелованов «қарым-қатынас дефициті» ұғымын ең алғаш қолданған. Л.С.Выгодский, М.И.Лисина, Н.М.Аксаринаның зерттеулерінің нәтижесінің бала мен ересек қарым-қатынасының мазмұнының баланың келешектегі, мінез-құлқы қалыптасады деп көрсететінінен байқауға болады [2,3,4]. Отбасылық тәрбиедегі сәби екі айлық кезінен бастап сөздік қарым қатынасының тәсілі арқылы қоршаған ортадан хабардар болғандықтан, оның тілі мен сөйлеуінің дамуына жол ашылады. Ал тәрбиеленушілер ше? Олар вербалды қарым-қатынастың жеткіліксіздігінен тілі мен сөйлеуінде айтардықтай тежеулер болады, соның салдарынан танымдық үрдістері дұрыс жетілмейді де, өзіндік тұрақты сезімнің қалыптасуы артта қалады.

Баланың ересектермен қарым-қатынасы неғұрлым басым болса, соғұрлым өмірге араласуы жеңілірек болар еді. Балалар үйінде ата-анасын мүлде көрмеген балаларға қарағанда сәтсіз жанұядан шыққан балалар коммуникативті және ересектердің ықпалын жылдам қабылдайтын және қорғаныс механизмін кез келген жағдайда қолданылатын көрінеді.

Психологтар қазіргі кезде балалар үйінде тәрбиеленуші балалар мен толық емес отбасындағы тәрбиедегі балалардың ересектермен қарым-қатынасының бір қатар айырмашылықтарын тағайындаған:

- Ересектер мен қарым қатынас тығыз эмоционалдық іскерлік бағыт алады, яғни ересектер балалардың істеген әрекеттеріне қатты назар аударып қуаныш немесе наразылық білдірмейді, бала тарапынан ұсынылған талабына қолдау таппайды. Ал ересектер сезімталдық танытар болса, бала белсенділігінің дамуы жағымды әсерге ие болар еді;

- Ересектер мен қарым-қатынас баланың танымдық дамуына себеп болады;

- Ересектер – баланың іс-әрекетін бағалап, оны теріске шығарады немесе түзелуге тырысады.

1985 жылы И.А.Залысина мен Е.О.Смирнованың зерттеулері толық емес отбасындағы балалардың өзара қарым-қатынасы балабақша балаларына қарағанда нашар екендігін көрсеткен. Балабақша балалары әртүрлі мәселесін шешуде немесе өз қуанышын, күйзелісін бөлісуге құрдастарына ұмтылған, оларды өз күйлеріне еліктіре алған, ал толық емес отбасындағы балаларда 3 есе аз мөлшерде өз құрдастарына көңіл аударған, жанашырлық танытпаған. Бірге ойнай отырып бір-бірінен тәуелсіз болған, әртүрлі ойындармен айналысқан. Құрбыларының іс-қимылы, немен шұғылданып отырғандары оларды қызықтырмайды, ал ересектерге әр-түрлі сылтаулармен жақындай берген. Ересектерге көңіл аударулары балабақша балаларына қарағанда 6 есе көбірек кездескен. Бұдан балалар үйінің тәрбиеленушілерінің өз құрдастарымен қарым-қатынас қажеттілігі толық емес отбасындағы балаларға қарағанда төмен болатындығын байқадық [1].

Толық емес отбасындағы балалардың тағы бір ерекшелігі – ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасында мазмұны өте таяз, эмоциясы болмайды. Бірақ, кез-келген уақытта олар ересектердің ортасын, олардың өзіне көңіл аударуын күтіп төрадың әр уақытта олармен қарым-қатынасқа түсуге даяр екенін көрсетеді, мадақтауы мен қатысуларын күтеді. Ашықтық, сензитивтілік педогогикалық әсерге жылдам көнуге әкеліп соғады, бірақ ересектердің мейірімі толық емес отбасындағы балалар үшін жалғыз ғана коммуникативтік қажеттілік болмау керектігін біз есте сақтауымыз керек. Осының негізінде күрделі қажеттіліктер орнайды, ол: өзара сыйластық, кішіпейілділік, мейірімділік. Осының барлығы ересектермен баланың қарым-қатынасынан туындайды.

В.С.Мухина толық емес отбасындағы балалар толық жанұя балаларына қарағанда бірқатар мәселелер кездесетіндігін көрсеткен. Оларға:

- Балалардың өз құрдастарының арасында бейімделе алмауы эмоционалды қозуға, мазасыздыққа, агрессивтілікке әкеледі;

- Жағымды эмоция, махаббат, адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынасы деформацияланған;
- Өзіндік сананың қалыптасуында аса мәнді – жеке қалу мүмкіндігінің болмауы;
- Жауапкершіліктің, өз заттарын күтудің болмауынан берілген нұсқаулар бойынша өмір сүру позициясының қалыптасуы;

• «Біз» сезімнің басым болуы «өзімдікі» және «бөтен» адамдарға бөлуіне қатысты топтық эгоизмнің пайда болуы, нәтижесінде, өз мақсатына жету үшін біртектілік немесе агрессивтіліктің немесе көптеген қорғаныш механизмдерінің тууы. Толық емес отбасыдағы «жабық» орта сенсорлық «аштық» тудыра отырып кез келген жастағы адам баласына зиянды болып есептеледі. Әсіресе, жаңа дамып, өсіп келе жатқан бала психикасы үшін оның зардаптары өте көп. Осы балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің мәселелері аса күрделі жағдайда. Бұл жағдайға қатысты өзекті мәселелердің негізгілері мыналар: жетім балаалар денсаулығына деген әлеуметтік қамқорлықты күшейту, олардың құқығына қол сұқпау, қоғам өмірінің барлық салаларына толық араласуға жағдай жасау [5].

Дж.Боулби мен У.Голдфорт пікірлері бойынша, толық емес отбасында тәрбиеленетін жасөспірімдер кішкентай кезінен бастап көптеген ересек адамдармен қарым-қатынас жасайды. Нәтижесінде баланың эмоционалдық күйі бір қалыпта болмайды, керісінше эгоцентризм дамып, әлеуметтік қарым-қатынас тұрақты күйінде қалады [6,7].

Толық емес отбасында тәрбиеленген жасөспірімдерде келеңсіз жағдайлар өте ұзақ орын алғандықтан, балалардың психикалық және физикалық денсаулығына жағымсыз ықпал еткен. Балаларды ұрып-соғу, олардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескермеу, ата-аналарының жұмыссыздығы – осылардың бәрі девиантты және делинквентті мінез-құлықты балалардың санының артуының себептерінің бірі.

Толық емес отбасында тәрбиеленетін жасөспірімдер мен арнайы мекемеде тәрбиеленушілеріне психологиялық, педагогикалық, медициналық және әлеуметтік проблемалар тән. М.И. Лисинаның мәліметтері бойынша, ата-анасының қарауынсыз қалған балалар мен толық емес отбасында тәрбиеленген балалар отбасында өскен құрбы-құрдастарынан бірінші жылдың өзінде-ақ өздерінің көңіл-күйінің жоқтығымен, танымдық белсенділігінің төмендігімен, апатиялығымен, босандығымен ерекшеленеді. В.С. Мухинаның айтуынша, балалардағы психологиялық қорғаныс механизмдері пайда болуының басты себептері олардың «сүйіспеншілік пен мойындау сезімдеріне қажеттіліктерінің орындалмауы» болып табылады, ол балалық тұлғаның деформациясына әкеп соқтырады. Қарым-қатынас тәжірибесінің дұрыс қалыптаспауынан, көбінесе балаларда басқа адамдарға деген агрессивті-негативті бағытты ұстану жиі кездеседі. Ата-анасының махаббатын толық сезінбеу психологиялық қорғаныс механизмдерінің қалыптасуына, тәрбиелеудегі қиындықтарға, дамудағы жекелік қиындықтарға, эмоционалдық қақтығысқа және фрустрацияға алып келеді, өтірікшілік пен қызғаныш сезімдерінің дамуына да апаруы мүмкін.


А.А.Карелинаның коммуникативті қабілеттерін бағалау әдістемесі

Мақсаты: Жасөспірім жастағылардың коммуникативті қабілеттерін бағалау.

«Коммуникативті қабілеттер» ұғымына әңгімелесушінің бағалауы, оның әлсіз жә-не күшті жақтарын анықтау ғана кірмей, сондай-ақ достық қарым-қатынасты орнату қабілеті, әңгімелесушінің кілтипатын түсіну де жатады. Топқа таза парақтар таратылып мынадай нұсқаулар беріледі: «Сізде кез-келген адаммен ол мейлі сіздің жолдасыңыз, қызметшіңіз, тікелей бастығыңыз, басшыңыз немесе кездейсоқ әңгімелесушіңіз болса да әңгімелесу кезінде қанағаттанбауды немесе көңіліңізді қалдырса және тітіркендірген жағдайды белгілеңіз ».

Бұл диагностиканың нәтижелері 30 адамнан тек 8-і ғана жақсы әңгімелесуші болып табылады, бірақ кейде серіктесіне толық көңіл бөлуден бас тартады. Оның айтуларын сыпайы түрде қайталайды, оған өз ойын толық ашуға толық уақыт береді, оның сөздеріне өзінің ойлау қарқынын бейімдейді. Ондай әңгімелесушімен әңгімелескен жағымды.

30 адамның онына кейбір кемшіліктер тән. Олар айтуларына сыни түрде қарайды. Оларға тағы жақсы әңгімелесушінің кейбір артықшылықтары жетіспейді. Оларға өз-өзімен жұмыс істеп және тыңдауға үйрену керек. Ал 6-ы нашар әңгімелесуші екені анықталды.



Сурет-1. Алынған қорытындылардың пайыздық көрсеткіші.

Жеткіншектердің коммуникативті қабілетінің даму деңгейі.

Осылайша, зерттелінушілер арасында жақсы әңгімелесушінің өлшемдеріне толық сәйкес келетін, достық қарым-қатынасты орната алатын және әңгімелесушінің мәселесін түсіне алатындары жоқ болып шықты деген қорытынды жасауға болады.

Алынған мәліметтерді талдап және салыстырып, біз тәрбиешілер психологтар, әлеуметтік педагогтар тарапынан жедел көмекке зәру деген пікірге келдік. Тәрбиеленушілер өзара түсіністік бұзылған, олар бір-бірін адекватты емес түрде қабылдайды. Өзінің көптеген сыныптарстарына деген антипатияны білдіреді. Мұндай жағдай, олар қалаулы бала бола алатын, мәртебелі бола алатын негіздегі жағдайларға олардың топтарының сәйкес келмегендігінен емес, олардың бір-бірімен қарым-қатынас жасай алмауынан. Олар коммуникаторға қарым-қатынас барысында қажет коммуникативті қабілеттерге ие емес.

Тәрбиеленушілер өздеріне, әңгімелесушінің мәселесін түсінуге, оның сондай адам ретінде қабылдауға кедергі келтіретін ешқандай жағымсыз сапарларын көрмейді. Қолайсыз бастамасында тұлғааралық қатынастарды орната отырып, олар тек өзінде емес басқаларында бар мәселені көреді.

Зерттеудің салыстырмалы талдау қорытындылары.


Ғылыми зерттеудің бақылау кезеңінде біз толық емес отбасында тәрбиеленетін жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасының деңгейін анықтадық. Бұларды анықтау үшін А.А.Карелиннің «коммуникативті қабілеттің бағасы» тест бойынша алынған қорытындылар 5 тәрбиеленуші жақсы әңгімелесуші екендігі анықталды және сонымен қатар түсіну және әңгімелесушіні тыңдай білу сияқты коммуникативті қабілеттерді иеленеді.

Жасөспірім тұлғааралық қарым-қатынастың даму деңгейі.

Тренинг жаттығуларынан кейінгі алынған қорытынды бойынша топта жартысынан көп оқушы сыныпта қалаулылардың қатарында, ал топта қалаулы еместердің пайызы төменгі деңгейді көрсетті.

«Коммуникативті қабілеттің бағасы» тесті бойынша қабілетін арттыру үшін өзімен жұмыстар жүргізу керек. Басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда қандай кедергілер бар екенін анықтау керек.


Және 6 оқушы нашар әңгімелесуші екендігі анықталды. Олар басқа адамдарды мүлде тыңдай алмайды, бірақ өзін біреу тыңдағанды талап етеді. Өздерін қарым-қатынаста жақсы және өзгелерді жақсы түсінемін деп ойлайды. Қорытындылар диаграммада көрсетілген.




Сурет-2. Коммуникативті қабілеттің бағасы нәтижесі.

Жасөспірімдердің коммуникативті қабілетінің дамуының деңгейі.

Қалыптастыру және бақылау кезеңінің қорытындылау және талдаудағы тәжірбиелі-эксперименттік жұмысқа мынандай қорытынды жасауға болады. Егер психолог немесе педагог жасөспірімдердің ортасында жағымды атмосфера құрса олардың эмоцияларын, қайғыруларын түсінсе, оларға жаттығулар барысында жағдайлар жасаса-тренинг жаттығулары жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасының дамуына әсер етеді.



Сурет – 3. Жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасының даму деңгейі.



Сурет – 4. Жасөспірімдердің коммуникативті қабілетінің дамуының деңгейі.

«Толымсыздық кешенін өзіндік бағалау» сауалнамасы бойынша зерттеу жүргізу.

Мақсаты: жасөспірімдердің жеке немесе топпен өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.


Нұсқау: Тұлғаның мінез-құлқын, сапасын сипаттайтын сөздерін толық әрі мұқият оқып шық.

Кесте 1.


Толымсыздық кешенін өзіндік бағалаудың нәтижесі

№	Аты -жөні	Өзін-өзі бағалауы төмен		Өзін-өзі бағалауы объективті		Өзін-өзі бағалауы жоғары	
		дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін
1	Ж.			+	+		
2	А.			+	+	+	
3	Г.			+	+	+	
4	А.	+				+	+
5	А.			+	+		
6	А.					+	+
7	Б.	+			+		
8	А.	+			+		
9	Д.			+	+		
10	М.					+	+
11	Қ.	+					+
12	Н.			+	+		
11	Д.	+					+
14	А.			+	+		+
15	А.	+					
16	Б.			+	+		
17	У.	+					+
18	А.				+	+	
19	А.			+	+		
20	Ә.	+					+
21	М.					+	+
22	Ә.	+			+		

23	Д.	+					+
24	Р.			+	+		
25	Ж.					+	+
26	А.			+	+		
27	З.	+			+		
28	А.	+					+
29	С.	+			+		
30	К.	+					+
Барлығы		14	0	11	17	8	13



Сурет – 5. Толық емес отбасындағы тәрбиеленген жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейі.



Сурет-6. Толық емес отбасында тәрбиеленетін жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауын салыстырмалы көрсеткіші.

Толық емес отбасында тәрбиеленген балалардың психологиялық қорғаныс механизмдерін анықтауға жүргізілген келесі зерттеу әдісі толымсыздық кешенін өзіндік бағалау тесті.

Тест бойынша зерттеу нәтижелері:Өзін-өзі бағалауы жоғары (19%), өзін-өзі бағалауы объективті 11 (53%), өзін өзі бағалауы төмен 14(26,9%).

Қорыта келе, толық емес отбасындағы жасөспірім балалар мәселесі қай заманда болсын, аса өзекті болып табылады. Сондықтан да, арнайы мекемелердегі тәрбиеленушілердің психикалық даму ерекшеліктерін анықтай отырып олардың үлкендермен өз ортасымен қарым-қатынасы, ауытқы мінез-құлықтарын, алдын ала байқап, оның алдын алу үшін шаралар ұйымдастыру маңызды. Себебі қоғамда өзіндік орнын әлі таба қоймаған, жеке тұлға болып енді қалыптасып келе жатқан жасөспірімдердің мінез-құлқындағы қиындықтар мен ауытқушылықтар кедергі келтіреді. Толық емес отбасында тәрбиеленген жасөспірімдермен қарым-қатынас жасауда балалардың жеке ерекшеліктері есепке алынуы қажет.

Психологиялық әдебиеттерді талдай келе, толық емес отбасында тәрбиеленетін жасөспірімдердің құқықтары, психикалық даму ерекшеліктері, бойындағы қорғаныс механизмдерінің ерекшеліктерін сонымен қатар, ересектермен, өз ортасымен қарым-қатынас жасауында бірқатар ерекшеліктердің болатындығы анықталды.

Сонымен қатар, тәрбиеленушілерде кездесетін психологиялық кедергілерді, қарым-қатынастағы қиындықтарды, ауытқы мінез-құлықты мүлдем жойып жіберуге болмағанымен де, оның алдын алуға мүмкіндіктер бар. Сондықтан бағытталған шараларды күшейтіп, тікелей әдістерден, жағымсыз-эмоционалдық – сөздік ықпалдардан шектелу, ақиқатты бірге іздеу, қоршаған әлеммен белсенді өзара әрекеттің бірқатар түрлері арқылы – танымдық, еңбектік, көркем, рухани құндылық, дене шынықтыру-сауықтыру, қоғамдық және іс-шараларға қатыстыру т.с.с. арқылы дамытып көмектесуге болады.

1 Ақажанова А.Т. Арнаулы балалар үйде кәмелетке толмағандармен психологиялық тұрғыдағы жұмыс. – Алматы.: КазМКУ хабаршысы, 2006. – №6. – 20-23 б.

2 Лисина М.И. Общение детей со взрослыми и сверстниками: общее и различное. – М.: Просвещение, 1982. – 15стр.

3 Выготский Л.С. Проблема возраста. – М.: Сбор. Соч. в 6 тома, 1984. – Т.2. – 136-140 с.

4 Щелованов Н.М., Аксарина Н.М. Воспитание детей раннего возраста в детских учреждениях. - М.:Просвещение, 1955. - 123стр.

5 Мухина В.С. Психологическая помощь детям воспитывающимся в учреждениях интернатного типа. – М.: Академия, 1992. – 177стр.

6 Ауренова М.Д. Балалар үйінің тәрбиеленушілерінің ересектермен қарым-қатынас ерекшеліктері. – Өскемен, «С.Аманжолов оқулары», 2005. – 23-27 бб.

7 Ауренова М.Д. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық дамуы. – Алматы. ҚазҰУ хабаршысы, 2004. – №1. – 102-105 бб

Аннотация

Арыстан К.С., Калымбетова Э.К. – КазНУ имени аль-Фараби

Психологические основы взаимодействия с подростками воспитанными в неполных семьях.

В этой статье рассматриваются психологические проблемы отношения воспитания подростков в неполной семье. А также, исследуются их отношения в индивидуальных личностных отношениях. В этой статье рассматриваются работы ученых Дж.Боули, Р.Шпиц, А.Фрейд, В.С.Мухина, Л.С.Выготский, М.И.Лисина и т.д. По результатам методики А.А Карелины, у подростков воспитанных в неполной семье уровень коммуникативной способности пониженная. Часто встречается что из за недостатка опыта общения большинства детей придерживают агрессивно-негативное направление. Не чувствовать полноценную любовь родителей приводит к психологическим защитным механизмам, трудностям воспитания в развитии личностных сложностей, приводит к эмоциональным столкновением и фрустрации. Еще одна особенность детей воспитанные в неполноценной семье это: отсутствие эмоции и в общения со сверстниками или же с друзьями смысл общения не глубокий.

Стало ясно и заметно что детям воспитанные в неполной семье им очень сложно особенно в общении вступать в контакт.

Ключевые слова: семья, подросток, общение, коммуникативные способности, внутриличностное общение.

Abstract

Arystan K.S., Kalymbetova E.K. - *al-Farabi Kazakh National University*

Psychological basis of interaction with adolescents brought up in single-parent families.

In this article it is considered about psychological coses of how to make attention with teenagers that educated in incomplete families in particular it is studied the effect of their personal differences. In this article it is reviewed scientific works of Y. Boylby, R.Shpis, A. Fried, B. Mukhina, L.Bygotsky, M. Lisina's and other scientists. Based on the results of methods of A. Karelina the teenager's that educated in incomplete families have reduction in the level of lower. Becouse of bod communication practices teenager's have aggressive and negative emotions to other people.

Not feeling full love of parents to get psychological deffence mechanism, difficulties of educated and own difficulties, emotional conflict and frustration. The advantage of teenager's educated in incomplete families haven't emotions to attitude of their friends. It is identified that teenagers educated in incomplete families have difficulties to communicate with others.

Keywords: family, adolescent, communication, communication skills, intrapersonal communication.

МРНТИ 15.41.39.

А.С. Косшыгулова¹

Д.Қ. Азимбаева²

^{1,2}*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан*

ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада бала тәрбиесінде ата-аналар мен мектеп ұжымының, әсіресе психолог маманымен бірлескен қызметі жайында айтылады. Қазіргі кезде оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда оның жеке тұлғалық қасиеттерінің ерекшеліктеріне зор мән беру қажеттігі көрсетілген. Сонымен қатар автор өз тарапынан ата-аналарға бала тәрбиесінде қажетті кеңестерін ұсынады. Автордың айтуынша практикалық тұрғыда баланың барлық мінез-құлықтық және эмоционалды бұзылыстары әрқашанда оның жақындарымен өзара қарым-қатынастарында, мінез-құлқында, қылықтарынан көрініс табатындығы көрсетілген.

Сонымен қатар бұл мақалада отбасы - баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы болып, өмірдің құндылықтарын, өзінің мақсат-міндеттерін біліп, өзін кез келген жағдайда қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мәліметтер беріледі.

Түйін сөздер: отбасы, ата-ана, бала тәрбиесі, психолог, тұлғалық қасиеттер, тұлға, психологиялық кеңес, отбасылық қарым-қатынас.

Отбасы – бала тәрбиесін қалыптастырушы ең алғашқы баспалдақ. Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы», деп отбасының міндеті анық көрсетілген. «Қазақстан - 2030» бағдарламасында балаларымызды алдағы уақытта қандай сапада көруіміз керектігі туралы айтылған. Сонымен қатар «Отбасы туралы Заңда», «Жоғары және орта білім тұжырымдамасында» әрбір отбасына өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген [1]. Осылайша, отбасының әуел бастан өзіне тән киелі міндетін орындау қажеттілігі бекемделе түсті.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру,

өзін-өзі құрметтеу қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.

Отбасы – баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы болып, өмірдің құндылықтарын, өзінің мақсат-міндеттерін біліп, өзін кез келген жағдайда қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мәліметтер береді және онда басқалармен қарым-қатынас орнатуына іс жүзінде дағдыланады. Отбасында бала әр түрлі жағдаяттар мен кездейсоқ жағдайларда өзін тиісті ұстаудың нормаларын, мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді.

Кез келген отбасы тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оны тәндік, моральдық және еңбек тәрбиесіне мейлінше шоғырландырып, іске қосады. Қоғамның әрбір азаматы өз отбасынан бастау алады, қоғам келбеті отбасынан көрінеді. Отбасының аса маңызды әлеуметтік қызметтері - азамат тәрбиелеу, өз елінің нағыз патриотын қалыптастыру, болашақ жанұя мүшесін кемелдендіру және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру.

Балалар өз бойынан ата-анасының бар болмысын көрсетсе, керісінше ата-аналар да өмірінің жалғасын балаларынан көреді. Әсіресе, балаларды жас кезінен бастап тазалыққа, жинақылыққа, ұқыптылыққа, еңбекті сүйеге және оның қадір-қасиетін түсінуге, үлкендерді құрметтеуге және оларға мейіріммен қарауға, ал өзінен кішілерге қамқор болуға үйрету ежелден келе жатқан тәрбие құндылықтары болып саналады. Ата-аналар өсіріп отырған ұл-қыздарын жағымсыз қылықтардан сақтандырып отырған. Сондықтан да баланың бойынан байқалған кейбір кемшіліктерді дер кезінде түзеп, ескерту жасап немесе дұрыс бағыт беріп тұрудың маңызы зор.

Отбасылық тәрбие арасында ата-аналар баршаға бірдей ортақ жалпыланған әдістерді пайдалануды үрдіске айналдырған. Мұндай әдістер түрі: сендіру, жазалау, кейбір отбасыларда педагогтар кеңесі мен тәрбиелік жағдайлар әдейі жасалып қолданылады [2].

Кез келген отбасымен жұмыс жүргізгенде психолог маманның басты бағыты оның қазіргі жағдайын анықтай алуы болып табылады. Ұсынылып отырған әдістемелер жүйесі отбасымен жұмыс жасайтын маманға диагностикалық құралдардың алуандылығына көңіл бөле отырып, алдына қойған мақсат-міндеттерге сай тепе-теңдік деңгейлерде қарастыруға таңдау жасап, жүргізуіне жол ашады. Берілген диагностикалық шаралар клиникалық және тәжірибелік зерттеулер жүргізуге отбасы құрылымын, ерлі-зайыптылардың жүйе бөлігі жағдайына, отбасы ахуалына әсер ететін жағымды және жағымсыз факторлар, ата-ана мен бала қатынасындағы ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Э.Г. Эйдемиллер алғашқы болып, «отбасы диагнозы» деген терминді ұсынған [3]. Отбасы диагнозы – отбасы өміріндегі бұзылыс деп, қиындықтың енуі мен сақталуы отбасы мүшесінің бірінің немесе бірнешеуінің жеке қызметінің бұзылуына әкеледі. Отбасы диагнозы – отбасы жоспары мен қызметінің бұзылысын анықтай отырып, отбасы татулығын сақтау жұмысына стратегиялық бағыт береді. Жанұядағы қатынасты анықтау үшін қолданылатын әлеуметтік-психологиялық диагностикалық әдістер келесідей: сұрақ-жауап, бақылау, эксперимент, социометриялық әдіс, сандық-сапалық құжаттық әдіс, тест және т.б.

Қазіргі уақытта аралас отбасылар саны өсуде, онда ата-аналарының алғашқы некелерінен, сол сияқты жаңа некелерінен де балалары бар. Ажырасулар санының көбеюі бойынша және норма мен құндылықтар жүйелерінің өзгерулеріне байланысты, психолог жұмысы қандай да бір отбасының қалай ұйымдастырылғанын білемін деп ойлауына болмайды. Алғашқы болып келген отбасы мүшесінен отбасы құрамы туралы сұрау өте маңызды – бұл психологиялық көмекті кімнен бастау қажеттігін түсінуге мүмкіндік береді.

Алғашқы әңгіме барысында психолог оған келген отбасы мүшесінің үрейін жеңуге көмектесуі қажет. Егер де маман көмек сұрауға келген отбасы мүшесінің негізгі мәселесіне

келіспеушілік білдіретін болса, оның үрейі күшеюі мүмкін. Мәселенің солардың көз-қарастары бойынша анықталуын негізге ала, содан кейін оны түсінудің шекарасын бірнеше кеңейтуге ұмтылған орынды. Мәселе көбінесе отбасының түрлі мүшелері бастарынан кешіріп отырған дистресспен байланысты. Егер де көмекке жүгінген отбасы мүшесінің өзі мәселе қандай да бір мүшесімен байланысты деп есептегенінің өзінде, ол осыдан отбасы мүшесінің барлығының қандай да бір деңгейде тұтастай зардап шегетіндерін түсінеді.

Көмекке жүгінген отбасы мүшелерінің мінез-құлық ерекшеліктері, олардың психикалық қысымды жеңуге деген талпыныстарын көрсетеді. Жұмыстың алғашқы кезеңдерінде отбасы және барлық мәселелерін отбасының бір мүшесімен байланыстыру талпыныстары өте жақсы байқалады. Көмекке жүгінген отбасы мүшесі мәселені белгілі бір түрде шешу қажет деп есептеген жағдайда, психолог оның отбасыдағы рөлін және оның басқа да мүшелерімен өзара қарым-қатынасының қандай екендігін ескеруі қажет. Психотерапияның ең басындағы отбасы мүшелерінің мінез-құлықтары, олардың өзара қарым-қатынастарын қаншалықты өзгертуге дайындықтарын білдіреді.

Бірнеше алғашқы сессиялар үшін отбасы мүшелерінің өз жеке мәселелерін басқа бір мүшесімен байланыстыру әрекеттері тән [4]. Бұл өзінің бар зейінін қандай да бір нақты мәселеге шоғырландырып, үрейді анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар өзара қарым-қатынаста тепе-теңдікті ұстануға мүмкіндік береді. Отбасы мүшелерінің өздерінің өзара қарым-қатынас сипатына қатысты мазасыздануларының күштілігі және өздеріне сенімсіздіктің басым болуына орай олардың өз қажеттіліктері мен қызығушылықтарын анықтау күрделірек болады. Психотерапевт отбасы мәселелерін жүйелі тұрғыда бағалауы қажет және сонымен қатар отбасы мүшелеріне олардың тұлғалық өсулерін және дербестіліктерін қолдауға әрқашанда дайын екендігін білдіріп отыруы қажет.

Отбасы мүшелері психологқа шағымданып келетін алты негізгі топ мәселелері туралы айтуға болады. Олардың барлығы отбасы жүйесіндегі белгілі бір бұзылыстарды және отбасы өз дамуын қалай тұрақтандыратынын білдіреді [5].

1. Жеке мәселелер: отбасының ересек мүшесі өз күйімен мазасыздануы мүмкін, яғни үрей, депрессия, өзін жайсыз сезінуі.

2. Ата-ана мен баланың өзара қарым-қатынастарындағы мәселелер: ата-ананың баласымен (немесе бірнеше балаларымен) өзара қарым-қатынастарына көңілі толмайды.

3. Тікелей баламен байланысты мәселелер: оның құрбыларымен қарым-қатынастарындағы қиындықтар, оқу үлгерімінің төмендігі және т.б.

4. Сиблингтердің өзара қарым-қатынасындағы мәселелер: сиблингтер әрқашанда қақтығысады, және ата-аналар оларға ешқандай ықпал ете алмайды.

5. Кеңейген отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынас мәселелері: кеңейген жанұя мүшесінің қандай да бір науқастануы немесе нуклеарлы отбасы үшін қиындықтар туындатады.

6. Ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынастарындағы мәселелер.

Мәселелер сипаты кімді бірінші сұхбатқа шақыру қажеттігін анықтайды. Егер де көмекке жүгінген отбасы мүшесі мәселенің негізі өзімен байланысты деп есептесе және жеке жұмыс жүргізу ниетін білдірген жағдайда, психолог отбасының барлық мүшесін алғашқы бірнеше сессияларға шақырудан бас тартуына болады. Сонымен қатар, психотерапевтік жұмыс барысында отбасы мүшесінің мінез-құлқында болатын өзгерістер кейде оның жақындары тарапынан жағымсыз әсерленулер тудыруы мүмкін. Бұл жағдайда әрі қарайғы психологиялық жұмысқа олардың қатысу қажеттігі пайда болады. Егер де мәселелер бала мен ата-ананың өзара қарым-қатынастарына байланысты болатын боса, бірінші сұхбаттасуға ата-аналардың екеуін де шақыру қажет. Ары қарай психолог үшін баланың да қатысуы да қажет болады. Егер балада мектепте немесе құрбыларымен өзара қарым-қатынастарында мәселелер туындаса, алғашқы сессияларда ата-аналардың қатысуы, ал кейін отбасының басқа да мүшелерінің қатысулары қажетті.

Практикалық тұрғыда баланың барлық мінез-құлықтық және эмоционалды бұзылыстары әрқашанда оның жақындарымен өзара қарым-қатынастарында көрініс табады. Егер де

мәселе отбасы өзара қарым-қатынастарына қатысты болатын боса, психотерапияның алғашқы кезеңінен отбасының барлық мүшесінің қатысуын қамтамасыз ету қажет болады. Жиі жағдайларда сиблингтер арасындағы қақтығыстар белгілі бір түрде ата-аналардың өзара қарым-қатынастарымен байланысты.

Мәселе отбасы мүшесінің біреуіне қатысты болса, мақсатты түрде оның басқа да мүшелерін шақыру қажет. Белгілі болғандай, мұндай түрдегі мәселелер, жекеше алғанда, отбасының қарт мүшелерінің денсаулық жағдайлары немесе отбасы өміріне шектен тыс араласумен шарттасады, қандай жағдай болмасын, мұның салдары үш ұрпақ өкілдерінде де көрініс табады. Психотерапиялық үрдіске қатыса отырып, үлкен кісілер өздерін отбасының маңызды ресурсы ретінде көрсетеді және оның мүшелеріне жауапкершіліктерді бөлісуге көмектеседі.

Егер ата-аналар өз қарым-қатынастарын жақсартуға мүмкіндіктерді қарастыратын болса, психотерапиялық үрдіске балаларының қатысуы қажет болмайды. Олардың мақсатқа жетуі отбасының басқа да мүшелерінен көрініс табады, және отбасы хал-ахуалының өзгеруі бала мінез-құлқының жағымды өзгерістеріне негіз болады (сонымен қатар, Фрименнің пайымдауынша, жұмыстың алғашқы кезеңінде, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынастары туралы толық түсінік алу үшін, психотерапевттің бір рет болса да барлық отбасы мүшелерімен кездесуі қажет) [5].

Мұндай ыңғай, яғни психолог отбасының барлық мүшелерімен қатар жұмыс жасайтынына әдеттенген кейбір отбасы мүшелерін ыңғайсыздандыруы мүмкін. Шын мәнінде, кейде басқа құрамда жұмыс жүргізу мәнді болса да, көп жағдайларда бұл өте маңызды. Жүйелі ыңғай тұрғысынан, бүкіл жүйеге әсер ету арқылы, отбасының жеке мүшелерінің мінез-құлықтарын өзгерту мүмкін болады. Көбінесе отбасылық жүйеде және тұтас алғанда ата-аналар өзгерістер нәтижелерін анықтайтын мыңызды қосалқы жүйені құрайды. Егер олар баланы айыптай отырып, қарым-қатынасты тұрақтандыруға ұмтылыстар жасайтын болса, олардың мәселелері балада шынайы көрініс таба бастайды. Егер де ата-аналар жеке қарым-қатынастарында дағдарыс күйінде бола тұра, оған баланы кірістіретін болса, онда міндетті түрде баланың бойында шынайы эмоционалды және мінез-құлықтық ауытқулар пайда болады. Онда балалардың психологиялық үрдіске қатысулары қажет бола бастайды, өйткені мұнда психологтың басты міндеті баланы қақтығыстарға қатыстырмай-ақ, ата-аналарды қалайша өзара қарым-қатынас мәселелерін шешуге болатынына оқыту. Егер маман оларды осыған үйретсе, бала мінез-құлқы тұрақты сипатқа ие бола бастайды және оның психологиялық жұмыстарға қатысуы қажет болмайды.

Тағы бір айта кететін жайт, отбасы татулығын сақтау бойынша психологиялық үрдіске отбасының қандай мүшелерін қатыстыруды анықтауға мүмкіндік беретін, ешқандай да бір қатаң ережелер жоқ. Кейбір мамандардың айтуынша, бүкіл отбасымен жұмыс жасау тиімді; ал кейбіреулерінің пайымдауларынша, мәселе кімдермен жұмыс жасауда емес, қандай ыңғайлар мен стратегиялар қолданылатындығында. Жүйелі ыңғайдың принциптерінің бірі: бүкіл жүйенің өзгеруіне қол жеткізу үшін, оның маңызды қосалқы жүйелеріне ықпал ету қажет.

Отбасы қарым-қатынасындағы [2] қуатты күшке ие көзге көрінбейтін ықпал, әсер дегенді бала ақылымен пайымдай алмаса да, сезініп түйсінеді. Ер бала болсын, қыз бала болсын әке-шешесі не істесе де оған үлгі, өнеге, содан үйренеді, көргенін бірде болмаса, бірде қайталайды. Баланың балғын ойы мен сенімі алдында ең беделді тұлға ол білімді, батыл, көреген әке және ақылды, мейірімді, парасатты ана. Ата-ананың ықпалы өзінен өзі бола қалмайды, балалар олардың қылықтарын көздерімен көреді, ал бір көргенін тағы бір, сосын тағы бір рет көрген соң, ол мәңгі есте қалып, санасынан мықтап орын алады. Естігені де осы қағида бойынша бір, екі, үш рет естіген соң құлағында, ойында қалып қояды да, кезінде дереу дайын формула секілді санадан қалқып шығып, іс-әрекетке айналады.

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Дүниеге келерінде де, келген соң да әке-шешесін боямасыз татулыққа, сыйластыққа, ынтымаққа шақыратын, ата-ана көңілін

жақындастыра түсетін – бала. Сондықтан да ол «Бесіксіз үйде береке жоқ» деп түйеді. Бұл - халықтың қамын қарастыру, елдікті ойлау, елдің ертеңгісі жөнінде қам жеу. Осы ойды ертеден келе жатқан «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ» деген бейнелі мақал да растайды. Әрине, өсетін, өрбитін ағаш жылда бүршік жарады, жапырақ жаяды. Болашағы бар деп осыны айтады.

Сондықтан, отбасындағы жалпы қарым-қатынас, үйдегілердің бір-біріне деген сый құрметі немесе басқалармен болған байланысы, сөз шеберліктері, яки болмаса, жағымсыз қылықтары жас баланың қалыптасуына үлкен әсер етеді. Осылайша, ата-аналармен өзара әрекеттестігінде балалар басқалармен қарым-қатынас жасаудың әдістерін меңгереді.

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы. 1997.
- 2 Елеусізова С.М. Қарым-қатынас психологиясы. – А.: Рауан. 1996.
- 3 Э.Г. Эйдемиллер., И.В. Добряков., И.М. Никольская. Семейный диагноз и семейная психотерапия: Учебное пособие для врачей и психологов. – СПб., 2003.
- 4 Л.С. Выготский Психология развития ребенка. – Москва: Эксмо. 2006 г.
- 5 Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Астана, 2009.

Аннотация

Косшыгулова А.С., Азимбаева Д.К. – Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан

Речь и значимость семейных отношений в воспитании детей

В данной статье говорится о совместной деятельности родителей и коллектива школы, в частности родителей учащихся и психолога школы в воспитании подрастающего поколения. Показана необходимость учета особенностей личностных качеств в формировании личности современного школьника. А также автор представил необходимые рекомендации родителям. По мнению автора, все поведенческие и эмоциональные нарушения ребенка в практической форме всегда находят отражение в его взаимоотношениях с родственниками, в поведении и поступках.

Наряду с этим в данной статье даются сведения о том, что семья является самой близкой социальной средой, которая учит ребенка знанию своих жизненных целей и задач, ценностей, а также умению как правильно вести себя в любых жизненных ситуациях.

Ключевые слова: семья, родители, воспитание ребенка, психолог, личностные качества, личность, психоконсультирование, семейные отношения.

Abstract

Koshygulova A.S., Azimbaeva D.K. – Abay Kazakh National Pedagogical University

Speech and the importance of family relations in the upbringing of children

In this article talked about joint activity of parents and collective of school, in particular parents of students and psychologist of school in education of rising generation. The necessity of account of features of personality qualities is shown for forming of personality of modern schoolboy. And also an author presented the necessary recommending parents. According to the author, all behavioral and emotional disorders of the child in a practical form always reflected in his relationships with relatives, behavior, and actions.

In addition, this article provide you with the information that the family is the closest social environment, which teaches children knowledge of their life goals and objectives, values, and skills how to behave in all situations.

Keywords: family, parents, education of child, psychologist, personality qualities, personality, psychological advising, family relationships.

Э.Д.Баженова¹

Б.Ж. Альмухамбетова²

^{1,2} І.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік Университет

Талдықорған қ, Қазақстан

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада мектеп оқушыларының әлеуметтік қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, сонымен қатар баланың дүниетанымын дамытып, ой-өрісін кеңейтуі, жалпы білімін жетілдіру жолдары талқыланады. Психологтардың айтуынша, әлеуметтік қасиеттер – тұлғаның басқа адамдармен тұрақты, жүйелі қарым-қатынасы және қоғамдық маңызы бар мақсаттарға жетуге ықпал ететін қасиеттер жиынтығы және бұл қасиеттер дайын түрінде берілмек емес, бұлар тәрбиелеу мен оқыту барысында әрдайым жүзеге асатын дамудың нәтижесі. Қоғамның мүдделі, өмір мақсаттары қалыптасқан адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке тұлғалық белсенділігінің дамуына жол ашып, әлеуметтік шығармашыл тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр. Міне, осы орайда, жеке тұлғаның бойындағы жағымды әлеуметтік қасиеттерді ояту, жағымсыз мінез, әдеттерді жою талабы педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігіне байланысты.

Түйін сөздер: әлеуметтік қасиеттері, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, мектеп оқушылары, қалыптастыру, мектеп оқушылары, тұлға.

Бүгінгі таңдағы қоғамдағы ірі өзгерістер мен күрделене түскен экономикалық жағдайлар жас ұрпақ психологиясына айрықша әсер етуі айқын. Қоғамның мүдделі, өмір мақсаттары қалыптасқан адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке тұлғалық белсенділігінің дамуына жол ашып, әлеуметтік шығармашыл тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр. Міне, осы орайда, жеке тұлғаның бойындағы жағымды әлеуметтік қасиеттерді ояту, жағымсыз мінез, әдеттерді жою талабы педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігіне байланысты. Жас ұрпақтардың әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыру мәселесі бойынша Г.Вицлак, Н.В.Ефременко, Л.И.Рувинский, Г.Сабилов, О.С. Богданова, Ф.А.Бобковтың еңбектерін ерекше атауға болады.

Психологтардың айтуынша, әлеуметтік қасиеттер - тұлғаның басқа адамдармен тұрақты, жүйелі қарым-қатынасы және қоғамдық маңызы бар мақсаттарға жетуге ықпал ететін қасиеттер жиынтығы және бұл қасиеттер дайын түрінде берілмек емес, бұлар тәрбиелеу мен оқыту барысында әрдайым жүзеге асатын дамудың нәтижесі. Дегенмен, тұлғаның белсенділігі әлеуметтік қасиеттер дамуының тек алғы шарты емес екені белгілі. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру мекемелері-мектептің алар орны ерекше. Баланың жеке қасиеттерінің психикалық тұрғыдан дұрыс дамып жетілуі үшін әлеуметтік педагогтік ұжымдардың кәсіптік белгілері, ата-аналардың саналы көзқарасы және осы принциптерге негізделген мектеп пен отбасы арасындағы тығыз одақ, нәтижелі жұмыс қажет.

Мектеп кезеңіндегі оқушының табиғаты өзінің ақыл және танымдық күштерін дамыту мүмкіндігіне ие, сонымен бірге шексіз рухани дамуға қабілетті. Баланың жеке басына тән қасиеттерді тек «мен» деген қасиет тұрғысынан ғана бағалап қоймай, тиісті мөлшерге қалайша бағынады, мінезі, ерік-жігері қандай, талғамы қандай – осы бағытта қарастыру қажет. Мектеп қабырғасында баланың жан-жақты және біртұтас тұлғалық дамуы жүріп жатады, оның қоршаған дүниеге көзқарас, қарым-қатынасы қалыптасады. Жағымды тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал етуі үшін қажетті деңгейде бірлескен іс-әрекеттер ұйымдастырып отыру қажет. Бұл тәрбие практикасында өте күрделі іс. Өкінішке орай, көп

жағдайларда осы күрделілік даму мүмкіндіктерін шектейді; кейде тәрбиеленушілер ең қажетті болған жағдаяттарға – қоғамдық, еңбек, таным әрекеттеріне белсенді араласа алмай, енжар бақылаушы күйінде қалып, дайын ережелерді жаттаудан ары өте алмайды.

Әл Фараби баланың жасы өскен сайын, оның ақылы да, яғни тәнімен бірге жаны да өсіп отырады деген /1/. Мұның бәрі оның тіршілік қажеттілігінен туындайды. Мәселен, балада ең алдымен өсіп-өну қуаты пайда болады. Бұл оның дене бітімнің қалыптасуында үлкен роль атқарады. Ана құрсағында-ақ тін түйсігі, біртіндеп дәм, иіс айыратын түйсіктер, заттың түрін, түсін, пішінін түйсіне алу қабілеті қалыптасады. Жан қуаттары өмір барысында, оқу тәрбие үстінде дамиды. Бұл үшін адамның өз бетінше, әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды. Адамның адамгершілік, имандылық қасиеттері оның өмірден алатын тәжірибесінен, үлкендердің жақсы өнегесінен туындайды. Адам дүниеге ақылды, не ақылсыз, зұлым, адал ниетті болып келмейді, мұның бәрі де жүре пайда болады.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыру үдісінде жеткіншектің өз ата-аналарымен, мұғалімдерімен, мектеп психологымен және жалпы үлкендермен, құрбыларымен, барлық жағдайы бойынша өзіне тең немесе тең еместермен қарым-қатынасында қайта бейімделуінен бастап, сыртқы өмір ортасының қарама-қайшылықтары қызықтырады, бұл жастағылардың қажеттілігі – өздерінің айналадағы адамдарға деген қарым-қатынасын, әлемдегі өзінің орнын табу мәселелерін қамтиды.

Балаларда әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыру ұзақ уақытқа созылатын процесс болуымен қатар, күрделі де, көп қырлы процесс. Ол оқушылардың сана-сезіміне ықпал етуді, сынып ұжымы алдында өзін-өзі сенімді ұстау сияқты қасиеттерді қалыптастыруды және іс-әрекет түрлеріндегі жетістікке жетуге жағдай жасауды талап етеді.

Оқушыларға әлеуметтік нормалары мен ережелерін жақсы меңгеріп қана қоймай, оларды практикада, өмірде қолдана алатындай болулары үшін, дағдылары мен әдеттерін бойларына сіңіріп алулары үшін бар ынта-жігерімен тәрбие жұмыстары ұйымдастырылуы қажет /2/. Оқушыда, өз әрекетін саналы түсіне білу сезімін тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімін, тағы сол сияқты қажетті әлеуметтік құндылықтарын дамытулары керек болады.

Зерттеу деректерге сүйенсек, әлеуметтік қасиеттердің негізі – бұл жеке басқа қойылатын талаптар, өзін-өзі басқару, даму және әлеуметтік перцепцияның, қиялдың, парасаттың, ортақ, әлеуметтік тәртіп пен белсенділік, жауапкершілік, көмекке, ынтымақтастыққа деген әлеуметтік-психологиялық икем. Оқушыда осы қасиеттердің қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасымен қоршаған ортасына, мектепке тәуелді. Неғұрлым отбасы мен мектеп жақсы тәрбие берсе, оқушының әлеуметтік қасиеті, еңбекке баулу тәрбиесі, қоршаған ортаға деген көзқарасы да жоғары болады.

Сонымен, әлеуметтік қасиеттерді қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерінің бірі болып сынып мұғалімі, мектеп психологы, ата-аналар және оқушының бірлескен іс-әрекет үрдісі, олардың ортақ тіл тауып, бір біріне көмегі мен қолдауына сүйене білуі болып табылады. Бұл қарым-қатынасында, әрине бастауыш рольді педагог атқарады. Себебі, мұғалімнің арнаулы дайындығы бар, әр түрлі педагогикалық ситуацияларды іскерлікпен қолданатын тәрбие құралдарының бай арсеналына ие.

Біз, орта сынып оқушыларының әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыруда білім беру орталықтары мен мектеп мұғалімдері, сонымен қатар ата-аналардан әлеуметтік қасиеттер туралы сауалнамалар жүргізіліп, мынандай қорытындыға келдік:


- баланың әлеуметтік қасиеттерін орта сыныптан бастап қалыптастыру қажет;
- баланың әлеуметтік қасиеттерді қалыптастыруда сыныптан гөрі сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесі жоғары;
- әлеуметтік қасиеттерді қалыптастыру үрдісі жағымды психологиялық микроклимат шеңберінде өту қажеттігін байқадық;
- баланың әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыру тек мұғалімге байланысты емес, сонымен бірге ата-анасы мен отбасы мүшелеріне де байланысты екенін анықтадық.

- әлеуметтік қасиеттер қалыптастыруда баланың өз-өзі басқаруы мен өзі әрекет жасаса ғана белгілі жетістікке жете алатынын байқадық.

Мектеп оқушылары жүйелі түрде жүргізілген тәрбие жұмысының барысында қарым-қатынастың қарапайым нормалары мен ережелерін меңгереді, қоғамның жағымды дағдылары мен әдеттерін бойына сіңіреді.

Орта сынып оқушыларының әлеуметтік қасиеттерін сыныптан тыс ұйымдастырған тәрбие жұмыстарында қалыптастыру үшін алдымен оқушыларға белгілі дағдылары мен әдеттерін игеруге назар аудартқызып, оқушыларға қоғам ережелерін орындатқызып отыру қажет /3/. Орта мектеп оқушыларымен жүргізілетін тәрбие жұмысында әлеуметтік қасиеттерді дағдыландыру үшін сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмыстарды арнайы жаттығулар өткізу керек. Бірақ жаттығулар дегеніміз жай ғана қайталай беру деген сөз емес. Әлеуметтік қасиеттерді қалыптастыру жұмысы бойынша жаттығулардың мазмұны және олардың формасы үйретілетін ережелердің сипатына байланысты болады. Мәселен, белгілі бір жағдайда баланың өзін – өзі қалай ұстауы керек екендігін мұғалімнің өзі көрсететін сабақтары да болады, яғни қазіргі уақытта сыныпта өгілетін тәрбие сағатында болады: жолдасты қонаққа қалай шақыру керек, үстел басында өзін қалай ұстау керек, компьютерлік орталықтарындағы әдептілік ережелерін қалай орындау керек. Осы сабақ үстінде балалар мұғалімнің көрсеткендерін қайталайды, дұрыс қылықтарға үйренеді, сонымен бірге балалар өздері өз кемшіліктерін, сөйлеу мәнерін, іс-әрекеттері жайында талқылап өздерінің әдіс-тәсіл, дағдыларын меңгереді. Бұл жаттығулар мұнан кейін оқушылардың сыныптан тыс уақыттағы сан қырлы қызметтеріне енгізіледі. Балалар кинотеатр, жолдастарының туған күніне барады. Мұндайда олар үлкендердің тікелей қамқорлығынсыз-ақ өз беттерімен, бұрыннан өздеріне мәлім ережелер негізінде әрекет жасайтын болады.

Біз, мектеп оқушыларының әлеуметтік қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерінің негізгі құрылымы мен мазмұнын төмендегі кесте түрінде көрсетіп отырмыз.



Сурет 1 – Орта сынып оқушыларының әлеуметтік қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерінің құрылымы мен мазмұны

Мектеп оқушыларының әлеуметтік қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері мұғалімдермен ата-аналардың сөздері мен істерінің тұтастығы, олардың жеке басының үлгісі деп қорытындылағымыз келеді. Оқушы есейген сайын оған тәрбиешінің-мұғалімнің, әкенің жеке басы үлгісі үлкен ықпал етеді /4/.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыруда ата-аналармен бірге жұмыс істей отырып, онда нелерге назар аудару керектігін, ата-анадан не сұрап, нендей кеңес беру керек екенін ойласып алу үшін психолог мыналарға назар аударуға болатынын аңғардық:

1. Жалпы үйдің атмосферасы, микроклиматы, ата-ана арасындағы олардың үйдегі басқа мүшелермен қарым-қатынастың қалай дамығандығы.

2. Үйдегі жалпы тәртіп: оқушының дұрыс ұймдастырылған уақыты т.б.

3. Үйдегі ересек адамдардың бала тәрбиесін қалай түсінетінін, баланы қандай етіп өсіргісі келетінін, қандай әдістерін ең бастысы және ең тиімдісі деп санайтынын анықтаған дұрыс.

Мұндайда үлкендердің бала ерекшеліктері туралы, оның мүдделері мен бейімділіктері туралы, күшті және әлсіз жақтары туралы өздерінің қандай қиыншылықтарға кездесіп жүргендіктері жайлы айтқаны пайдалы.

Баланың әлеуметтік қасиеттерінің қалыптасуы баланың жеке басын құрметтеуді талап етеді және осы үрдісте негізгі үлгі боларлық жағдай - әке мен шешенің бір-бірімен шынайы, адал қатынаста болуы. Осындай қатынасты қабылдап жүрген жас бала да адал, шыншыл болады. Тәрбиеленушіге деген сүйіспеншілік барлық тәрбиелеу процесін жүргізгенде, орынды талап қоюмен, табандылықпен ұштасып отырады.

1 Назарбаев Н.Ә. *«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына жолдауы*. Астана, 2007.

2 Жеке тұлғаны дамыту бағытындағы авторлық бағдарламалар мен оқу-тәрбие ішараларының үлгілері. *«Мен адаммын» қоғамдық қоры. Құрастырған Игенбаева Б.Қ.* – Алматы, 2001. – 128 б.

3 Ұзақбаева С.А. *Тамыры терең тәрбие*. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.

4 Марьенко И.С. *Нравственное становление личности школьника*. – М.: Педагогика, 1985. – 102с.

Аннотация

Баженова Э.Д., Альмухамбетова Б.Ж. – І.Жансүгіров атындағы ЖМУ
Психолого-педагогические особенности формирования социальных
качеств школьников

В статье описаны психолого-педагогические особенности формирования социальных качеств учащихся, приводятся факторы влияющие на развитие учащихся при условии взаимодействия всех членов образовательного процесса. По мнению психологов, социальные качества-постоянные и систематические отношения с другими людьми, которые способствуют достижению целей общественной значимости и эти качества не готовы быть в виде набора результатов, они всегда проводятся в процессе развития образования и подготовки кадров. Общество установила целью жизни для людей, заинтересованных в обучении, необходимых для удовлетворения потребностей системы образования, открывает путь к развитию деятельности перед личным, социальным, поставил задачу для ребенка сформировать творческую личность. Таким образом, в этом отношении, индивидуальное поведение пробуждения положительных социальных качеств и устранение негативных привычек по эффективности деятельности обучения.

Ключевые слова: социальные качества, психолого-педагогические особенности, ученики, формирование, школьники, личность

Abstract

Bazhenova E.D., Almukhambetova B.Zh – Zhetisu State University

Psycho-pedagogical features of the formation of social qualities of school pupils

This publication describes the psychological and pedagogical forming features of students social qualities, the factors influencing on students development in case of the cooperation of all members of an educational process. According to psychologists, social quality, permanent and systematic relationship with others, which contribute to achieving the goals of public importance, and these qualities are not ready to be in the form of a result set, they will always take place in the development of education and training. The society has established a goal of life for people interested in learning required to meet education needs, paving the way for the development of activities to personal, social, set the task for the child to form a creative person. Thus, in this respect, individual behavior awakening of positive social skills and eliminate negative habits on the effectiveness of training activities.

Keywords: social skills, psychological and pedagogical features, students, formation, students, personality

МРНТИ 15.21.51.

О.С.Сангилбаев¹

А.Хажимхаан²

*^{1,2}Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ, Қазақстан*

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН ДАМУТУДА АТА-АНАНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Бұл мақалада жеткіншектердің өзін-өзі бағалауының дамуына ата-аналардың ықпал ету ерекшеліктері көрсетілген. Бала туралы ұғым тәрбиенің ішкі негізі болғандықтан тәрбие әрекеттестігімен байланысты ата-ананың ықпал ету бойынша сұрақтар ашылады. Өйткені отбасы бала үшін әлеуметтік қатынастың негізгі моделі болып табылады. Отбасында өзара әрекеттестігінің негізінде ерекше ақуал жағдайы туылады. Яғни баланың айтылмаған ойлары оның мінез-құлқында байқалады. Бұл өз кезегінде баланың өзіндік сана-сезіміне, өзін-өзі бағалауына үлкен әсер тигізетіні нақты дәйектермен сипатталған. Сонымен қатар мақалада өзін-өзі бағалаудың құрылымы мен оның қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылған. Өзін-өзі бағалау – бақытты және салауатты өмір үшін адамдардың бойында қалыптастыруы қажет ең маңызды ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Өзін-өзі бағалауы төмен жеке тұлғалар – өмір сүру барысында өздерінің бар болмысын дұрыс танытуға және де жауапкершілік алғанынан қиналады.

Түйін сөздер: Өзін-өзі бағалау, өзіндік сана, тұлға, жеткіншек, әлеуметтік қатынас, отбасы, ата-ана.

В статье анализируются различные типы памяти и ее модели, предлагаемых учеными, такими как Baddeley и Хитч, Аткинсон, Шиффарина, а также пути и методы ее совершенствования. Автор анализирует многоблочную модель памяти, с её кратковременной памятью (STM) и долгосрочной памятью (LTM). В статье представлены различные функции и особенности мозга или единиц памяти. В ней также представлены исследования, предоставленные учеными проведенные на моделях мозга, а также предоставляет информацию, что в рискованные моменты наша память может запомнить все важные детали события, и что повторение информации не является эффективным способом запомнить вещи. Также предлагаются тренинги и упражнения для лучшего запоминания и длительного функционирования. Память, какую бы отрасль мы не изучали, является самой интересной темой. Она является неотъемлемой частью нашей жизни. Мы настолько доверяем нашей памяти, что нету никаких сомнений в том, что жизнь без неё была бы просто невозможной.

Ключевые слова: память, модели, емкость, продолжительность, кодирование, информация, мозг.

МРНТИ 15.81.29

Л.А. Юсупова¹

Ш.С. Сатиева²

^{1,2}Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Қазақстан

КӘСІБИ КҮЙЗЕЛІСТІ ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Берілген мақалада кәсіби күйзелістің анықтамасын талдай отырып, жұмыс орнында туындайтын күйзелістің эксперименталды нәтижелеріне талдау жасалған. Күйзелістің пайда болу факторларын талдай келе, оның субсиндромдарының сипаттамасын, адам денсаулығына, психологиялық және

физиологиялық тұрғыдан әсер ету дәрежесін жұмсартуы қарастырылған. Сондай-ақ, күрделі жұмыс жағдайларындағы физиологиялық және психологиялық құбылыстарды білдіретін феномендер жан-жақты сарапталған. Кәсіби күйзеліс пен оның классификацияларының заманауи анықтамалары көрсетілген. Эксперименттің зерттеу нәтижесін диаграмма арқылы көрсетілді.


Зерттеудің эмпирикалық болжамын дәлелдеу барысында тәжірибеге қатысушылардың категорияларына қарай жауаптарын өңдей келе, копинг – стратегиялары жеке тұлғаның кәсіби мінез-құлықтарының біртіндеп қалыптаспағаны анықталған. Мақалада жүргізілген эксперименттік зерттеулері копинг стратегиялардың мінез-құлық ерекшеліктері проблемаларды шешуде ішкі ресурстар және негізгі стратегияларға көріну дәрежесіне байланыстылығын көрсете отырып, қорытындылады.

Түйін сөздер: кәсіби күйзеліс, басқару психологиясы, еңбек субъектісі, копинг стратегиялар, мінез- құлық, стресс-реакциясы.

Кәсіби күйзеліс – адамның еңбек қызметіне байланысты теріс уайымдау салдарынан тұлғаның деформациялануының бір түрі. Адамдар эмоционалдық, психикалық және дене жағынан қажыған сайын күйзеліске ұшырай бастайды. Ал кәсіби күйзеліс – қазіргі қоғамның «кеселі» болып отыр [1]. Кәсіби күйзеліс – бұл көп өлшемді феномен. Ол физиологиялық және психологиялық реакцияларға арналған күрделі жұмыстардан тұрады. Кәсіби күйзеліс немесе стресс-реакциялар тіпті озық, жақсы басқарылатын ұйымдар да болуы мүмкін. Ол құрылымдық-ұйымдастырушылық ерекшеліктері мен сипатына байланысты, жеке қарым-қатынастармен, олардың өзара іс-қимылымен сипатталады. Психологтардың соңғы кезде еңбектерінде, күйзеліс пен нәтижелілік арасындағы байланысты көптеп зерттеуде.

Басқару психологиясы – басқару жүйелеріндегі (мемлекет басқару, ұйым, мекеме, топ, ұжым және т.б.) адамдардың қатынастарына байланысты мәселелерді зерттейтін және білімдерді жинақтайтын қолданбалы психологияның саласы [2]. Басқару психологиясы іс-әрекетті арнайы басқарудың және психологиялық жағдайдың талдамалы модельдерін және еңбектің сапасын көтеруге бағытталған. Адаммен кәсіби орта арасындағы тепе-теңдік ұзақ мерзімді болмауы мүмкін [3]. Технологияның өзгеруіне, жаңа басшының келуіне, жаңа кәсіп немесе жаңа лауазымға ие болу, жаңа цехқа немесе кәсіпорынға ауысу сияқты кәсіби ортаның өзгеруі адамда жаңа адаптациялық үрдісті іске қосады. Ортаның қысқа мерзімді және күшті әсерлері немесе әлсіз бірақ ұзақ мерзімді әсерлері адамда дезадаптация тудыруы мүмкін. Дезадаптация әртүрлі әрекеттер бұзылыстарынан байқалады: еңбек әрекетінің және оның сапасының төмендеуі, еңбек тәртібінің бұзылуы, авариялық және жарақаттық жағдайлардың жоғарылауы [4]. Зерттеулер өндірістік кәсіби күйзеліс себептерін және кәсіби шаршау феноменін талдап көрсеткен. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша күйзелістің кәсіби себептері іскерліктер мен дағдылардың, білімдердің жетіспеушілігімен сипатталады және кейбір жағдайларда адамның денсаулығымен байланысты. Әр түрлі мекемелер мен кәсіп орындардағы қызметкерлердің көптеген мәселелері жұмыс нәтижелілігі мен табысты болуына, сонымен қатар, денсаулығына әсер ететін көптеген мәселелердің себебі психологиялық күйзелісте болады. Осыған байланысты кәсіби күйзеліс жұмыстағы негізгі міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Психофизиологиялық адаптация критерийлері: денсаулық жағдайы, көңіл-күй, үрей, шаршау деңгейі, әрекет белсенділігі жатады [5]. Жұмыстағы кәсіби күйзелістің пайда болуына келесі факторлар әсер етеді: белгілі бір уақыт мерзімінде бітіретін өте көп немесе өте аз жұмыс жүктемесі, жұмыскерге нақты талаптар қойылмаған жағдайда, қызығушылық тудырмайтын жұмыс және жұмыс орнының қолайсыз жағдайлары. Тұлғалық кәсіби күйзелістің себептері адамның өзін-өзі төмен бағалауымен, өз-өзіне сенімсіздікпен, алдағы сәтсіздіктерден қорқумен, өзінің болашағына сенбеумен байланысты болады. Қазіргі зерттеулерде адамның психологиялық және физиологиялық өмір деңгейіне әсер ететін кәсіби күйзелістің бірнеше түрлерін атап көрсетеді. Осыған орай, біз адамдардың кәсіби күйзелісін анықтауды мақсат етіп қойдық.

Мақсатымызға сәйкес зерттеу кезеңдерін жүзеге асыру үшін ғылыми зерттеу болжамдары анықталды. Зерттеу бағдарламасы мен ұйымдастырылу сипаттамасы берілді. Зерттеу 2015-2017 жылдар аралығында жүргізілді. Зерттеу кезеңдерін жүзеге асыру үшін ғылыми зерттеу болжамдары анықталды. Құрастырылған әдістеменің валидтілігі статистикалық екі топты салыстыру үшін Вилкоксонның Т-критерийін салыстыру арқылы тексерілді. Зерттеу жұмысының міндеттері: адам ресурстарын тиімді, толық қолдану, жұмыс кезінде адам күйін жоғары деңгейге жеткізуді эксперименттік негіздерін дамытылды; тұлғаның кәсіби бұзылуын болдырмау, еңбек тиімділігін жоғарылату даму ерекшеліктеріне талдау жасау; тұлға қасиеттері мен психикалық ерекшелердің жұмыс қауіпсіздігіне тигізетін әсерін дамытуды зерттеу; еңбек өнімділігін жақсарту және арттырудың дамуын зерттеу. Осыған байланысты біз өзіміздің эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізу үш кезеңге топтастырылды. *Анықтау кезеңі* - экспериментіміздің дамыту кезеңінде – еңбек субъектісінің кәсіби дайындығына сай эмоциялық көрсеткіштерінің сәйкес болу дәрежелерін анықтадық, сәйкесінше көрсеткіштерін шығардық. *Бақылау кезеңі* – кәсіби әрекет барысында біліктілікті арттырудың бағдарламалары мен тиімді дамыту коппинг стратегиялары әзірленді. *Қорытынды кезең* – Экспериментіміздің қорытынды кезеңінде – шыққан нәтижелерді өңдеп, сараптама жүргіздік. Нәтижесінде кәсіби күйзеліске тұлғааралық қарым-қатынастарды сезіне алатын дамыған тұлға ерекшелігі құрастырылды. Дамыту мақсатына орай төмендегідей **эмпирикалық зерттеу болжамдары** жасалды: H_0 – кәсіби күйзеліс кезінде мінез құлықты өзгертуге болмайды оның 0-ден айырмашылығы жоқ; H_1 – кәсіби күйзеліс кезінде мінез құлықты дамытуға болады оның орташа мәнінің нөлден айырмашылығы бар. Зерттеу жүргізу арқылы дәл осы қасиеттер мен мінез-құлық ерекшеліктері тән немесе, керісінше, кәсіби денсаулығы болуға лайық емес адамдарды анықтау мақсатына жеттік. Осы мақсатқа сай жұмыс жасай отырып, респонденттерге сауалнама жүрізу негізінде, соның ішінен түрлі коппинг-стратегиясына сай тұлғалық қасиеттері мен көзқарас және кәсіби денсаулығы мен қабілеттеріне қатысушылардың жауаптарын саралап, топтарға жіктедік. Сауалнама нәтижесін төмендегі диаграммада көрсетілді.




Сурет 1. Коппинг – стратегиясы ерекшеліктеріне байланысты сауалнамаға қатысқан адамдардың сандық көрсеткіші

Бақылаушы топтағы 30 адамға жүргізілген сауалнама бойынша әдіснама нәтижесінде, 13 адам 1 топқа жататындығы анықталды. Яғни, бұл адамдарға мазасыздық, ашуға тез бой ал-

дыру сияқты депрессивті мінез-құлық тән болып табылады. Мұндай қасиеттер басшының кәсіби денсаулығы мен копинг – стратегиясына үлкен кедергілер келтіруі ықтимал. Себебі тек сабырлы, байыпты мінез-құлық иелері ғана жағымды копинг- стратегиясы негізінде жұмыс жасап, жақсы көрсеткіштерге жете алады.

Зерттеу жұмысына байланысты келесі, 9 адам 2-ші топқа жатады. Кәсіби денсаулығына қажетті көзқарас пен мінез-құлыққа тән топ ретінде 2 топты қарастыруға болады. Бұл респонденттер экспериментке деген ашық көзқарасымен ерекшеленеді. Оларға жаңашылдық пен ізденімпаздық қасиеттерімен қатар жағымды копинг - стратегиясы тән. Сонымен қатар, бұл топқа жататын адамдарға кәсіби денсаулық, соның ішінде, копинг – стратегиясына ең қажет тәуекелшілік қасиет тән болып келеді [6].

Соңғы топқа жататын 8 адам анықталды, бұл топ өкілдерінің жауапкершілігі нашар, нақтылық және міндеттілік қасиеттері төмен болып табылады. Копинг - стратегиясы бойынша жұмыс жасайтын кәсіби денсаулығы үшін мұндай қасиеттер дамуға үлкен кедергілер келтіріп, сапа мен нәтиже жөнінен көп жетіспеушілікке алып келуі мүмкін.



Сурет 2. Көрсеткіштер нәтижесі

Зерттеуден алынған нәтижеге байланысты мәннің осін саламыз. Алынған эмпирикалық $T_{эмп}$ (40) мағыналық аймақта орналасқан.

Қорытындылай келе, копинг-стратегиясы негізінде кәсіби күйзеліске қарсы жұмыс жасауға қабілетті кәсіби денсаулығын анықтауда ең алдымен олардың психологиялық жөнінен сәйкестігін анықтау өте маңызды болып табылады. Көзқарастары мен мінез- құлқы бойынша кәсіби күйзеліске қарсы жұмыс жасауға психологиялық қасиеттер қажет [7]. Бұл стратегия бойынша кәсіби денсаулығы психологиялық жағынан мынадай қасиеттерге ие болуы тиіс: белгісіздік жағдайларында шешім қабылдай алу; тәуекел жасап еңбек күйзелісі қарсы адамның ресур капиталын жоғалтып алу қаупінің болмауы; кәсіби күйзеліс жағдаятына үлкен байыптылықпен қарау; толық қаржылық және басқару дербестігі; өзінің копинг-стра- тегиясын нәтижелі жоспарлауға деген үлкен тәуелділік және жауапкершілік қажет. Жоспар- лы ұымдасқан копинг – стратегиясы кәсіби күйзеліске қарсы жұмыс жасауға қабілетті екендігі тағы да дәлелденді.

Зерттеу барысында копинг – стратегиясы мен копинг – ресурстарды басқару барысында корреляциялық байланыстар бар екені анықталды. Ол мінез-копингі жеке психологиялық

айнымалылар қарқындылығы қатынастары жүйесінде құрылымдау болуына байланысты бейімделу мінез-құлық үлгілерінің барабар іске асыру үшін жеткілікті. Жалпы алғанда, жеке тұлғаның кәсіби қызметінің талаптарына қатысты мінез-құлық проблемаларын еңсеру стратегиясы ресурстарды жетуімен қатар олардың қолданыстағы резервтік мүмкіндіктерін дамуын көрсетеді.

Зерттеу барысында теориялық жорамалдар транзакциялық танымдық жеңу теориясына негізделген және бейімдеу өзін-өзі дамыту, жоғары функционалдық мінез-құлық модельдері жаңа теориялық тәсілді және жеке-кәсіби мәдениеттілікті біртіндеп қалыптастыру тұжырымдамалық моделін әзірледі.

Дамыту мақсатына орай H_1 – кәсіби күйзеліс кезінде мінез құлықты дамытуға болады оның орташа мәнінің нөлден айырмашылығы бар деп жасалған эмпирикалық зерттеу болжамдары дәлелденді. Кәсіби мінез құлықтарды дамытудың психологиялық бағдарламасы жасалып сынақтан өткізілді. Анықталған көрсеткіштер кәсіби мінез құлықтарының эксперименттік психологиялық әдістерін кешенді олардың уақтылы қалыптастыру қажет болған жағдайда, психологиялық түзету үшін кәсіби тұлғалық қасиеттер дәрежесін анықтау мақсатында қолдануға болады.

Жүргізілген эксперименттік психологиялық зерттеу копинг стратегиялардың мінез-құлық ерекшеліктері проблемаларды шешуде ішкі ресурстар және негізгі стратегияларға көріну дәрежесіне байланыстылығын көрсетті.

1 Бодров В. А. Психологический стресс: развитие и преодоление. – М.: ПЕР СЭ, 2006. – 152 с.

2 Жарықбаев Қ.Б., Сангилбаев О.С. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 384 б.

3 Pearlin L.I. Life strains and psychological distress among adults // Monat A. and Richard S. Lazarus. Stress and Coping. N.-Y., 1991. P. 319-336

4 Водопьянова Н.Е., Старченкова Е. Стратегии и модели преодолевающего поведения // Практикум по психологии менеджмента и профессиональной деятельности / Под ред. Г.С. Никифорова., М.А. Дмитриевой, В.М. Снеткова. – СПб.:Москва, 2001. – 256 с.

5 Знаков В.В. Психология субъекта как методология понимания человеческого бытия // Психологический журнал. Т. 24. №2.2003. С. 95–105.

6 Крюкова Т.Л. Методы изучения совладающего поведения: три копинг-шкалы. 2-е изд., испр. – Кострома: Авантитул, Изд-во КГУ им. Н.А. Некрасова, 2010. – 60 с.

7 Леонова А.Б., Капица М.С. Методы субъективной оценки функциональных состояний человека // Практикум по инженерной психологии и эргономике / Под ред. Ю. К. Стрелкова. М.: Академия. 2003. – 400 с.

8 Ибашова М.С. Кәсіби іс-әрекет барысындағы стресске қарсы тұрақтылықты қалыптастыру // Вестн. ҚазҰПУ. Сер. психология – № 3(40), 2014. – С. 64.

Аннотация

Юсупова Л.А., Сатиева Ш.С. – Государственный Университет им. Шакарима г. Семей

Результаты исследования профессионального стресса

В данной статье рассматривая определение профессионального стресса, так же определяется анализ экспериментальных результатов стресса возникающих на рабочем месте. Анализируя некоторые факторы возникновения стресса были подмечены субсиндромные описания влияющие на здоровье человека, с целью смягчения воздействия как на физиологическое, так и на психологическое состояние. А так же изучается феномен проявляющийся как физиологическим так и психологическим явлением при сложных условиях работы. В статье указываются определения профессионального стресса и его современные классификации. Результаты исследования предоставлены в виде диаграммы.

В доказательство эмпирических прогнозов ответы участников эксперимента были подразделены на категории по копинг-стратегии личности, при помощи них выявились поведения людей как не состоявшихся личностей. Проведенные экспериментальные исследования по копинг-стратегий дали результаты при решении проблем внутренних ресурсов и основные стратегические предпосылки для дальнейшего искоренения данной проблемы указанной в этой статье.

Ключевые слова: профессиональный стресс, психология управления, субъект труда, копинг стратегии, поведение, реакция стресса.

Abstract

Yussupova L.A., Satieva S.S. - Shakarim Semey State University

The results of a study of occupational stress

In this article, considering the definition of occupational stress, as determined by the analysis of experimental results of stress emerging in the workplace. Analyzing some factors of stress were noticed subsyndrome descriptions affect human health, mitigate the effects of both physiological and psychological state. As well as examines the phenomenon manifested as physiological and psychological phenomenon in complex environments. The article specifies the definition of occupational stress and its modern classification. The results of the study are provided in chart form.

The proof of the empirical predictions of the responses of the participants in the experiment were divided into categories according to the coping strategies of the individual, using revealed behavior of people as individuals is not held. Experimental studies on coping strategies have yielded results in addressing the issues of internal resources and the main strategic prerequisites for the further eradication of the problem specified in this article.

Keywords: occupational stress, psychology of management, subject of labor, coping strategies, behavior, stress reaction.

МРНТИ 37.15.99

Н.С. Жұбаназарова¹

Г.Н. Борбасова²

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ
ДАЙЫНДЫҚ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ**

Мақалада болашақ педагог-психологтарды кәсіби дайындаудың теориялық негіздері беріледі. ЖОО-да педагог-психологтарды дайындау бағыттары зерделенеді. Педагог-психологтың кәсіби іс-әрекет ерекшеліктері талданады. Болашақ педагог-психологтардың қызмет түрлері көрсетіледі.

Қазіргі жағдайда қоғамда кәсіби іс-әрекеттің әртүрлі аймағында құзырлы мамандарға қажеттілік күн санап өсіп отыр. Отандық білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер осы реформаларға, оны бағалауға қатысты біршама тартысты сұрақтарды қойды. Бүгінгі күні педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы мен дамуына ерекше мән беріліп отыр. Әсіресе, педагог-психологтар осы өзгерістерге дер кезінде әрекет ете ала ма, яғни, білім беру үдерісінің субъектісі ретінде өзінің позициясын дұрыс анықтап, өзгертіп, білім алушы тұлғасын мақсатқа бағытты дамыту үшін инновациялық іс-әрекетті енгізу мәселесі туындады.

Түйін сөздер: Кәсіби іс-әрекет, кәсіби құзыреттілік пен сауаттылық, педагог-психологтың кәсіби іс-әрекет бағыты, педагог-психолог қызметі.

Қазіргі жағдайда қоғамда кәсіби іс-әрекеттің әртүрлі аймағында құзырлы мамандарға қажеттілік күн санап өсіп отыр. Отандық білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер осы реформаларға, оны бағалауға қатысты біршама тартысты сұрақтарды қойды. Бүгінгі күні педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы мен дамуына ерекше мән беріліп отыр. Әсіресе, педагог-психологтар осы өзгерістерге дер кезінде әрекет ете ала ма, яғни, білім беру үдерісінің субъектісі ретінде өзінің позициясын дұрыс анықтап, өзгертіп, білім алушы тұлғасын мақсатқа бағытты дамыту үшін инновациялық іс-әрекетті енгізу мәселесі туындады.

Жоғарыдағы айтылған мәселелерге орай, жаңа жағдайда педагог-психологтардың кәсіби тұлғалық қасиеттерін дамыту маңызды болып табылады. Педагог-психологтардың кәсіби

дайындық сапасын жетілдіру мәселесі, олардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, кәсіби міндеттерді шешу, өзін-өзі дамытуға және өзіндік білім алуға қажеттілікті анықтау арнайы зерттеуді талап етеді.

Педагогикалық үдерісте педагог-психолог қызметінің әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық сипаты күрделі. Себебі, педагог-психолог қызметіндегі басты түйін педагогикалық үдеріске қатысушылардың рухани дүниесінде болып табылады. Педагог-психолог психологиялық білім ретінде өзекті сұраныстарды пайдаланып қана қоймай, он қалыптастыруға да тырысу керек. Мұндай жұмысты ұйымдастырудың негізгі формасына әлеуметтік психологиялық білімдерді жасерекшеліктеріне байланысты әртүрлі мектеб жұмысының белсенді формаларына енгізуді жатқызуға болады (КТК, тақырыптық кештер, т.б.). Маман дайындауда, ең алдымен, әрбір педагог-психологтің жеке тұлғасын қалыптастыру талап етіледі. Алайда, оның негізі кәсіби дайындау барысында жетіледі. Қазіргі педагог-психологтың алдына: болашақ өркениетті, дәстүрлі демократиялық мемлекетті құратын жас ұрпақтың ең әуелі адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, содан кейін оның жан және тән сапасын арттырып, техникалық прогреске сәйкес жан-жақты қолданбалы білім беру міндеттері қойылады. Білім беретін мекемелердің іс-әрекетінің нәтижелігі, ең алдымен, педагогтар мен психологтарға байланысты. Олардың жеке тұлғалық қасиеттері, педагогикалық білігі, адамгершілік және ақыл-ой парасаты, педагогикалық мәселелерді шешуде шығармашылық ізденіске бой алдыруы, есеюі, өнегелілігі, денсаулығы мен рухани байлығы қоғамның әлеуметтік алғышарты болып табылады.

Қоғам сұраныстары мен өндіріс талаптарын қанағаттандыру мақсатында болашақ педагог-психологтарды дайындауда жаңа бағыттар айқындалып келеді. Болашақ педагог-психологтың кәсіби-тұлғалық дамуының алғышарттарының бірі өзіндік таным дамуы және өзіндік жетілдіру тілегінің деңгейі болып табылады. Жалпы алғанда болашақ маманның өзін-өзі тану әрекетін жоғары деңгейде меңгеруі өзіндік жетілу мен кәсіби даму іс-әрекетіне белсенді қосылуға мүмкіндік береді. Әсіресе, адамның үйлесімділігін қамтамасыз етуде үлес қосатын болашақ педагог-психологтардың тұлғалық қасиеттері мен кәсіби дағдыларының дамуы ерекше маңызға ие. Сондықтан, тұлғалық жетілудің жоғарғы деңгейіне жетуде педагог-психологтың практикалық кәсіби іс-әрекетінің рөлі ерекше. Осы орайда, болашақ мамандардың іс-әрекет субъектісі ретінде кәсіби дайындауда өз-өзін тану, өзін-өзі қабылдау және өзіндік жетілдіру деңгейінің рөлі өзінің маңыздылығымен алға шығады.

Болашақ педагог-психологтарды теориялық жүйелі-құрылымдық дайындау тұлғалық-кәсіби өсуіндегі жағымды өзгерістерді қамтамасыз етеді. Осы орайда, педагог-психологтың кәсіби «Менінің» қалыптасуы мен дамуы кәсіби іс-әрекеттің жүзеге асуына бағытталады. Болашақ педагог-психологтың кәсіби дамуы тұлғалық, іс-әрекеттік және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің үздіксіз үдерісі ретінде түсіндіріледі. Бұл ерекшеліктер теориялық, практикалық білім, біліктілік, дағдының қалыптасуын қамтамасыз ететін өзіндік даму мен дайындықтың бірлігі ретінде қарастырылатын үздіксіз үдеріс. Сонымен қатар, педагог-психологтардың тұлғалық дамуының өзіндік үлгісі кәсіби маңызды қасиеттердің өзіндік бағалануын қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда педагог-психологтардың кәсіби құрылымы туралы сөз қозғағанда біршама қиындықтарды кездестіреміз. Себебі, бұл мәселе нақты адамның барлық өзара байланыс қосындысын шынайы детерминанттары мен дара ерекшеліктерімен негізделген. Егер шынайы жағдайдың сипатын ескерсек, онда педагог-психологтың алдында бірқатар мәселелер мен тапсырмалардың легі тұрады. Мақсат пен оның шынайы жүзеге асуына дейін келу үшін функция деп аталатын белгілі бір құрылымды орындау қажет. Бұл функцияларды субъект (белсенді), нақты адам орындайды. Сондықтан да педагог-психологтардың өзінің функцияларын орындау қабілеті нәтижелі болуы оның бірқатар қасиеттеріне байланысты.

Зерттеулерге сүйенетін болсақ, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзырлығы білімінің, біліктілігінің, дағдыларының, психологиялық ерекшеліктерінің, кәсіби ұстаным-

дары мен акмеологиялық нұсқалар кешенінің қалыптасуымен сипатталады [1]. Бұл жерде білім, дағды және біліктілікті педагог-психологтың кәсіби құзырлылығының рөлдік сипаттамасы ретінде ұсынуға болады. Ал, қалған құрылымдар оның субъективті сипаттамалары ретінде көрініс береді. Сонымен қатар, кәсіби құзырлылықтың түрлі деңгейлеріне жету детерминанттармен анықталады. Олардың арасында кәсіби функцияларды орындау үшін қарсылық болатын дара шектеулер бар. Көптеген еңбек аймақтарындағы мамандарды дайындау практикасы мұндай бағдардың орындаушылық деңгейінің қалыптасуында көрінетін нәтиженің жеткілікті түрде жоғары нәтиже беретінін анықтаған [2]. Психологияның объектісі адам болғандықтан педагог-психолог маманды дайындауда психикалық әлем туралы жаңа білімді алуға бағытталған интеллекттің негізгісі ретінде сипатталатын креативтіліктің дамуы мен шығармашылық ізденіске деген бағдар беру жеткіліксіз.

Болашақ педагог-психологтардағы адамға деген қатынасты жоғарғы құндылық ретінде қалыптастыру мәнді болып табылады. Мұндай нәтижеде адамның ішкі әлемімен жұмыстың механизмі мен заңдарына тереңдеп бойлауы жоғары адамгершіліктік императивпен анықталады. Осындай жолмен, зерттеуші педагог-психологтың кәсіби интеллектісінің маңыздылығы мен оның жұмысының жалпы гуманитарлық бағыттылығы бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді. Сондықтан, ғалым В.А. Пономаренко пікірінше анық профессионал үшін рухани кеңістік – метафора емес, ол өзінің ар-ұятының өзара қатынасының әлеуметтік шындығы болып табылады [3]. Мұның өзіпрофессионалды маманнан айырып тұратын жүйелі қасиет. Өзінің іс-әрекеті ретінде педагог-психолог мамандығын таңдап алған адамдар қарапайым маманнан жоғары деңгейдегі профессионалға дейінгі кезеңдегі оның жүзеге асу үшін қажет әдістемелік түр-пішіндерді және әрбір сатының мазмұнды толықтырылуын жақсы түсіну керек.

Болашақ педагог-психолог маманның сапалық сипаттамалары және олармен анықталған және университет алдында тұрған білім берушілік міндеттер бүгінгі жоғары мектепте маманның кәсіби дайындығы жүйесінің негізгі ұстанымдарының сипатын анықтайды. Олар ұстанымдардың бір қатарын айқындайды. С.И. Гессен жоғары мектепте білім берудің негізгі ұстанымдарын анықтайды [4]. Оларға мыналар енгізіледі:

1. Университетте ғылыми білімнің толық болуы; 2. Дәріс беру және оқыту үдерісіндегі еркіндік және шығармашылық рухы; 3. Оқытушылар мен ғалымдарды дайындау жолымен университеттің өзін-өзі тәрбиелеуге қабілеттілігі.

Өз мәнісінде жоғары мектеп аталмыш ғалымның көзқарасы бойынша ешқандай билікке төзбейтін ғалымдардың одағы болып табылады. Қазақстандық зерттеушілер жоғары мектепте білім беру ұстанымдарының маңыздылығын ерекше көрсетеді. Олар бүгінгі жоғары мектепте мамандарды дайындау жүйесінің төмендегідей негізгі ұстанымдарын анықтайды: - білім беру мазмұнының ғылыми іргелілігі мен жүйелілігі ұстанымы; - білім берудің қол жетерлік ұстанымы; - ғылым мен өндіріспен алынатын білімдер жүйесінің кешенділік және кіріктірілген ұстанымы; - мамандар дайындаудың жаңашылдық және ақпараттылық бағдарлаушылық принципі; - білім берудің болжаушылық және жан-жақтылық принципі; - кәсіби құзырлылықтың көп нұсқалылығы және таңдамалық ұстанымы; - алынатын біліктіліктің қолданбалы нәтижелілігінің ұстанымы; - білім беру мазмұны мен құрылымының көпдеңгейлі және үздіксіздік ұстанымы; - біліктілік сертификатымен әр баспалдағының кәсіби аяқталу немесе академиялық ұстанымы; - білім беру мақсаттарының әлеуметтік-экономикалық айқындаушылық ұстанымы; - оқу үдерісін ұйымдастырудың проблемалылығының және интерактивтілігінің ұстанымы; - білім беруді гуманизациялау ұстанымы; - оқыту үдерісінде ынтымақтастық пен серіктестік ұстанымы; - білім беру мазмұнының коммуникативтілік мәдениет аралық ұстанымы; - мамандардың кәсіби және академиялық біліктілігінің халықаралық-мәртебелік деңгейін қамтамасыз ету ұстанымы; - бағдарлаушылық көзқарасы ұстанымын айтамыз; - оқытуда жеке және тұлғаға бағытталған көзқарас ұстанымы.

Осы ұстанымдар кез-келген жоғары мектепке лайықты, бірақ ғылым мен университеттік білім беру түсінігі тарихи тұрғысынан өзгеріп тұрды. Олардың көзқарасын қолдай отырып,

маңызды ұстаным ретінде болашақ мамандарды оқытудағы, тәрбиелеудегі, дамытудағы тұлғаға-бағытталған ұстанымды айтамыз. Педагог-психолог мамандарды дайындауда олардың психологиялық сауаттылығы мен күзiреттiлiгi мәселесiнiң маңызы өте зор. Өйткенi, мектепте педагог-психолог қызметiнiң басым бағыты психологиялық арнада жүргiзiледi. Басқа ғылымдар арасында психология ғылымының маңыздылығы туралы айтатын болсақ, басқарушылық қызметтегi адамдармен қарым-қатынас 80 пайызды құрайды, “адам-машина” жүйесiндегi апаттардың 70 пайызы операторлардың кiнәсiнен болады. Бүгiн ел нарықтық қатынастарға ауысып, психология ғылымының жаңа бағыттары пайда болып, даму үстiнде: нарық психологиясы, бизнес психологиясы, ақша психологиясы, жарнама психологиясы, кәсiпкерлiк психологиясы және т.б. Психологиялық бiлiмдер саясаткерлерге, менеджерлерге, дәрігерлерге, заңгерлерге, педагогтарға, инженерлерге қажет.

Қазiргi күнi кадрлық менеджменттегi психодиагностиканы қолдану маңыздылығына тоқталып кеткенiмiз дұрыс болады, мысалы, коммуникативтiк қабiлеттер менеджер iс-әрекетiнде үлкен маңыздылыққа ие. Белгiлi шетел ғалымы Д.Голланд тұлғаның белгiлi бiр мамандыққа сәйкес келуiн анықтау әдiстемесiнiң авторы болып табылады [5]. Оның пiкiрiнше вербальды белсендiлiктiң жоғары деңгейi кәсiпкер типiндегi тұлғаның маңызды қасиетi болып табылады (J.Holland, 1973). Сондықтан да коммуникативтiк қабiлеттердi диагностикалаудың кадрлық менеджментте маңызы зор.

Психикалық құбылыстармен барлық мамандар кездеседi (психикалық бейнелер және ұғымдар, түйсiктер мен қабылдаулар, есте сақтау және ойлау қабiлеттерi, зейiн мен ерiк, эмоция мен түс көру, тұлғаның қасиеттерi мен күйлерi). Психология адам белсендiлiгiнiң, яғни, оның мiнез-құлығының, қарым-қатынасының, iс-әрекетiнiң заңдылықтарын ашады. Психология басқа адамның мiнез-құлығына әсер етудiң жолдарын анықтап, өзiн-өзi басқаруы бойынша нұсқаулар жасайды. Ол адам интеллектiсi мен қабiлеттерiн, индивид қасиеттерi мен топтарын анықтаудағы әдiстерiн бередi.

Зерттеулерге сүйенетiн болсақ, адам өз “Менiн” және қоршаған ортаны бейнелей отырып, өз белсендiлiгiн реттейдi, үнемі психикалық құбылыстарға енедi. Дегенмен, оны ол саналы түрде ұқпайтын сәттерi жиi болады. Психология пәнi көптеген өмiрлiк ұғымдарды бiтiрушiнiң сөздiк қорына енгiзедi. Университеттiк бiлiмi бар адам үшiн бүгiнгi күнi “психика”, “қабылдау”, “мотив”, “қарым-қатынас” деген сөздердi бiлмеуге болмайды. Сондықтан да ХХI ғасырда психология ғылым ретiнде өзектi болады.

Болашақ педагог-психологтарды даярлауда жоғары эмоциялық тiтiркену, стресс жағдайларын азайтуды көздейтiн iс-әрекеттердi, психологиялық кеңес беру мен психокоррекцияны жүргiзе алатын дағдыларды дамыту жұмыстарын басты назарда ұстау қажет. Психологиялық қызмет жоғары оқу орындарының отбасы, басқа әлеуметтiк институттарымен бiрлесiп болашақ маманның моральдық құндылықтарын қалыптастыру мақсатында олардың күштерiн реттеуге мүмкiндiк бередi. Өмiр қазiргi күнi әрбiр қадамды психологтың нұсқауларымен салыстыруды талап етедi. Осы ереженiң сақталуы болашақ маманды дайындаудың деңгейiн көтередi, олар қазiргi үнемі күрделену үстiндегi талаптарға сай болар едi.

Педагог-психолог қызметiнiң ең бiрiншi бағыты психодиагностикалық деп аталады. Психодиагностикалық жұмыстарда әрбiр жас кезеңдерiндегi оқушылардың өзiндiк психикалық процестерiнiң даму ерекшелiктерiн түрлi зерттеу әдiстерi мен зерттеу әдiстемелерiн қолдана отырып анықтайды. Психодиагностикалық жұмыстарды мектеп психологы мынадай мақсатта жүргiзе алады:

1) Оқушылардың психикалық дамуы оның жас ерекшелiктерiне сай келе ме? Әрбiр оқушымен жеке жұмыс жүргiзу мақсатында олардың қабiлетiн ерте анықтау үшiн психологиялық зерттеулер жүргiзедi;

2) Балалардың жас дамуынан төмен психикалық ауытқушылықтарының себептерiн, мiнез-құлықтың бұзылу себепiн анықтауға арналған диагностикалық зерттеулер жүргiзедi;

3) Оқушылардың ересектермен (мұғалім, ата-ана), өз құрбыларымен қарым-қатынасының мазмұнын, қарым-қатынастың бұзылуының кейбір психологиялық себептерін анықтауға байланысты жұмыстар жүргізеді.

Педагог-психологтың келесі іс-әрекеті психопрофилактикалық бағыт. Психопрофилактикалық (алдын алу) жұмыстар жүргізудің мақсаты мектеп мұғалімдеріне жүйелі түрде психологиялық кеңестер бере отырып, олардың психологиялық сауатын көтеру. Оқушыларда кездесетін психикалық ауытқушылықтың алдын алу шараларын жүргізу, бала психологиясындағы өзгерістер туралы ата-анаға дер кезінде психологиялық кеңестер беріп, олардың алдын-ала сақтандырып отыру. Мектеп жағдайындағы психопрофилактикалық жұмыстарға жататындар:

- балалардың мектептегі оқуға психологиялық даярлығын анықтау (ес, зейін, ерік, ойлау, сөйлеу, қабылдау т.б.);

- бастауыш сынып оқушыларының мектептегі оқуға тез бейімделуін анықтап, ата-аналар мен педагогтарға ұсыныстар беру;

- оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысындағы психологиялық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізіп, психологиялық кешеуілдеу мен ауытқушылықтарды анықтап, оны жоюға бағытталған шаралардың бағдарламасын жасау;

- оқушылардың әрбір психикалық процестерінің, сезімі мен еркінің, қабілеті мен мінезінің дамуына үзбей зерттеу жүргізіп, ұсыныстар беру;

- арнаулы бағдарламамен жұмыс жүргізуді қажет ететін оқушылар үшін пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, арнаулы бағдарламалар дайындау;

- интернат типіндегі мекемелерге қабылданатын оқушылар үшін арнайы психологиялық зерттеулер жүргізіп, олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтау;

- оқушылардың тұрмыс жағдайларына, оқу-тәрбие үдерісінің ерекшеліктеріне (күрделілік, олқылықтар, мұғалімнің өзіне тән психологиясын түсінбеу т.б.) байланысты олардың жүйке жүйесінің бұзылуының алдын алу;

- педагогикалық ұжымда үйлесімді психологиялық ахуалды қалыптастыру, педагогтар мен оқушылардың, ата-аналар мен педагогтардың арасында сенімді байланысты қалыптастырып, психологиялық ынтымақтастықты орнату.

Мектеп тәжірибесіндегі дамытушы жұмыс дәстүрлі түрде баланың өзіндік сана-сезімі мен психологиялық өмірінің әлеуметтік, эмоциялық жеке адамдық, танымдық өрістеріне бағдарланады. Мұндағы жұмыс дәстүрлі формада жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалға, психологиялық дамытушы ортаны ұйымдастыру. Мұндай жұмыс педагог-психолог пен оқушының сабақтан тыс уақытында ұйымдастырылуы мүмкін (тренингтік, дамытушы, оқытушы жұмыстар). Сонымен қатар, мұндай ортаны сабақ үстінде, тәрбиелеу үдерісінде және сабақтан тыс уақытта, психологиялық дамытушы технологияларды қолдана отырып құра алады. Сонымен қатар, психологиялық дамытушы орта ретінде, оқытушы психодиагностика, басқаша айтқанда, әртүрлі психодиагностикалық шаралардың мәліметтерін педагог-психологпен біріге отырып талдау арқылы жасөспірімдер мен жастық шақтағы оқушылардың құзіреттілігіне, өз-өздеріне дамыту мен тануы. Оқу іс-әрекетінде дамытушы жұмысты педагог-психолог жанама түрде жүргізе алады [6]. Ол педагог-психолог пен педагогтың біріге отырып, балалардың психикалық әлемдерінің әртүрлі жақтарын ескеретін, оқу үдерісіне енгізілетін формалар арқылы көрінеді. Мектеп тәжірибесіндегі психокоррекциялық жұмыс жоғарыда айтылғандай әртүрлі психологиялық қиындықтары, мәселелері бар оқушыларды анықтап, сол мәселелерді шешуге бағдарланады. Педагог-психолог үлкен топпен жұмыс атқаратындықтан, әрбір баланың мәселесіне байланысты даралық түзету бағдарламасын құрай алмайды. Ең алдымен бағдарлама жас ерекшеліктерін және осы жаста көптеп кездесетін мәселелерді ескере отырып, құрылуы керек [7].

Әрине, мектеп педагог-психологы баланың барлық мәселелерімен жұмыс істей алмайды. Мектеп педагог-психологының біліктілігі мен жұмыс ауырлығын ескере отырып, оның

міндетіне дамытушы жұмыс пен мектепке бейімделу мен танымдық өрісінің мәселелерін шешуге бағытталған түзету жұмыстарын ғана атқарады. Ал басқа мәселелерді шешу мүмкіндігі педагог-психологтың жеткілікті түрде дамыған кәсіби дағдыларына байланысты. Психокоррекциялық жұмыс топтық және даралық түрде де жүргізіледі. Мұндағы нақтылы жұмыс формасын таңдау баланың жас ерекшелігіне, мәселенің сипатына байланысты болады. Сонымен қатар, бірегейлік принципін ұстану өте маңызды болып саналады.

Жоғарыда атап өткен педагог-психологтың қызмет бағыты жоғары оқу орындарында маман дайындаудың негізі болуы тиіс. Сондықтан жоғары мектепте болашақ мамандарды дайындауда әрбір оқу пәндері мен практика мазмұнын осы бағыттардың шеңберінде құру маңызды.

Қорытындылай келе, қазіргі жағдайда жоғары кәсіби құзыретті, білім, білік және дағдылары қалыптасқан маманды дайындауда бірінші орында оқу пәндерінің мазмұнына, оқытудың тәсілдері мен әдістерін таңдауға ерекше талап қойылып отыр. Білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді. Сондықтан, болашақ педагог-психологтарды дайындауда жоғарыдағы мәселені назарға ала отырып, олардың «педагог-психолог-ғалым», «педагог-психолог-оқытушы», «педагог-психолог-практик», «педагог-психолог-әдіскер» ретіндегі қызмет аймағын анық-тау қажеттілігі алға шығады.

1 Джакупов С.М. *Общая психология: введение. Учебное пособие.* – Алматы: «Қазақ университеті», 2014. – 162 б.

2 Успенский В.Б., Чернявская А.П. *Введение в психолого-педагогическую деятельность.* – М.: Владос, 2004. – С. 176.

3 Кукушин В.С. *Введение в педагогическую деятельность.* – Мәрт. 2005. – С. 255.

4 Пономаренко В.А. *Психология духовности профессионала.* – ИПАН РАН-М., 2004- С.162.

5 Гессен С.И. <http://www.twirpx.com/file/779791/>

6 Жубаназарова Н.С., Садыкова Н.М. *Теоретический и экспериментальный анализ коммуникативной компетентности современной молодежи // Вестн. КазНПУ. Сер. Психология – 2016. – №2(47). – С. 49-55*

7 Жұбаназарова Н.С. *Жас ерекшелік психологиясы. Оқулық. МОН РК «Қазақ университеті» 2014 ж.*

Аннотация

Жубаназарова Н.С., Борбасова Г.Н. – Казахский Национальный университет имени аль-Фараби
Профессиональная подготовка педагогов-психологов по вопросам
совершенствования качества в высших учебных заведениях

В Статье рассматриваются теоретические основы подготовки будущих педагог -психологов. Рассматривается направление подготовки педагог-психологов в Вузе. Анализируются особенности профессиональной деятельности педагог-психологов. Предоставляются виды услуг будущих педагог-психологов. В данное время в различных регионах профессиональной деятельности растет потребность в компетентных специалистов. Происходящие изменения в национальных реформ системы образования, есть некоторые трудные вопросы, чтобы измерить его. Сегодняшние дни, уделяются особое внимание формированию и развитию профессиональной компетентности педагогов. В частности, педагоги и психологи на эти изменения, чтобы действовать в своевременной манере, то есть, определить свою позицию как субъекта образовательного процесса, направленного на изменение личности проблемы учащихся для развития инновационной деятельности.

Ключевые слова: профессиональная деятельность, профессиональная компетентность и грамотность, направление профессиональной деятельности педагога-психолога, услуги педагога-психолога.

Abstract

Zhubanazarova N.S., Borbasova G.N. – *al-Farabi Kazakh National University*
Professional training of future teachers and psychologists at the university

The article provides a theoretical basis for the preparation of future teachers and psychologists. Areas of high school teachers and psychologists are investigated. Teacher – psychologist analyzes the features of a professional activity. Use of the services of the future educational psychologists. At present the requirement in competent experts grows in various regions of professional activity. The happening changes in national reforms of an education system, are some difficult questions to measure it. Today, is given special attention to formation and development of professional competence of teachers. In particular, teachers and psychologists on these changes to work in a timely manner, that is to define the position as subject of the educational process directed on change of the identity of a problem of pupils for development of innovative activity.

Keywords: professional activity, professional competence and literacy, direction of professional activity of the educational psychologist, service of the educational psychologist.

МРНТИ 15.21.45.

Т.Н. Жүндібаева¹

Ф.О. Оразбаева²

^{1,2}*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ, Қазақстан*

ЖЕТКІНШЕКТЕР ТҮЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада жеткіншектердің тұлғалық ерекшеліктерінің зерттелуі қарастырылған. Жеткіншектердің кемелдену сезімінің қалыптасу үрдісі қарастырылған. Сондай-ақ, өзіндік сана мен өзін-өзі бағалау бойынша теориялық-тәжірибелік көзқарастар нақты сарапталып дәріптелген. Жеткіншек жастағылардың мінез-құлықтарының ерекшеліктері және оның дамуы бойынша талдау нақты дәйекті түрде сипатталып берілген. Жеткіншектердің тұлғасын қалыптастыру үрдісінде мұғалім балалардың белсенді түрде ұжым өміріне қатысуының талаптануын эмоционалдық сезіміне аса көңіл аудару қажеттілігі көрсетілген. Сонымен қатар мақалада жеткіншектердің психологиялық, физиологиялық дамуының ерекшеліктері дәріптелген. Жеткіншектердің қазіргі қоғамдағы жағдайы мен балалықтан ересектікке талас-тартыспен өтуіне талдау жасауды қазіргі кезеңде жалғасуда. Ол қоғамда ересектер тобы мен балалар тобының бар екенін, әрқайсысының өзіне тән артықшылықтары болатындықтан, олардың бір-бірінен бөлінгендігін, жеткіншектік кезеңде баланың балалар тобынан ересектер тобына қарай ілгерілейтіні көрсетілген.

Түйін сөздер: Тұлға, өзін-өзі бағалау, өзіндік сана, эмоционалдық күй, ұжым, мінез-құлық, ата-ана қатынасы.

Жеткіншек шақтағы кезең, баланың психикалық аймағын барлық жағын өзгертетін кезең. Ерекше өзгерістер интеллектуалдық әрекетінің дамуында болып жатады. Жеткіншек кезеңге әсіресе, танымдылыққа ұмытылу, өз пікірінің қалыптасуы, интеллектуалдық мәселелерге шығармашылық көзқараспен қарау тән болып келеді. Сонымен қатар, жеткіншек жаста өзіндік дамуына байланысты дене бітімі өзгеріп, психологиялық үйлесімсіздік пайда болады. Бұл өзгерістер жеткіншектердің бойына әр түрлі әрекеттердің пайда болуына әкеліп соғады, яғни оларда шыдамсыздық, дөрекілік, жиі кездеседі. Қызығуында маңызды өзгерістер байқалады және рухани қажеттіліктері дамып, құндылығы бағыты, өзіндік дүниетанымы, қоғамға, өзге адамдарға, өзіне көзқарасы қалыптаса бастайды. Жеткіншек кезеңнің ерекше зейінді аудартатын, бұл әлеуметтік-психологиялық және биологиялық жағдайы, балалалық шақтан ересектік кезеңге өтуі. Осыған байланысты, психикалық ерекшеліктердің өзгеруі және басқа қасиеттердің пайда болуы олардың психологиялық денсаулықтарына түйінделеді.

Жеткіншектердің психикалық қасиеттері өздері енетін қоғамдық қатынастардан тыс бола алмайды. Жеткіншектердің бұл деңгейде алдымен қоғамдағы тіршілік иесі ретінде көрінеді.

Яғни, әлеуметтік жүйеде жеткіншектің денсаулығына қатысты ықпалдары жайлы мәселелер алдыңғы шетке шығады. Психикалық саулығы алуан түрлі әлеуметтік ықпалдарға душар болады, оның ішінде, отбасындағы, достарымен, туыстарымен қарым-қатынастарындағы, жұмысындағы, бос уақытындағы, діни және басқа да ұйымдармен қатынасындағы. Бұл ықпалдардың жағымды да, жағымсыз да сипатта болуы мүмкін.

Жеткіншек жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «қиын», «өзгерілу», «ауысу жастары» т.б. деп атайды. Соңғы жағдайда «ауысу жасында» жеткіншек балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады. Ана тілімізде «жеткіншек» деген ұғым өзге тілдердегі осы сөздің мағынасы дәл беріледі. Жеткіншек балалық шақ пен ересектік кезеңге жете алған жоқ, бірақ жетіп қалды. Сондықтан, бұл жастың «жеткіншек» деп аталуы осы кезеңдегі психологиялық ерекшеліктерінің өзіндік сипатын анық көрсетеді. Бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас бала мен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болады: бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жеткіншек барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығы мен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді. Кәмелетке толмаған балалардың ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдардың қатынасының өзгеше келетінінде емес, сонымен қатар биологиялық дамуы жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда, жеткіншек тым өзгеше сипатта берілген тапсырманы өз сөзімен түсінікті етіп айтуға талпынады. Кейбір жеткіншек жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалпынан үлкен адамдармен қарым - қатынаста болғанда мейірімді, сыпайы келсе, енді өрескел түрде, яғни тәртіп бұзуға икем келеді. Осы мәселені анықтауда зерттеушілер арасында талас бар. Дегенмен, психиканың бұл ерекшелігі жеткіншекте әлеумет өмірінің өзіндік ерекшелігінен болар. Жеткіншек бәрін өзім істей аламын, сендер мені әлі бала деп ойлайсыңдар деп наразылық білдірсе де, оның қолынан әлі де көп нәрселер келе бермейді. Ересектерге ұқсап іске ұмтылғанымен, сол істі орындаудағы мүмкіншілігі кіші мектеп жасындағылардай. Басқаша айтқанда, бір жеткіншек істі игеру жағынан бала да, талап қою жағынан ересек.

З.Фрейд [1] және Л.И. Божович [2] еңбектерінде жеткіншек үлкендердің қамқорлығына көнбейтін өзім бәрін орындаймын дейтінін жыныс қасиетінің салдарынан болатын санасыз әуесқойлық деп түсіндірді.

Бала жеткіншек жасында дене және физиологиялық даму жағынан үлкен өзгерістерге ұшырайды. Егер бастауыш кластарда баланың денесі белгілі бір мөлшермен біртіндеп өсетін болса, жеткіншек кезінде тез өседі. Бірақ, өсуі бір мөлшермен іске аспайды. Кейде тым шапшаң, кейде баяу дамиды. Мұндай түрліше қарқынмен өсу 11-ден 16-ға дейін созылады да, кейін өз қалпына келеді. Қыздардың денесінің тез өсуі 13 жаста, ұлдарда 15 жаста кездеседі. Бұл кезде ересектердің сүйегі мен шеміршектері нығайып, бұлшық еттері күшейеді. Осының нәтижесінде 13 жастағы қыз күш жағынан шешесінен кем емес, 15 жастағы ұлдың күші әкесінің күшіне жақындайды. Жеткіншектердің дене құрылысы онша үйлесіп жарымайды. Денесін тік ұстамай, бір жағына еңкейіп, не қисайып тұрған сияқты көрінеді. Себебі, дене мөлшері біркелкі дамымайды; аяқтары, қолы, белі, мойыны тез өседі де, кеудесі кеш өседі. Осының нәтижесінде жеткіншек денесінің үйлеспеуінен ұялады. Жеткіншектің бас миының көлемі ересектердікіндей. Бірақ, ми қабығы клеткаларының қабаттары өсуін әлі тоқтатпайды. Ми қабығы клеткалары тітіркендіргіштерге әсерленгіш. Сондықтан, жеткіншектер ренжуге, не қуануға икем келуі мүмкін. Жалпы алғанда, жеткіншектердің дене құрылысы мен физиологиялық қызметінде жастың ерекшелігіне орай недәуір өзгерістер кездесетіні рас болғанымен, осылардың марфологиялық және физиологиялық қызметінде тәртіп бұзуға, не үлкендердің сөзіне көнбеуге ықпалын тигізетін еш нәрсе жоқ. Бірақ осындай дәуірден биологиялық ықпалдар түкке тұрмайды деген қорытынды шықпайды. Жеткіншектің өмірінде, әлеуметтік ықпалдардың ролі неғұрлым басым келгенімен, бұл екі үрдісі біріне бірін қарсы қоюға болмайды.

З.Фрейдтың [1] пікірінше жеткіншектің өзіне тән психикалық ерекшеліктері жануар ата-тегінен берілген қасиеттер делінді. Сондықтан да, осы заңдылық жеткіншектің мінез-

құлықтың кейбір жақтарына әсер етеді деген. Осы пікірге сол кезді өзінде-ақ, социологтар мен антропологтар соның ішінде АҚШ антропологтары Европа елінде жеткіншек жасында кездесетін үйлеспеушіліктер үшін Самоа аралына барып, сонда тұратын елдің жеткіншектерін зерттейді. Зерттеуде тек бақылау тәсілі қолданылады. Бұлар мынадай қорытындыға келеді. Самоа еліндегі 11-16 жастағы балаларда Европаның жеткіншегіне тән ұнамсыз әдет-ғұрыптардың бірі де кездеспейді. Ал, қыздардың жыныс жағынан есейгендігі олардың мінез-құлқында сырттай білінбейді. Байқалған күннің өзінде И.С. Кон [3] бойынша тек бойжеткендік есейгеннің белгісі деп бағаланады.

Баланың ақыл-ойының өріс алуы тек білімге тәуелді емес. Себебі, білім мен психикалық даму бір емес екенін біз ілгеріде ескерттік. Егер ілгеріде аталып кеткен психиканың дамуына оқыту әсер етпейді дейтін Ж.Пиаженің [4] пікірін басшылыққа алсақ, онда психиканың дамуы баланың қай жаста екеніне тәуелді келеді дейміз. Әрине, бала психикасының қандай болып келуіне оның хронологиялық жасының тікелей қатынасы бар. Бала психикасының әр жаста қандай болып келуіне әлеумет ортасының едәуір ықпалы бар. Себебі, балаға әсер ететін бүгінгі әлеумет ортасы бұрынғыдан мүлде өзгеше: қазіргі техника мен өндіріс саласына ие болу үшін жас өспірімдер жасының көбін оқуға арнауы тиіс. Жасты ғылыми тұрғыдан тиісті кезеңдерге бөлу, сол кезеңге тән баланың есеюіне әсер ететін себептер үлкендердің балаға қоятын талабы мен баланың өзбеттілік ұмтылуының арасындағы қайшылық «дағдарыс» кез кездеседі.

Дағдарыс кезінде жеткіншектің жасына орай келмейді, онымен үлкендер арасындағы қатынастың бұзылуынан пайда болады. Осылай деу дағдарыс кезі жеткіншекте болмауы немесе байқалмай бірқалыпты сипатта өтуі мүмкін. Егер үлкендермен қатынасы жақсы болып, даму ортасы жағымды әсерлерге толы болса, бұл кезең байқалмай өтуі де мүмкін.

Бұл кезеңде жеткіншек үлкендерден өзінің есейгенімен, өзбеттілігімен санасуын талап етеді. Қыздар киім киюде, ұл балалар тиісті міндеттерді өз еркімен орындағысы келеді. Осыған бастапқы кезде ата-аналар қарсы келеді. Егер осындай жағдай көп созылса, жеткіншек пен үлкен адамдар арасында түсінбеушілік туып, бала ашуланып, ерегісуге, не жағымсыз халде болып, үлкендер не айтса да, соны орындамауға тырысады.

Жеткіншектердің қазіргі қоғамдағы жағдайы мен балалықтан ересектікке талас-тартыспен өтуіне талдау жасауды қазіргі кезеңде жалғасуда. Ол қоғамда ересектер тобы мен балалар тобының бар екенін, әрқайсысының өзіне тән артықшылықтары болатындықтан, олардың бір-бірінен бөлінгендігін, жеткіншектік кезеңде баланың балалар тобынан ересектер тобына қарай ілгерілейтінін атап көрсетті. Жеткіншекте ересектер тобына өтуге және үлкендердің балаларда жоқ кейбір артықшылықтарымен пайдалануға деген ұмтылысы болады.

Жеткіншек жасына өту баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жағдайлардың терең өзгерістерімен сипатталады. Олар жеткіншектердің үлкендермен, өзінің құрбы-құрдастарымен арасында қалыптасатын қарым-қатынасына, организмнің физиологиясына, танымдық үрдістердің, интеллекті және қабілеттерінің дамуына қатысты.

Жеткіншек кезеңі - бұл балалық шақтың, жастың ішіндегі ең қиын, ең күрделі, жеке бастың қалыптасу кезеңі: Сонымен қатар, өте жауапты кезең, өйткені, Бұл кезеңде баланың адамгершілік негіздері, әлеуметтік ұстанымы, өзіне, адамдарға және қоғамға деген қарым-қатынасы қалыптасады. Осы жаста адамның мінез-құлық белгілері және жеке тұлға арасындағы мінез- құлықтардың негізгі формаларн тұрақталады.

Бұл жас кезеңіндегі басты мотивациялық белгілер - жеке бастың өзін-өзі жетілдіруіне, өзін-өзі тануына, өзін-өзі танытуына деген ұмтылыс болып табылады.

Өзінді тану үрдісі, ең алдымен, өзін-өзі бағалау сияқты оның маңызды құрамымен жеткіншектердің түрлі психологиялық жай-күйімен, жекелей алғанда, алаңдаушылық, қорқыныш, өз-өзіне сенбеушілік т.б. тығыз байланысты. Яғни, дамудың эмоционалдық өзгеше индикаторы – өзін-өзі бағалау және өзін-өзі тану.

А.И. Захаровтың [5] айтуынша, жеткіншектердің қорқыныштары елеулі түрде осы жастың негізгі қайшылықтарымен байланысты:

Жеткіншектің өзін-өзі болуға ұмтылысы мен өзінің жеке индивидуалдығын сақтау, сонымен бірге, өзінің құндылықтары мен нормаларына сәйкес топпен бірге болу. Бұл мәселені шешу үшін жеткіншектің алдында екі жол бар: жолдастарынан арылып өз-өзімен қалу, не өзінің бостандығынан, дербестігінен бас тартып, топқа толығымен тәуелді болу. Басқаша айтқанда, жеткіншекке өзімшіл мен конформизмнің бірін таңдауға тура келеді. Мұндай қайшылықты жағдай оның айқын әлеуметтік жағдаймен байланысты қорқыныштарының негізгі себептердің бірі болып табылады.

Жеткіншектерге өзінің физикалық және психикалық жақтан сиықсыз болуынан қатты қорқады және адамдардың осындай кемшіліктеріне төзбеушілікпен қарайды немесе өз денесінің сиықсыздығы туралы ойларға беріледі.

Жеткіншектерге тән қорқыныштар – басқыншылық, өрт, ауыру көбінесе ер балаларға тән болса, қыздарға стихиялық құбылыстар, кеңістік тылсымы үрей әкелетін көрінеді. Бұлардың бәрі, айналып келгенде, өлім қаупімен ұштасады.

Бұл жаста жеке жеткіншектердің арасындағы қарым-қатынастармен байланысты бұрынғы жастарда байқалмаған қорқыныштардың саны өседі. Мұндай белгілердің бірі – ата-аналармен жылы эмоционалдық қарым-қатынастың болмауы болып табылады. Бұл жеткіншек үшін қарым-қатынастың құны қымбат болғандықтан, жеткіншек өзінің жалғыз қарым-қатынас құралын жоғалтудан қорқады.

Қорқыныштың салдары көп қырлы, бірақ олардың бастысы - Бұл өзіне де, өзгеге де сенбеушіліктің ұлғаюы. Алғашқысы – сақтыққа негіз болса, кейінгісі күдікке итермелейді. Соның нәтижесінде, адамдарға алдына-ала ойластырылған дайын көзқараспен қарау, қақтығысқа бейімділік және «Мен» деп оқшаулану орын алады. Мұның бәрін Р.И.Захаров [24] қалмайтын қорқыныш – үрейге және алаңдаушылыққа балайды. Таңылған, қалмайтын қорқынышты (үрейді) жеткіншек жат, еріксіз, басқыншы сияқты түрде қабылдайды. Олармен дербес күресу үрейдің күшеюіне және өсуіне жол ашады.

Л.С. Выготский [6] жеткіншек жастағы қызығушылық мәселесін қарастырған және оны «жеткіншектің психологиялық дамуы мәселесінің кілті» деп атаған. Адамның әрбір дамуы сатысындағы психологиялық функциялары жүйесіз, автоматты түрде кездейсоқ емес, нақты қызығушылықтар, ұмтылыстарымен бағытталатын белгілі жүйе бойынша қызмет етеді. Жеткіншек жаста, ескі қызығушылықтар жойылып жаңалары қалыптасады – деп жазады Л.С.Выготский [6]. Жас кезеңнің басында романтикалық ұмтылыстар басым болса, соңына қарай нақты, жеткіншектің таңдаған өмірлік жолымен байланысты қызығушылықтар көрінеді.

Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін анықтау жолында негізінен К. Роджерстің [7], А.Маслоудың [8] тағы басқа ғалымдардың тұжырымдаулары бойынша тұлғаның өзін-өзі бағалауы, өзіндік «Менін» бағалауы, өзіндік белсендіруіне талпынысы, қоршаған ортаны субъективті қабылдауы, әлеуметтік-психологиялық қасиеттерді қарастыру аса маңызды болып табылады. Тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынасы, жеткен жетістіктері мен ерекшеліктері көптеген жағдайларға тәуелді, олар тұлғаның әлеуметтік есею ұғымымен түсіндіріледі. Шетел психологиясында тұлғаның әлеуметтік есеюін «өзіндік аяқталу» терминімен белгілейді және оның мағынасын тұлғаны өз мүмкіндіктерін аңғаруына және дамытуына бағыттылық деп сипаттайды. Өзіндік актуалданатын тұлға ең алдымен дербестігімен, өзін-өзі реттей алуымен, өзіндік тұжырымдауларымен, ақиқатқа талпынысымен сипатталады.

Қоршаған ортаның ұсынған моделі үнемі өз тұжырымдауымызға сәйкес келе бермейді. Жеткіншек тұлғасы мен әлеуметтік орта қатынасын түсінуде бұған тұлғаның жеке бас ерекшеліктерінің зор екендігін атап өту қажет. Қоғамның дамуы оңды болуы үшін жастардың бойында жағымды қасиеттердің дамуы зор мәнге ие. Жалпы индивидтің қоғамдық

қатынастарда белсенді субъект ретінде әрекет етуіне мүмкіндік беретін әлеуметтік топқа немесе қоғамға тән, мәдениет ұғымына енетін белгілі бір білімдер жүйесін игеруі әлеуметтену үрдісі ретінде қарастырылады.

Тұлғаның әлеуметтенуі тек әлеуметтік-бақыланатын және бағыттылық – ұйымдасқан жағдайлар жиынтығынан ғана емес, сонымен қоса, аяқасты жағдайлардан да тәуелді болып келеді. Сонда жеткіншектердің өміріндегі кездейсоқ жағдайлар, конформды ойлау ерекшеліктері, өмірде көрген қиыншылықтары жастардың өзіне тән қоршаған ортасына деген көзқарасын өзгертеді. Әлеуметтік жағдайларға саналы мөлшерде икемделу тұлғаның өзіне, қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін жағдайларды сөкпей қолдап отырған жөн. Саналы түрде икемделу студенттердің өздерінің, қоршағандардың өмірін жеңілдетеді. Р.С. Немовтың [35] пікірі бойынша, әлеуметтену дегеніміз бұл адамзатпен жасалған индивидтің көпқырлы тану үрдісі, әлеуметтік тәжірибені игеру, табиғи тіршілік иесіне, қоғамдыққа ауысуы, индивидтың тұлға ретінде қалыптасуы болып табылады. Кез-келген индивидті, әсіресе тұлға болып дамыған жастарды әлеуметтенусіз елестету мүмкін емес.

Сонымен қатар, автор бей әлеуметтік мінез-құлқы бар жеткіншек тұлғасын сипаттайтын үш негізгі қасиеттерді бөліп көрсетеді.

Біріншісі, қажеттілікті анықтауға байлынысты болады. Қажеттіліктердің қауырттылығы – басым көрсетілген, нақты мақсатқа жетудің ебедейсіз талпынысы болып табылады. Мұнда психологиялық кобалжу қажеттіліктерді қанағаттандырғанға дейін жойылмайды.

Екіншісі, эмоционалдық жақындықты аса қажет ететін адамдармен қарым-қатынаста байқалады. Шешімдерді қабылдап іске асыру тәуелсіздігі, жайлылықтың жоқтығы жақын, аса сезімтал байланыстарсыз іске аспайтындықпен ұштасады. Жастардың көңіл серіктестерімен қатынасында бұл қасиет өз «Менінен» айырылудың эмоционалдық тәуелдігіне айналады.

Үшіншісі, өзіне-өзі қол жұмсайтын адамдар кез-келген өтемдеуіш тетіктердің пайда болуына төмен қабілеттілікпен, фрустрацияның жағымсыз әсерін түсіне алмаушылықпен сипатталады. Тұлғалық психологиялық қорғаныстың әлсіздігі жанжал жағдайында еселене төмендейді.

Адамның қоғамдық қатынас жүйесіндегі орны мен әлеуметтік орта әсерінің өзі, адамның жас ерекшелігіне орай өзгереді. Бұл жеткіншектердің тұлғасын мақсаттылықпен қалыптасуын ұйымдастырылуына байланысты сарапталған көзқарастардың қажеттілігін анықтайды. Адамның тұлға ретінде қалыптасуында жеткіншек жас маңызды орын алады. Бұл жас кезеңнің адамның тұлға ретінде қалыптасуындағы ерекше маңыздылығы 10-16 жастағы баланың дамуындағы сапалы өзгерістерге байланысты болып келеді. Осы жастағы бала жаңа әлеуметтік тәжірибесін меңгеріп, жаңа қоғамдық қатынасқа және байланысқа түсе бастайды. Қатынас жүйесіндегі жеткіншектің орнының өзгеруі, іс-әрекеттің жаңа негіздерінің дамуына байланысты. Іс-әрекеттің бұл жаңа негіздері, осы жас кезеңінің ерекшелігіне тән жаңа өзара байланыс қарым-қатынас жүйесін тудырады.

Дегенімен, психикалық дамудың әр кезеңіндегідей, жеткіншек үшін маңызды болып іс-әрекеттің негізгі түрлері саналады. Жеткіншектің тұлғалық дамуының қайнар бұлағы негізгі іс-әрекетпен ғана тәмамданбағанымен, сол негізгі іс-әрекет оның бойында маңызды өмірлік қажеттіліктерді қалыптастырып, өскелең ұрпақтың бейнесін анықтайды.

Жеткіншек жас кезеңіне тән ерекшеліктерді және олардың айналысатын түрлі іс-әрекеттерінің ықпалын зерттеу нәтижесі, көптеген ғалымдардың пікірін, яғни жеткіншектер тұлғасының қалыптасуында негізгі орынды еңбек іс-әрекеті алады, – деген қорытынды жасауға түйіндейді. Бірақ, жеткіншек тұлғасының дамуы еңбек іс-әрекетінің бөлек түрлері арқылы іске аспай, сол іс-әрекеттерді белгілі бірлік жүйесіне байланысуын ұйымдастыру жолымен ғана жүзеге асып отырады. Мұндай ұйымдастыру жүйесі, жеткіншектің тұлғалық қалыптасуына еңбектің нәтижелі психологиялық ықпалымен қамтитын, белгілі шарт пен қағидаларын ескеруді көздейді.

- 1 Фрейд З. «Я и Оно». – Тб., 1991. – 120-175 б.
- 2 Божович Л.И. *Личность и ее развитие в детском возрасте*. – М., 1968.
- 3 Кон И.С. *Психология старшеклассника*. – М., 1990, 50 б.
- 4 Пиаже Ж. *Речь и мышление ребенка*. – М., 1997, 65-88 б.
- 5 Захаров А.И. *Как преодолеть отклонения в поведении ребенка*. – М., 1986, 122 б.
- 6 Выготский С.Л. *Собр. Сочинений в 6-ти т.* – М.: Педагогика, 1983. Т.5 – 78-95 б.
- 7 Роджерс К. *Взгляд на психотерапию. Становление человека*. – М., 1994, 300 б.
- 8 Маслоу А. *Новые рубежи человеческой природы*. – М., 1999.

Аннотация

Жундибаева Т.Н. – КазНПУ им. Абая

Оразбаева Ф.О. – КазНПУ им. Абая

Особенности формирования личности в подростковом возрасте

В данной статье исследуются личностные особенности подростков. Рассматриваются различные аспекты данного вопроса. Процесс формирования у подростка чувства зрелости. Роль и место увлечения в становлении личности. Формирование самосознания и самооценки. Показан теоретическое анализ исследование личности подростка и стилей родительского отношения с детьми-подростками в семье. Возрастные особенности личности и поведения в подростковом возрасте. Формируя личность подростка, учитель должен опираться на чрезвычайно характерное для подростка эмоционально окрашенное стремление активно участвовать в жизни коллектива. Приобретение опыта коллективных взаимоотношений прямым образом сказывается на развитии личности подростка. А также раскрываются границы подросткового возраста. Психологические и физиологические особенности развитие подростков. Анализируются основные критерия для периодов жизни которое является не календарный возраст, а анатомо-физиологические изменения в организме. Наиболее существенным в подростковом возрасте является половое созревание. Показатели его и определяют границы подросткового периода.

Ключевые слова: Личность, самооценка, самосознания, эмоциональная состояния, коллектив, поведение, родительское отношение.

Abstract

Zhundibaeva T.N. – Abay KazNPU

Orazbaeva F.O. – Abay KazNPU

Features of personality formation in adolescence

This article deals with personal characteristics of adolescents. The various aspects of the given issue are considered: the process of formation of a teenager's sense of maturity, the role and place of passion in the formation of personality, formation of self-awareness and self-assessment. The theoretical analysis of the adolescent personality study and the styles of the parental relationship with teenage children in the family are shown. And age features of personality and behavior in adolescence are demonstrated too. Forming the personality of a teenager the teacher should rely on the extremely emotional characteristic of the teenager's desire to actively participate in life of the team. The acquisition of the experience of collective mutual relationships directly affects the development of the adolescents' personality. And also the boundaries of adolescence, psychological and physiological characteristics of the development of adolescents are revealed. And it is analyzed the main criteria for the periods of life which is not the calendar age but the anatomical and physiological changes in the body. The most significant in adolescence is puberty. Its indicators determine the boundaries of the adolescent period.

Keywords: Personality, self-appraisal, consciousness, emotional the states, collective, behavior, paternal relation.

А.А.Лиясова.¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

А.К.Бикадамова²

²Алматы университетінің магистранты, Алматы қ., Қазақстан

ЖАС МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТКЕ БЕЙІМДЕЛУІНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Бұл мақалада студенттердің оқу мазмұнын меңгеру сапасының бағасы жөніндегі нақты нұсқауларда оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар, ереже бойынша, екі бөлек тізімдер қатары түрінде беріледі: оқу материалының тұтас курсы немесе сол әрі өзге бөлімін аяқтаған кезде студенттердің бірқатар міндеттерді шешуі және мәнді сипаттары, ұғымдарының қатары. Осылайша оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар және олардың орындалу көрсеткіштері ұғымдарды меңгеру терминдердің есте сақталуымен өрнектеледі, ал шеберлікті игеру деңгейі ереже бейнелі әрекеттің нәтижелі сипаттамасы бойынша анықталады. Сонымен қатар, бірліктің орнына білімді игеру көрсеткіштеріндегі шынайы айырмашылық, кереғарлық бір жағынан, ал 2-ші жағынан шеберліктен байқалады, яғни бұл талаптар танымдық әрекеттерге тығыз байланысты болады.

Студенттердің міндеті, яғни сабақтастығы оның танымдық іс-әрекетіндегі негізгі кезең-тыңдау, қабылдау, ойлау, жаттау, жаттығу орындау, зейін қою, қызығу т.б. процестердің күрделі тоғысқан жері – бірлескен іс-әрекетті құрайды. Сонымен бірге, меңгеру деңгейлері ретіндегі әрекет түрлері өз біліктілігі үшін қосымша критерийлер мен көрсеткіштерді қажет етеді: яғни мәліметтер түсіну негізінде қайта жаңғырады деу үшін, мазмұнды критерийлер және көрсеткіштер нақты ұсынылған.

Түйін сөздер: «Білім беру», «шеберлік», «педагог», «тәжірибе», «танымдық іс-әрекет», «студенттердің оқу үлгерімі», «ақыл-ой», «ұғымдар», «түсініктер».

Қазіргі таңдағы білім берудің барлық сатыларындағы түбірлі өзгерістер оқыту процесіндегі жаңаша көзқарасты, білім берудің жаңа тиімді технологиясының, белсенді оқыту әдістерінің кеңінен енуін туындатып отыр. Еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мол, білімді, кәсіби біліктілігі жаңалыққа сай жоғары дәрежеде болуын қажет етіп отырғаны белгілі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың “2030 жылға дейінгі халыққа арнаған” үндеуінде бүкіл адамзаттың даму мәселесіне, оның ішінде оқу-ағарту саласының өсіп-өркендеуі жайлы айтылғаны санасы биік, ойы терең, көзі ашық кез-келген азаматқа аян екендігі айтпаса да белгілі [1].

Студенттердің білім сапасына қазіргі таңда қойылар талаптың өсуі білімді игеру көрсеткіштері құрылымының өзгерісінде көрініс табуда, әрі осы мәселенің дидактиктер мен педагогтар зерттеулерінде көп қарастырылуы да септігін тигізіп отыр. Осы мәселеге орай, білім сапаларының көрсеткіштерін анықтауды мақсат ететін түрліше көзқарас, қатынастарды бөліп көрсетуді жөн көрдік.

1. Білім мен шеберліктің құрамы мен мазмұнына негізделген қарым-қатынас (Г.И. Батурина, Б.П. Есипов, М.И. Зарецкий, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин). Бұл қатынас шеңберінде білімге ғылыми мәліметтер жүйесінің бірлігі, жинағы деп талап қоятын дәрежедегі студенттердің білім сапаларының көрсеткіштері ерекше бөлініп көрсетіледі. Ол сапалар мыналар: білімнің толықтығы (яғни бағдарламаға сәйкес меңгерілетін объект жөніндегі бүкіл білімдердің саны), білімнің тереңдігі (берілген білімнің өзіне сәйкес өзге білімдермен саналы байланыстар орнату саны), жүйелілік (білімнің кейбір бірлігі тұстарын, олардың кезектестігінің иерархиясын сезіну), жүйелік (ғылыми теория құрылымына білім бірлігі құрылымының сәйкестігі).

Осы сапа-қасиеттердің қалыптасуы оқыту бағдарламасының көлемі мен мазмұнына байланысты.

Педагогикалық теория және тәжірибеде баға ұғымы көбіне бағалау деген ұғыммен түсіндіріледі. Бірақ, бұл ұғымдар арасында маңызды айырмашылықтар бар, ол маңыздылықты В.И. Перовский өз еңбегінде былай деп анықтама береді: “Оқушы білімінің бағасы дегеніміз – бағдарлама бойынша немесе оқытудың дәл сол уақыттағы сұрақ-талаптарына білім қорының болуына сай қатынасты сипаттайды, ал баға немесе ұпайлар, осы қарым-қатынасты көрсететін форма болады” [2, 442 б.].

Г.И. Батурина студенттердің оқу мазмұнын меңгеру талаптарының 2 бөлімін бөліп көрсетеді: қазіргі әлем суреті туралы түрліше білімдер жүйесін меңгеру және ақыл-ой әрі практикалық шеберліктерді меңгеру. Оқу мазмұнының меңгерілу сапасын автор мектеп оқушыларының келесі шеберліктері арқылы анықтауды ұсынады: а) оқытуға ұқсас жағдайларда білімдер жүйесімен қолдана алу шеберліктерінің болуы, яғни үлгі бойынша әрекет ете алу; б) ұғымдар, түсініктер арасындағы жаңа байланыстардың орнығуын талап ететін шеберліктерге қарай; в) білімдер жүйесін жаңа білімдермен толықтыра түсу шеберліктерінің болуы.

2. Білімнің меңгерілгендігі деңгейлерін бөліп алуға негізделген қарым-қатынас (В.П. Беспалько, Б.С. Гершунский, Ю.В. Павлов, В.И. Травинский). Зерттеушілер арқылы ерекше бөлінген бұл деңгейлер оқу материалын игерудің белгілі бір сатыларына сәйкес сапалы түрліше әрекет түрлері ретінде суреттеледі.

В.П. Беспалько меңгерудің келесі 4 деңгейін бөліп көрсетеді:

- 1) тану, қайта тану, ажырату деңгейі – “білім-танысу”;
- 2) меңгерілу объектісі туралы ес және түсіну деңгейінде мәліметтерді қайта жаңғырту - “білім-көшірме”;
- 3) іс-жүзінде білімді таныс объекті, жағдайларда қолдану – “білім-шеберлік”;
- 4) тәжірибеде алған білімді меңгерілген жағдайлар, объектілерге сияқты таныс емес жағдай, объектілерге қатысты тасымалдау – “білім-тасымал” [3, 58 б.].

Жоғарыдағы авторлар арқылы бөліп көрсетілген деңгейлер пән мазмұнын игерудегі алға жылжушылықтың тәжірибесі мен шамасын меңгерудің кезектестігі ретінде сипатталады.

3. Кешенді бағалау негізіндегі бірнеше алғашқы бөлінген көрсеткіштердің жүзеге асуы арқылы білім сапасын анықтайтын қарым-қатынас (М.А. Бантова, Э.А. Красновский, И.И. Кулибаба, Т.Л. Коган және т.б.).

Мысал ретінде осы бастапқы көрсеткіштерді М.А. Бантова жалпыламалық және толықтық көрсеткіштер деп ұсынады (бұл жағдайда “толықтық” термині дидактикадағы жалпыға танымал мазмұнда емес, мәнді сипаттарды сезіну және ерекшелеп бөлу мүмкіндігі ретінде қарастырылады). Автор ойынша, білім сапасының бағанасы 2 көрсеткіштен тұрады: толық жалпыланған білім, толық емес жалпыланған білім және т.б.

В.В. Вагиннің пікірінше, педагог әрекеті тек қана оқу процесінің барлық кезеңдерінде оқу материалын меңгеру деңгейі тексеріліп отырса ғана жемісті болады деп, білімді бағалауды білімнің меңгерілуімен тығыз байланыстырады. Автор бұл проблемаға 3 жақты қарайды: 1-ден, жаңа оқу материалын түсіну және ұғыну кезіндегі тексеру; 2-ден, өткен материалды бекіту кезіндегі білімді тексеру; 3-ден, өткен материал бойынша жаттығуларды орындаудағы тексеру.

Өз кезегінде автор білімді жақсы да терең меңгеруге көмектесетін бірнеше жаттығулар мен әдістерді мысалға келтіреді және де нашар үлгерімнің себебін оқытудың әдістерінен, сабақтың мазмұны мен құрылымынан іздеу керектігін айтады.

Кейбір зерттеушілер жүйе құраушы ретінде жекелеген көрсеткіштерді емес, сапалы сипаттамалардың тұтас топтарын бөліп көрсетеді.

Авторлар қарастыратын оқыту мазмұнына қатысты қарым-қатынастың бірінші тобын - “заттық-мазмұнды” тобын білім сапасының толықтығы, жалпыламалылығы, жүйелілігі, дүниетанымдық бағыттылығы сияқты көрсеткіштер құрайды. “Мазмұнды-әрекеттік” екінші қарым-қатынас тобын, авторлар пікірлерінше – нық, сенімді, әрекетшілдік, сияқты сапа-

лар құрайды. “Мазмұнды-тұлғалық” сапалардың III-ші тобына оқытудың тікелей әсерінен қалыптасатын Оқушылардың ойлауларының тұрақтылығы, икемділігі, тереңдігін құрайтын ақыл-ой әрекетінің қасиеттері кіреді. Оқушылардың білімдерінің сипаттамасы осы үш топ көрсеткіштерінің қосындысы негізінде беріледі.

Қазіргі қалыптасқан білім сапасын бағалау жүйесінің жалпы сипаты ретінде әрекет теориясының алғышарттарын, жекелеп алғанда білім мен шеберліктің бірлігі принципін қолдану болып табылады. Осы жалпы бағытты білдіре отырып, Э.А. Красновский былай деп жазады: “Білім тек қана іс-әрекет барысында меңгерілуі мүмкін, заттан тыс мазмұнсыз шеберліктің суреттелуінің процестен тыс білімнің сипатталуының мүмкін еместігі сияқты”.

Студенттердің үлгерімін бақылау нәтижесі бағалау арқылы көрсетіледі. Қазақстандық педагог-ғалым Р.М. Қоянбаев “Бағалау деп, жұмысындағы дербестікті, тапсырманы дұрыс орындау нәтижесін білімнің, іскерліктің және дағдының сапасын анықтауды айтады” [3, 274 б.].

Сонымен, студенттердің оқу мазмұнын меңгеру сапасының бағасы жөніндегі нақты нұсқауларда оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар, ереже бойынша, екі бөлек тізімдер қатары түрінде беріледі: оқу материалының тұтас курсы немесе сол әрі өзге бөлімін аяқтаған кезде студенттердің бірқатар міндеттерді шешуі және мәнді сипаттары, ұғымдарының қатары. Және де, ұғымдарды игергендігі туралы оқушылардың сөздік анықтаулары арқылы таразылауға болады. “Түрліше деңгейдегі жалпыламалықтың (дәлел, ұғым, заң, теория т.б.с.) ғылыми ұғымы сияқты объектінің меңгерілу сапаларының сипаты оқушының қаншалықты ғылыми терминологияны саналы және дұрыс игеретіндігі, терминдер маңызын түсіндіре алуымен, олардың арасындағы байланыс, қатынастарды қаншалықты түсіндіре алатындығы арқылы көрінеді. Терминдерді саналы игеру және оларды қолданып, сүйене алу - ғылыми ұғымды, түсінікті меңгеру сапасының бірден-бір мазмұнды сипаттарының бірі”.

Ғалым И.Я. Лернер “Студенттердің білім сапасы. Олар қандай болуы тиіс” деген кітабында білім сапасына қойылатын талаптардың бірқатарын атап кетеді.

Осылайша оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар және олардың орындалу көрсеткіштері ұғымдарды меңгеру терминдердің есте сақталуымен өрнектеледі, ал шеберлікті игеру деңгейі ереже бейнелі әрекеттің нәтижелі сипаттамасы бойынша анықталады. Сонымен қатар, бірліктің орнына білімді игеру көрсеткіштеріндегі шынайы айырмашылық, кереғарлық бір жағынан, ал 2-ші жағынан шеберліктен байқалады, яғни бұл талаптар танымдық әрекеттерге тығыз байланысты болады.

Бұл айырмашылық белгілі бір дәрежеде білім сапасын бағалауда, оларды түрлі әрекет түрлеріне қосу арқылы жойылады. Дегенмен, дидактар мен әдіскерлер көзқарасынша, білімді сапалы талдау әлі де толығымен шешілмеген.

Ал, Отандық психология ғылымын дамытуда үлкен еңбек етіп, қарым-қатынастар психологиясы жөнінен арнаулы мектебі бар ірі ғалым Х.Т. Шерьязданова зерттеулері көрсеткендей-ақ, жалпы оқу процесі – мақсат-мотив негізіндегі ақпараттарды қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық процестерді іске асырумен аяқталатындығы мәлім.

Х.Т. Шерьязданова мен оның бір топ студенттердің бірсыпыра зерттеулерінде жалпы адамзатқа психологиялық білім беру жүйесі қарым-қатынас психологиясына тіректелгенде ғана айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге болады деп көрсетіледі [4, 102 б.].

Тоқсанбаева Н.Қ. өзінің “Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы” деген кандидаттық диссертация жұмысында былай деді: “Оқыту процесінің теориясы оқыту барысының екі жақтылығын мойындаудан шығады. Оқыту – арнайы ұымдастырылған танымдық іс-әрекет.

Оқу материалдарын ұғыну – өте күрделі әрекет. Ұғынудың өзі бірнеше кезеңдерден тұрады. Мәселен, оның бірінші кезеңі – таныстыру кезеңі деп аталып, онда бала нені, қалай оқу керектігі жайында қажетті мағлұматтар алады. Одан соң бала ойындағысын өзіндік

тәжірибесі арқылы көрсетеді. Ал үшінші кезеңде ұғынғанын сөзбен тұжырымдайды, төртінші кезеңде бала ұсынған нәрсесін ойына ұстап тұрады да, бесінші кезеңде балада зат пен құбылыс туралы белгілі бір ұғым қалыптасатын болады» [5,102 б.].

Дидактикалық жүйе ретіндегі оқыту үрдісін қарастырудағы өзекті, негізгі мәселелік-жүйенің тиімділігі болады. Оқыту мақсатына жету деңгейі сол оқыту үрдісінің тиімділігін сипаттайды. Бірақ, тиімділік сипаттамасы тиімділіктің өзі емес. Егер, осындай болған күнде тиімділік пен нәтижелік ұғымдары арасына теңдік белгісін қоюға болар еді. Бұл ұғымдардың жігін айыру қажет. Нәтижелікті біздер, оқыту мақсатына жету дәрежесі деп, дәлірек айтқанда, оқытудың бастапқы кезеңінде белгіленген қол жеткен нәтижелердің сәйкестік деңгейі ретінде анықтадық. Бұл дегеніміз, оқыту жүйесінің сипаттамасы ретіндегі нәтижелік оқыту үрдісінің аяқталуынан кейін ғана анықталады. Сондықтан да, нәтижелік – статистикалық-морфологиялық жағынан, нәтиже аяқталуы жөнінен оқыту үрдісінің тек бір ғана аспектісі болады.

Оқыту үрдісі үздіксіз іс-әрекет болғандықтан мұндай сипаттама жеткіліксіз болады. Оқыту үрдісінің өзге бір жағын динамикалық-процессуалды деп аталатын тиімділік ұғымы құрайды.

Нәтижелікке қарағанда, тиімділіктің айырмашылығы уақыт ішінде өрбитін процесс секілді ішкі қозғалыс жағынан оқыту жүйесін сипаттайтынды – білім, дағды, шеберліктің меңгерілу қорытындысына қарап сипаттайтын болса, онда тиімділік олардың берілуі, меңгерілуінің аралық нәтижесіне қарап сипаттайды.

Дидактикалық жүйенің нәтижелік критериіне білімнің меңгерілуінің саны мен сапасы, шеберлік пен дағдының қалыптасқандығы жатады.

Студенттердің міндеті, яғни сабақтастығы оның танымдық іс-әрекетіндегі негізгі кезең - тыңдау, қабылдау, ойлау, жаттау, жаттығу орындау, зейін қою, қызығу т.б. процестердің күрделі тоғысқан жері – бірлескен іс-әрекетті құрайды. Сонымен бірге, меңгеру деңгейлері ретіндегі әрекет түрлері өз біліктілігі үшін қосымша критерийлер мен көрсеткіштерді қажет етеді: яғни мәліметтер түсіну негізінде қайта жаңғырады деу үшін, мазмұнды критерийлер және көрсеткіштер қажет.

Б.С. Кругловтың «Құндылықтарға бағдарлану жүйесінің қалыптасу деңгейін анықтау» әдістемесі.

Бұл әдістеме 1994 жылы М.Рокичтің «Құндылықтарға бағдарлану» әдістемесінің бейімдеп және модификацияланған түрін Б.С. Круглов өткізіп өңдеген.

Б.С.Кругловтың әдістемесі құндылықтарға бағдарланудың қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған. Берілген әдістеме М.Рокичтің әдістемесінің бейімделген және модификацияланған нұсқасы болып табылады.

Құндылықтарға бағдарлану, белгілі бір құндылықтарға байланысты, мақсаттары мен міндеттеріне байланысты екі топқа бөлінеді: 1) Құндылықты мақсаттар 2) Құндылықты тәсілдер. Бұл топтарды анықтау дифференциация механизмінің қалыптасуын, тұлғаның бағдарлануының мазмұнды тұстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеушілерге әрқайсысы 16 құндылықты қамтитын 2 тізім беріледі. Зерттеушілер 5 балдық жүйе бойынша құндылықтарды белгілеп шығулары тиіс.

Нәтижелерді өңдеуде ең бастысы болып, дифференциация механизмінің қалыптасуының яғни құндылықты таңдау жасай алуына көңіл бөлінеді. Қалыптасу деңгейін балдардың шашыраңқылығы бойынша анықтайды. Осы көрсеткішке байланысты зерттеушілерді 3 топқа бөледі [59].

1-топ: Шкалада 5 балдық жүйеде қолдану. Бұл дефференциацияланған механизмінің қалыптасуын көрсетеді.

2-топ: Тек екі бағамен қолдану. Дефференциация механизімі бастапқы сатыда екендігін көрсетеді.

3-топ: Тек бір бағаны қолданады немесе мүлдем баға бере алмайды. Дефференциацияның қалыптаспауын көрсетеді.

Жауаптар парағы «+» белгісінің санын әр 5 бағананың біреуінде есептеуге болатындай етіп жасалған. Бес бағананың әр қайсысы мамандықтың нақты бір типіне сәйкес келеді. Зерттелуші «+» белгісінің максималды саны бар мамандық типін таңдау қажет. Бағаналар бойынша мамандықтар типтерінің атауы:

- Адам - табиғат, мұнда еңбек объектісі тірі организмдер, өсімдіктер, жануарлар және биологиялық процестер болып табылады. Осыған кіреді: агроном, зоотехник, мал дәрігері, бағбан және орманшы.

- Адам – техника, еңбек объектісі техникалық жүйелер, машиналар, аппараттар және установкалар, материалдар және энергия. Жатады: радиомеханик, токарь, темір ұстасы, жүргізуші, инженер.

- Адам - адам: адамдар, топтар, ұжымдар болып табылады. Мамандықтар – қызмет ету сферасы, медицина, педагогика, юриспруденция.

- Адам – белгілер жүйесі. Шартты белгілер, шифрлар, кодтар, кестелер еңбек объектісі болып табылады. Мұндай салада корректорлар, программисттер, статисттер, экономисттер жұмыс істейді.

- Адам – көркем бейне. Осы мамандықтардың еңбек объектісі көркемдік бейнелер, олардың рөлдері, элементтері және ерекшеліктері болып табылады. Мамандықтар: зергер, фотограф, музыкант, өнертанушы, суретші, жазушы, әртіс.

Яғни Н0 теріске шығарылып, Н1 қабылданады. Жас мамандардың қызметке кәсіби бейімделуі мотивациялық аймақтың ерекшелігіне психологиялық талдау. Кәсіби бейімделуі мотивациясының ішкі қайнар көзі – студент қажеттіліктерінің аймағы Жауап: Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы бойынша өзіндік құндылықтарын зерттеу әдістемесі негізінде эксперименттік және бақылау топтарының арасында оң корреляциялық байланыс бар және ол статистикалық мәнді болып табылады.

Жас мамандардың қызметке кәсіби бейімделуі өзіндік құндылығына қарым-қатынас әсерін көрсету үшін зерттеуден алынған мәліметтерді пайыздық көрсеткішпен есептеп, гистограмма түрінде бейнеледік.

7 Назарбаев Н.А. Қазақстан - 2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы: Білім, 1997. – С. 12.

8 Сабыров Т.С. Оқыту теориясының негіздері. – Алматы, 2004. – 95 б.

9 Алдамуратов Ә.Ж.. Жазу жұмыстарындағы психологиялық мәселелер // Қазақстан мектебі. – 1982. - №10. - 36-40 бб.

10 Шерьязданова Х.Т. Учите детей общению. – Алматы: Рауан, 1992. – 108 с.

11 Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекетінің құрылымы: Психол. ғыл. канд. дисс. жұмысы. – Алматы, 2001. – 173 б.

Аннотация

Лиясова А.А. – КазНУ имени аль-Фараби

Бикадамова А.К. – магистрант университета Алматы

Психологическое влияния качества образования в ВУЗ-ах на адаптацию молодых специалистов к профессиональной деятельности

В статье содержится оценка качества академических знаний студентов, результатах требования к подготовке конкретных инструкций, как правило, предоставленных в виде серии из двух отдельных списков: целый раздел курса или ином высшем учебном материале, когда студенты выполнили ряд проблем и уникальных свойств. Таким образом, результаты требованиями учебных и показателей эффективности, выраженные с точки зрения знаний концепций развития памяти, а овладение навыками определяется уровнем образных действий. В то же время, разница в плане развития знаний, а не истинной единицы, с одной стороны несовместимо, но с другой стороны можно увидеть через навыки человека, и это тесно связано с требованиями познавательной деятельности.

Ключевые слова: образование, педагог, мастерство, познавательные процессы, академическая успеваемость студентов, определения и понятия.

Abstract

Liyasova A.A. – *Al-Farabi Kazakh National University*

Bikadamova A.K. – *undergraduate of Almaty University.*

Psychological effect of education quality at universities on young professionals adaptation

In the article the content of academic quality assessment of students' knowledge, the results of the training requirements for specific instructions are usually provided in the form of a series of two separate lists: a section of the course or other academic material when students performed a series of challenges and unique properties. Thus, the results of educational requirements and performance indicators, expressed in terms of knowledge of concepts of memory and learning skills is determined by the level of imaginative action. At the same time, the difference in terms of development of knowledge and not true unit incompatible with one hand, but on the other side can be seen through human skills, and is closely related to the requirements of the cognitive activity.

Keywords: Education, teaching, skill, cognitive process, progress of students, the definitions and concepts.

МРНТИ 15.81.21

Н.Қ. Тоқсанбаева.¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ, Қазақстан

А.Қ.Бикадамов²

²Алматы университет, Алматы қ, Қазақстан

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БОЙЫНДАҒЫ ИНТЕРНЕТ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ӘСЕРІ

Бұл мақалада жасөспірімдік кезең – баланың ата-анадан эмансипациялану кезеңі болып табылады, яғни, баланың жанұядан алшақтау процесінің басталуы және оның автономиялық өмірге өтуімен сипатталады.

Желідегі қарым-қатынас басқа әлеуметтік қарым-қатынастарға қарағанда жоғары эмоционалды болады. Қолданушылар арасында өте жиі тығыз қарым-қатынастар құралады. Кейде олар қолданушылар арасындағы симпатияға, достыққа немесе «желідегі романға айналады». Бірақ, олар қалай тез басталса, солай тез аяқталады.

Желідегі роман – қолданушының жоғарғы эмоционалды күйі, эйфорияға жақын.

Желідегі махаббат – интернетте кең таралған «аурыдын» бір түрі. Желідегі серіктестің болмауы, адамды күйзеліс, меланхолиялық күйге әкеледі. Сонымен қоса, агрессивті, қозу күйлері де пайда болуы мүмкін.

Авторлар коммуникативті түрі кезінде индивидтер арқылы ақпарат ауысады. Интерактивті қарым-қатынас кезінде қарым-қатынасқа қатысушылар тек қана ойлармен, білімдермен, ақпаратпен ғана бөлісе қоймайды, сонымен қоса жүріс-тұрыспен алмасады, қарым-қатынастың ұйымдастырушылық жақтары көрінеді. Қарым-қатынастың перцептивті жағы кезінді процесске қатысушылардың арасында бір-бірін түсіну және қабылдауы жүреді.

Сонымен қатар, қарым-қатынас психологиясында психологиялық барьер түрінде көрсетілетін келесі мәселе қарастырылады, ол – қарым-қатынас процесі кезінде партнерлар арасында ақпараттардың адекватты берілуі. Түсіну барьері, әлеуметтік барьер, мәдени барьер, қарым-қатынас барьері туралы айтуға болады – деп тоқталған.

Түйін сөздер: «Эмансипациялану кезеңі», «жанұя», «интернет», «желі», «интерактивті қарым-қатынас», «перцептивті қарым-қатынас», «интернет тәуелділік», «ұғымдар».

Жасөспірімдік кезең – баланың ата-анадан эмансипациялану кезеңі болып табылады, яғни, баланың жанұядан алшақтау процесінің басталуы және оның автономиялық өмірге өтуімен сипатталады [1,23 б.].

Жасөспірімнің жасқа 11-15 жас аралығын жатқызады. Бірақ көретілген жас аралығы шартты болып табылады, себебі, индивидуалды ерекшеліктер өте көп болып табылады. Бір

балалар жасөспірімдік шаққа ерте жетеді, басқалары кешірек. Сондықтан пубертантты кризис 11-13 жас аралығында да пайда болуы мүмкін. Жасөспірімдік шақтың басты мағынасы балалық шақтан ересектік өмірге өту процессі болып табылады.

Пубертантты кезең – организмнің дамуындағы кризистік кезеңдердің бірі. Осы кезеңді бақылаушылар сипаттау үшін «гормандардың толқыны», «эндокринды шторм» деген сөз тіркестерін қолданады.

Осы кезеңде алғаш рет тұлғаның қалыптасуына кері әсер қылатын әр түрлі психикалық бұзушылықтармен байланысты патологиялық реакциялар (кейде соматикалық) көрінуі мүмкін [2, 67-72 б.].

Жеткеншектік кезеңде ата-аналармен, мұғалімдермен және басқа да ересек адамдармен қарым-қатынас жаңадан пайда болған ересектік сезімінің әсерінен қалыптаса бастайды. Жасөспірім осыған дейін қалыптасқан қарым-қатынас моделіне қарсы шыға бастайды. Ересек адамдардың қойған талаптарынан бас тартып, жекеменшігін сезінеді. Олар өздерінің құқықтарын реальды түрде немесе олардың ойынша шимелеуіне күйзеле жауап береді.

Ересек адамдарға көрсететін қарсы әрекеттеріне қарамастан, жасөспірім қолдауды өте қажет етеді. Өзінен үлкен адам осындай қолдауды көрсетуі жасөспірім үшін өте қолайлы жағдай болып саналады.

Жасөспірімдік кезең өте нәзік кезең болғандықтан, ересек адам баламен қарым-қатынас құрудың формаларын таба алуы керек. Жасөспірім өзінің уайымдауларымен, өміріндегі болып жатқан өзгерістер жайлы бөліскісі келеді, бірақ оған жақын қарым-қатынасты бастау қиынға соғады [3, 105 б.].

Бұл кезеңде өте маңызды рөлді жасөспірімге отбасыда қойылатын талаптар атқарады. Бала белгілі бір құқықтарға иеленуге ниеттенеді, осының салдарынан өзіне белгілі бір міндеттер жүктейді. Бірақ, жасөспірім одан көпті күтетінін сезінсе, өзінің міндеттерін «мейрімді» ересек адамға ілуге мүмкіндік жасайды. Жасөспірім жаңа қарым-қатынас жүйесін меңгеру үшін, ересек адам оған оның міндеттерін анықтап, түсіндіруі керек. Қарапайым түрде қойылған міндеттер мен талаптарды жасөспірім қабылдамайды.

Егер үлкен адамдар жасөспірімге бала ретінде қараса, ол өзінің позициясын протест қою арқылы көрсетеді. Сол кезде ересек адамдарға жасөспірім тарапынан қойылған міндеттерге сай қарым-қатынас моделін өзгерту керек. Бұл процесс көбінесе қиын өтеді. Себебі, ересек адам жасөспірімді бойжеткен ретінде қабылдауы бірнеше факторлар арқылы жүреді. Олардың ішінде экономикалық фактор (жасөспірім ата-анасынынан материалды жағынан тәуелді) және әлеуметтік фактор (жасөспірім оқушының әлеуметтік позициясын сақтайды). Соның салдарынан, жасөспірім мен ересек адам арасында конфликт туындауы мүмкін.

Жасөспірімнің қарым-қатынасы көбінесе оның өзгермелі көңіл-күйімен байланысты. Аз уақыт ішінде ол қарама-қарсы жаққа ауысуы мүмкін [4, 11 б.].

Қарым-қатынас – бірлескен әрекет тудыратын, адамдар арасында байланыс орнатудың көпжоспарлы процесі [5, 223 б.]. Қарым-қатынас барлық тірі организмдерге тән. Бірақ адам дәрежесінде ол саналанған және тілмен жанамаланған жоғарғы формаға ие [6, 513 б.].

Әр адам өзінің негізгі ерекшеліктерін жеке қарым-қатынас тәжірибесі арқылы, отбасындағы, мектептегі, көшедегі тікелей қатынастар арқылы қалыптастырады.

Қазақстандық психолог Х.Т. Шерьязованың еңбегінде қарым-қатынас баланың қалыпты психикалық дамуының маңызды факторы және ажырамайтын шарты ретінде қаралады.

Н.П. Ерастовтың «Қарым-қатынас психологиясы» деген еңбегінде қарым-қатынас стилі – бұл сол қарым-қатынас процесін жүргізудің қайталанатын, тұрақты тәсілдерінің жиынтығы. Қарым-қатынас стилін:

1. Танымдық
2. Эмоциялық
3. Іс-әрекеттік деп бөліп қарастырды [7, 10-12 б.].

Қарым-қатынас келесі аспектілерді қамтиды: мазмұны, мақсаты және құралы. Мазмұны - индивидтердің байланысы кезінде бір тірі ағзадан екінші тірі ағзаға берілетін ақпарат.

Мақсаты – адамда активтіліктің осы түрінің туындау себебімен байланысты болады. Құралы - бір тірі ағзаның екінші тірі ағзаға қарым-қатынас процесі кезінде берілетін ақпараттың кодталу, оқылу және ұғыну әдістері.

И.А. Зимняяның айтуынша қарым-қатынас 20 ғасырдың жас мәселесі болып саналады, себебі, Ерте Грицияда және Ерте Римде бұл мәселе ораторлық шығармашылық орайында қарастырылған. Яғни, риторика, эвристика және диалектика тұғырығында. Ал қазіргі кезде болса, ол философия, әлеуметтану, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, әлеуметтік психология, жалпы психология, педагогика және педагогикалық психология ғылымдарының төңірегінде оқытылады.

«Б.Д.Парыгин, Г.М.Андреева, А.А.Бодалев, А.А.Брудный, А.А.Леонтьев, Б.Ф.Ломов, Л.А.Карпенко, В.Н.Панферов, Е.Ф.Тарасов, Я.Яноушек және т.б. қарым-қатынасты - көпжоспарлы күрделі процесс ретінде түсіндірген. Ол өзіне ақпаратты ауысу, бірлескен әрекеттену стратегиясын құру және басқа адамды қабылдау мен түсіну процесстерін қамтиды деген.

Балалар, жасөспірімдер, жастар өзара қарым-қатынас кезінде олардың дамуларына азды-көпті әсер ететін түрлі жағдайлардан өтеді. Адамға әсер ететін түрлі жағдайларды қозғаушы күш деп атайды. Біршама зерттелген ғылыми еңбектерде қарым-қатынас жағдайлары мен қозғаушы күштерін төрт топқа біріктірген.

Бірінші – мегафакторлар («мега»-өте үлкен) – ғарыш, ноосфера, планета, әлем, бұлар басқа қозғаушы күштер арқылы барлық жер бетінің тұрғындарын әлеуметтендіруге әсер етеді.

Екінші – макрофакторлар («макро» – үлкен):

- ел, мемлекет, этнос, қоғам бұлар белгілі бір елді мекенде өмір сүретін тұрғындар.

Үшінші – мезофакторлар («мезо» – орташа):

- тұрғылықты жерде халықтың болмыс түрі, әртүрлі субмәдениетке қатысы бойынша сараланатын адамдардың үлкен тобы.

Микрофакторларға – белгілі нақты адамдар әсер ететін қозғаушы күштер жатады: әйел мен отбасы, көрші, құрдастар тобы, тәрбие орындары, әртүрлі қоғамдық, діни, мемлекеттік, жеке ұйымдар, микросоциум.

Мектепте адамгершілік пікірді оқытушының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жөніндегі тәрбие үдерісіне көңіл бөлген қазақ ойшылдары.

М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, А.Құнанбаев, Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин т.б [8].

Қарым-қатынас процессін толық сипаттаған Эрик Берн болған. Ол өзінің концепциясын психоанализға, гуманитарлы психологияға, мифологияға және когнитивті-бихевиоралды бағытқа сүйене отыра құрастырған болатын. Ол ерекше транзакты анализ әдісін құрастырды. Бұл әдісінің мақсаты адамдар арасындағы қарым-қатынас процесстерінің өзгеруін, түсінуін және дамуы мен бағытталуын зерттеу. Транзакты анализ – әлеуметтік қарым-қатынастықты сипаттайтын, анализге негізделген әдіс түрі болып табылады.

Берн теориясындағы тұлға Эго-ның сананың арнайы қалыптарында және жүріс-тұрыс үлгілерінде көрінетін ерекше қалыптардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Автор Эго-қалыптың үш негізгі түрін көрсетеді: ата-ана, ересек және бала.

Р.С. Немов қарым-қатынаста келесі аспектілерді көрсетеді:

1. мазмұны - берілетін ақпараттың;

2. мақсаты – активтіліктің бұл түрі не үшін пайда болғанын анықтайтын;

3. құрал-жабдықтары – қарым-қатынас процесінде берілетін ақпаратты ұғыну, түсіну, кодтау әдістері.

Неміс-американдық психологы К.Левин адамдарға топ арқылы әсер етудің мәселелерін зерттеген. Осындай әсерлер ертеден-ақ белгілі. Бақсылық көріністер, науқасқа әсер етудің ритуалдық жолдары көпшіліктік топ ішіндегі эмоциялардың қозуын күшейтеді, оның бір адамнан екіншіге, одан басқаларға берілу, таралу өрісін кеңейту арқылы психологиялық

тұрғыдан әсер етеді. Иландыру, сендіру әрекетінің топ арасында еселеніп, күшейетіндігін бақсы-балгерлер игерген. Соның арқасында бақсылық әрекеттер топта санасыз қабылданып, түрлі қылықтарға илану, психологиялық әсердің нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, тренингтік топтардың жетіліп, дамуыда Левин есімімен байланысты. Ол АҚШ-та 1933 жылы топтық динамика, әлеуметтік әрекет және басқа да топтық феномендер мәселесін шешумен айналысқан. Осыған қатысты Левиннің өрістер теориясы индивидтің мінез-құлқын анықтайтын бірлескен және байланысқан факторлар жиынтығын құрайды. Бұл факторлар жиынтығы жеке адамдарды, оның ортасын қамтып, бір психологиялық өзгерістерге ұшырайды. Топтық динамика ұғымын да алғаш қолданған осы ғалым болған. Г.М. Андреева өзінің “әлеуметтік психология” еңбегінде қарым-қатынас мәселесіне қатысты әлеуметтік психологиялық тұрғыларды интеграциялауға тырысты. Г.М. Андреева әр түрлі көзқарастарды біріктіре және жалпылай отырып, қарым-қатынастың кез келген формалары адамдардың бірлескен іс-әрекетінің спецификалық формасы болып табылады: яғни адамдар әр түрлі қоғамдық қызметтерді орындау процесінде тек қарым-қатынас қана жасап қоймайды, олар әрқашанда соған байланысты кейбір іс-әрекеттермен де қарым-қатынаста болады, – деп тұжырымдайды.

Сондай-ақ, қарым-қатынасты зерттеуде оның құрылымдық компоненттерін де анықтау керек. Осыған байланысты зерттеу барысында М.Андрееваның қарым-қатынастың құрылымын талдау нәтижесіне жүгінейік. Ол қарым-қатынасты бір-бірімен өзара байланысты үш жағынан қарастырды: коммуникативтік, интерактивтік және перцептивтік.

Қарым-қатынасты зерттеу – осы феноменнің көпжоспарлығын, күрделілігін және әртүрлігін көрсетеді. Жоғарыда көрсетілген қарым-қатынастың күрделілігі, сол феноменнің жеке құрылымындарын қарастыруды қажет етеді. Осы процесті құрылымдаудың бірнеше жолдары бар.

Өте жиі қолданатын және қарым-қатынастың үш түрлі жағын көрсететін түрі: коммуникативті, интерактивті, перцептивті.

Коммуникативті түрі кезінде индивидтер арқылы ақпарат ауысады. Интерактивті қарым-қатынас кезінде қарым-қатынасқа қатысушылар тек қана ойлармен, білімдермен, ақпаратпен ғана бөлісе қоймайды, сонымен қоса жүріс-тұрыспен алмасады, қарым-қатынастың ұйымдастырушылық жақтары көрінеді. Қарым-қатынастың перцептивті жағы кезінде процесске қатысушылардың арасында бір-бірін түсіну және қабылдау жүреді.

Қарым-қатынас психологиясында психологиялық барьер түрінде көрсетілетін келесі мәселе қарастырылады, ол – қарым-қатынас процесі кезінде партнерлар арасында ақпараттардың адекватты берілуі. Түсіну барьері, әлеуметтік барьер, мәдени барьер, қарым-қатынас барьері туралы айтуға болады.

Коммуникациялық әсердің екі типін көрсетуге болады: авторитарлы және диалогты коммуникация.

Тұлғааралық қарым-қатынасты сипаттайтын бірнеше теориялар бар. Дж.Хоманың айырбастау теориясы: адамдар бір-бірімен өткен тәжірибесіне сүйене отыра қарым-қатынасқа түседі.

Дж.Мидтің, Г.Блумердің символдық интеракционизм теориясы: адамдардың бір-біріне қарым-қатынасы және қоршаған ортаның кейіпі адамдардың соған беретін мағынасына байланысты.

Э.Гоффманның әсерлерді бағдарлау теориясы: автордың айтуынша әлеуметтік қарым-қатынас драмалық спектаклдерге ұқсас, ал адамдар осы процесс кезінде актерлар секілді бір-біріне жағымды әсер қалдыруға ұмтылады.

3. Фрейдтің психоаналитикалық теориясы: тұлғааралық қарым-қатынастың құрылымы ерте балалық кезде қалыптасады және сол кездегі конфликтерге байланысты болады.

Өзінің көпфункционалдығы жағынан қарым-қатынастың 5 функциясын көрсетуге болады:

1. Қарым-қатынастың прагматикалық функциясы. Адамдардың біркелкі әрекеті кезінде пайда болады;

2. Қарым-қатынастың құрастырушы функциясы. Адамның психикалық кейпінің қалыптасуы және өзгеруі кезінде пайда болуы;

3. Расталу функциясы. Басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу кезінде адам өзін тану, тексеру және өзіне сену мүмкіндігін алады;

4. Тұлғааралық қатынасты құрастыру және қолдау функциясы. Басқа адамдарды қабылдау және олармен қарым-қатынас құру әр адам үшін оларға қатысты қалыптасқан бағдарға және эмоционалды күйге байланысты;

5. Тұлғаишілік функция адамның өз-өзімен қарым-қатынас құруында көрінеді.

Қарым-қатынастың түрлері:

1. Іскерлік қарым-қатынас;
2. Жеке қарым-қатынас;
3. Мақсатқа бағытталған қарым-қатынас;
4. Құралдық қарым-қатынас;
5. Вербальды қарым-қатынас;
6. Вербальды емес қарым-қатынас.

Б.Г. Ананьев қарым – адам қарым-қатынас арқылы басқа адамдармен қатынас құруы, оның басты ерекшелігі және мінездемесі. Қарым-қатынаста адамның активтілігі, таңдалмаулығы, мінезінің жағымды және жағымсыз жақтары көрінеді. Қарым-қатынастың формасы мен тәсілін адамдардың бір-бірімен қатынасқа түсуі анықтайды.

Адамдар интернетте өзінің вербальды емес қарым-қатынас құралын қолдану мүмкіндігінен айырылады.

Реалды қарым-қатынастың таңбалық жүйесінің құралдары болып келесілер саналады:

- Оптика-кинетикалық;
- Пара және экстралингвистика;
- Коммуникативті процесстің уақыты мен өткізілу орнын ұйымдастыру.

Жоғарыда көрсетілген таңбалық жүйелер жиынтығы келесі функцияларды атқарады:

- Қосымша сөйлеу;
- Сөздің орнын басу;
- Эмоционалды күйдің репрезентациясы.

Интернеттегі вербальды емес коммуникацияға келесілерді қосуға болады:

- Сурет (картинка);
- Сурет (рисунок);
- Таңбалар;
- Смайлдар.

Смайлдар интернет қолданушының эмоцияналды күйі жайлы хабар береді, бірақ оны толық мәнді көрсете алмайды. Қазіргі таңда кейбір әлеуметтік желілерде қолданушылардың бір-біріне музыкалды әуен жіберу тенденциясы пайда болады.

Сонымен қоса, үлкен шрифмен жазылған сөздер дауысты көтеріп сөйлеуге жатады (СӨЛЕМ). Осындай дауыс көтеру – агрессияның бар болуын сипаттауы мүмкін.

Виртуальды желіде серіктестер арасында дистанция ұстану мүкін емес. Интернеттегі кеңістік сезімі – субъективті сезім болып табылады.

Қорта келе, компьютерлік технологиялар эмоцияның алуан түрлігін сипаттауға мүмкіндік береді.

- Шриф ерекшелігі (курсив және т.б.);
- Әріп өлшемі;
- Таңбалар;
- Сөйлем түсі;
- Суреттер мен анимациялар.

- Интернет қауымдастықтар:

Интернет қауымдастықтар – референтті топ терминіне синоним болып келеді. Айырмашылы, интернет қауымдастық желідегі топтардың термині болып табылады.

Интернет қауымдастықтар өте көп және олар әр түрлі болып келеді:

1. Реалды қауымдастықтарға жақындығы:

- a) Жабық;
- b) Адамдар саны тұрақты;
- c) Өзіндік нормалар мен ережелер.

2. Желідегі қауымдастықтың қарым-қатынасы:

- a) Қолданушылар саны тұрақты емес;
- b) Анонимділік;
- c) Нормативті бақылаудың болмауы.

В. Нестеров желідегі қарым-қатынастың екі түрін көрсетеді:

«Карнавалды» – әзілге және күлкіге толы қауымдастық. Ол жерде қарым-қатынас театрландырған, жасанды, иронияға толы болады.

Сенімді – қарым-қатынас адамдар арасында «масқасыз» өтеді. Адамдар анонимді қолданушы ретінде емес, өздерінің атынан қарым-қатынасқа түседі.

3. Желідегі роман:

Желідегі қарым-қатынас басқа әлеуметтік қарым-қатынастарға қарағанда жоғары эмоционалды болады. қолданушылар арасында өте жие тығыз қарым-қатынастар құралады. Кейде олар қолданушылар арасындағы симпатияға, достыққа немесе «желідегі романға айналады». Бірақ олар қалай тез басталса, солай тез аяқталады.

Желідегі роман – қолданушының жоғарғы эмоционалды күйі, эйфорияға жақын.

Желідегі махаббат – интернетте кең таралған «аурыдың» бір түрі. Желідегі серіктестің болмауы, адамды күйзетпелі, меланхолиялық күйге әкеледі. Сонымен қоса, агрессивті, қозу күйлері де пайда болуы мүмкін.

Зерттеу жұмысының міндеттері. Зерттеу болжамы анықталған соң, келесі зерттеу міндеттері туындайды:

d) Интернет тәуелділікке шетелдік, Ресейлік, Отандық авторлар еңбектеріне терең теориялық зерттеу жасау;

e) Интернет тәуелділікке әуестенетін балалардың психикалық даму ерекшеліктеріне әсерін қарастыру;

f) Зерттеуге қатысты әдістемелердің кешенін таңдау, эксперименттік талдау жүргізу.

Экспериментке екі таңдау тобы қатысты. эксперименталдық топ 30 адам және бақылау тобы 30 адам. Олардың ішінде интернетке тәуелділігі жоғары қатысушылардың тобы сараптанып алынды.

Кимберли Янг әдістемесі:

Бұл тесті Брэтфорд қаласындағы Питсбургск университетінің психология ғылымының профессоры Кимберли Янг құрастырған. Ол «Желіде ұсталғандар» кітабының авторы, кітап әлем бойынша тез таралып, көптеген тілдерге аударылған, рейтингі жоғары шығармалардың бірі болып табылады.

Тест 20 сұрақтан тұрады. Жауап берудің 5 нұсқасы көрсетілген және жауапқа байланысты балл ұпайлары беріледі:

- Ешқашан немесе өте сирек - 1 балл;
- Кейде - 2 балл;
- Үнемі - 3балл;
- Жие - 4 балл;
- Әр кезде – 5 балл.

Алынған жауаптар ұпайы саналып, интернет тәуелділік дәрежесі анықталады.

20-49 балл. Сіз интернеттің ақылды қолданушысыз. Желіде қалағыныңша уақыт өткізуіңізге болады, себебі, сіз өзіңізді қадағалай аласыз.

50-79 балл. Сізде интернетпен әуестенуге байланысты кейбір мәселелер бар. Егер осы мәселеге қазір назар аудармасаңыз, кейнінен ол сіздің өміріңізді толық қамтуы мүмкін.

80-100 балл. Интернетті қолдану сіздің өміріңізде маңызды мәселер тудырады. Сізге психотерапевтің көмегі қажет.

Әдістің мәтіні 1 қосымшада көрсетілген (80).

Интернет тәуелділік шкаласын анықтайтын А.Жичканың әдістемесі

Анастасия Жичкинаның «Поведение в Интернете» сұрақтамасынан алынған тест. Әдістеме 7 мақұлдаудан тұрады және зерттеуге қатысушы өзінің жүріс-тұрысына сай келетін нұсқаны таңдау керек. Мысалы:

1. Сұрақ:

А. Менің көңілім болмаған немесе зеріккен кезімде мен интернетке кіремін.

В. Көңіл-күйім болмаған кезде мен интернетке кіру қажеттілігін сезінбеймін.

Алынған жауаптар ұпайы саналып, интернет тәуелділік дәрежесі анықталады.

Кілтті: интернет-тәуелділік – мінез-құлықтық тәуелділіктің бір түрі. Ол интернетті кіру туралы жабысқақ ойлармен және субъективті бақылаудың жоғалуымен сипатталды.

«А» нұсқасын таңдау 1 баллмен, «Б» нұсқасы 0 баллмен есептеледі. Норма (таңдау тобы бойынша 175 адам, 15-27 жас аралығындағы): интернет-тәуелді зерттеушілер қатарына шкала бойынша 3 баллдан жоғары алған адамдар жатады. Интернетке тәуелді емес болып шкала бойынша 0 балл алғандар саналды. Қатан түрде айтқанда, интернет тәуелді болып шкала бойынша 6-7 балл алған адамдар саналады. Әдістеменің мәтінің қосымша 2 көрсетілген.

Компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтайтын сұрақтама

Компьютерлік ойындарға құмарлық (ойындарға тәуелділік, лудомания, гемблинг) – компьютерлік ойындар ойнау қажеттілігін психологиялық тұрғыда бағындыра алмайтын, ауыртпалы күй. Ол эмоционалды бұзушылықтар мен депрессивті күйге алып келеді.

Жасөспірімдер арасында өте кең таралған тәуелділіктің бір түрі.


Бұл тест 8 сұрақтан тұрады. Әр сұрақ 3 жауап нұсқасын көрсетеді. Әр «а» жауабына - 3 балл, «b» жауабына – 2 балл, «с» - 1 балл. Нәтижелері:

8-12 балл – сізде тәуелділіктің белгілері жоқ.

13-18 балл – сізде тәуелділік болуы мүмкін немесе тәуелділіктің бастапқы формасы.

19-24 балл – сізде компьютерлік ойындардан тәуелділік бар.

Зерттеу нәтижелерін өңдеу және талдау:



Сурет 1. – Жас мамандардың кәсіби қызметке бейімделуіне интернет тәуелділіктің; Кәсіби қызметте 3 жылдан жоғары маманның интернет тәуелділігі.

Суретте Кимберли Янг әдістемесі бойынша 60 қызыметкер салыстырмалы талдауы. Көрсетілген графикте біз жас мамандардың кәсіби қызметке бейімделуіне интернет тәуелділіктің интернет аддикциясын көрсетілген. 1 және 2 санының көрсеткіштерін салыстыру арқылы, эксперименттік зерттеуге 1 топ алынды.

К.Янг және И.Голдберг 1994 жылы арнайы веб-сайт жасап, онда тест сұрақтарын орналастырады. Зерттеу соңында олар 500-ден астам жауап алады, соның ішінде 400 интернет қолданушылар аддикт критерийіне кірді.

Жас мамандардың интернет тәуелділіктің жүргізілген тест қортындысы бойынша 30 сыналушының ішінде 14 американдық психолог Кимберли Янг ұсынған интернет-аддикт критерийіне сай келеді.

1 Бабаева Ю.Д., Войскунский А.Е., Смылова О.В. – Интернет: тұлғаға әсері. Интернеттегі гуманитарлы зерттеу/ Под ред. А.Е. Войскунского., Москва: Можайск-Терра, 2000, – 11-40, 431 стр.

